



Ерғазы
ЖАЗЫҚБАЕВ

Асъм жар

Ерғазы Сәдуақасұлы
ЖАЗЫҚБАЕВ

Асыл жар

өлеңдер мен поэма

Қараганды -2003

«Жұмыстан шаршап келсөң де, өлеңге жоқ демалыс» - деп шығармашылық табыс тілеген қазақ халқының біртуар ақындары:

Саги Жиенбаев, Еркеш Ибраһим, Жаппар Өмірбекұлына інілік ізетпен ризалық алғысымды білдіремін.

Автор компьютерде теріп, беттеген аяулы ару Гүлмира Орынгазықызына шынайы әкелік алғыс сезімін білдіреді.

Бұл кітапқа ақынның еңбекпен етene араласа жүріп жазған өлеңдерімен поэмасы енді. Инженер-ақын советтік кезеңің аңы шындығын қазқалпында өзіндік тілмен жеткізген деп білу қажет. Махаббатты, табигатты сезім түйсігімен шынайы жырлаған. Мемурлық өлеңдер деуге өбден болады. «Асыл жар» поэмасы қазақ әйелдеріне төн таңғажайып сезім, сенім күшінің құдіретін, еш дабыра қылмай, қыын-қыстау кезеңде адам айтқысыз тірек, әм сүйікті жар бола алатынын өмірмен өзектес етіп жырлаған.

ISBN 9965-613-39-7

**© Жазықбаев Е.С.
Қарағанды к.**



ӨЛЕНДЕР

ҚОҢЫР ТӨБЕ -ЖАЙЛАУЫМ

Занғар құмар өр көніл тыншымады,
Ереуілдеп жыр жүрек шымшылады.
Бұлт оранған тау басы жалаулатты,
Нар тәуекел өрледік, кім шыдады!

Шықтық шыңға, көніл қош жайға жеттік,
Жалаулатқан бұлт арман қайды кеттің?
Төбе көкке бір елі жақын сәт қой,
Жанға рахат ескені самал лептің.

Төңірекке көз салып құмарлы арман,
Беу, паң дала айқара құшақ жайған.
Көз алдыңда күміс су - Нұра өзені,
Жібек шоқы сыйылыш мұнарланған.

Жұпар иіс сай қеулең қолқа керген,
Ойқастайды арқарлар жотада өрген.
Бала базар жуа теріп мая жоннан,
Ерек думан, ауылдан жолай өрген.

Құзар шыңың етегі үш қырлы сай,
Тұбі терен көрінер, кеш құрым жай.
Қатпар-қатпар таастарға жыңғыл өскен,
Шипалы өскін түрі кеп, құсмұрын-дай.

Тау басында желпінтіп, қиялды өктем,
Қоңыр жеддің өбкені, жайлыш-ау беттен.
Бавилонның қажетпе мұнарасы,
Бұл қазаққа тауларды жайлау еткен?!



Таулар, таулар - биіктік, асқақ арман,
 Керіледі сағымдай, шалқар жалған.
 Қандай ғажап Азаттық!
 Тұран жерді,
 Емін-еркін иеленіп, асқарланған!!

1992 жыл
 Қамхар ауылы.

АТОМНАН АРАША

...Адам Асқақ!
 Ақыл естің иесі,
 Жан-дүниенің
 Қасиеті бар киесі!
 Хақ-тағалам!
 Жерді сеніп тапсырды,
 Сонда қалай?
 Іstemейді іс тиесі?!

Атом - Заман!
 Бәрі жалған - ертегі,
 Тозақ жұтқан,
 Мәңгүрт үрпақ - ертеңім.
 Ата-баба!
 Рухы өшіп, жер құшса,
 Құлғе айналған, кімге қажет ертеңің?!

...Жетер енді!
 «Нұрлыизмге» кендерін,
 Кім айтса да, жалған ұран сенбедім,
 Атом - Фасыр! Ұлан-асыр зұламат,
 Істері бұл - кеңестік-құл, пендениң!

Жаратушым!
 От ойнаған Құн-тегім,
 Ғұн үрпағы,
 Асыл-бекзат - Құлтегін!

Бөрлі байрақ желбіреткен, кең далам,
Атом улап, бос қалмақ па - жер тегін?!

- Жерді, улама,
Жоғалтпа адам атыңды,
Жөніңді ойла,
Жан болған соң - жат үнді.
Баба қаны төгілген жер сый бізге,
Тоқтат, Патша?!

Жарма, ажалды Атомды?!

1974

ИНЖЕНЕР АРМАНЫ

О, Муза! Шарқ ұрдым, мен кейін,
Дөп болмай өзімше пішkenім.
Ой кеулең кернеді деңгейін,
Ас батпай у болды ішkenім.

Қисапсыз, қисынсыз тер төгіп,
Мал өсті, көктеді егін жай.
Ләззатсыз жұмысқа ет өліп,
Жыр аңсан таппады көңіл жай.

Құні-тұні жұрсем де бітпеді,
Совхоздың қым-қиғаш жұмысы.
Қинауды жанымды, діттеді,
Алмасып көктем-жаз, күз-қысы.

Мамандық, тұрмыстық қамытты,
Сүйредім ештеңе демейім...
Жыр қысқан сәттерде шабытты,
Қинауды шаң тұтқан көмейім.

Ер еңбек сомдаған санатын,
Жыр есіп үзбеді үмітті.
О, Муза, кеше гөр, жаны ақын,
Бейнетқор инженер жігітті?!!

1972

АЛҒАШҚЫ СЕЗІМНІҢ ТУУЫ

...Өзгеше - балауса қыз, құс есімді,
Күндізгі ой түнде де еске түсетінді.
Ғайыптан туған сезім бойымды алып,
Күн кештім, ажыраттай түс-кешімді.

Ақ арман, ақ періште, аппақ қиял,
Махабbat азапқа сап, жанды ықтияр.
Сүю деген - осы ма, шын, түсінбеймін,
Албырт шақ, түйсік аздау - жарық құяр.

Нәр сезім, бүршігі уыз, бойы балғын,
Суретін өзіме шақ, ойып алдым...
Жол тостым, өтер-ау деп осы арадан.
Мекен ғып тұрар болдым - ойын жардың.

...Ақ тамақ, бұлбұл көмей құсым сері,
Жүргегін жас қыранның түсінбеді.
Махабbat өртегі-аңыз, жырға көшті,
Жұбаныш - көніл құсым, түсімдегі...

Ғашықпын - балауса қыз құсым сері,
Күтуден жалықпаймын түсін мені!!!

1958

Қарақаралы қаласы.

ӨМІРДЕ ЖОҚ ОНДАЙ ЖАН

Өмірге енді, ондай жан... келер-келмес.
Шын ғашықтық құдырыет, сезім өлмес!
Махабbatқа табынған мен бір бейбақ,
«Мың бір түннен» оқыған өртегі емес.

Тосқауыл жоқ жеңетін, сезім құшін,
Ойда ойран болады, өзің түсін,
Тәңір берген жүректі айырбастап,
Қалай алам түк сезбес төзімдісін!

Бас имеген сезімге - қасиетсіз,
 Қас сұлуды көрмеген - «жасың» тексіз.
 Шын ғашық жан - бақытсыз, қосылмайды,
 Тірлік заңы, жұп тапса - қасыретсіз!!!

1966

ҚЫЗ БАЛА

Көзі қара мәлдір-ді,
 Дегенине көндірді.
 Кірпігінен от шашып,
 Қылышымен сөндірді.

Ерні қызыл шиедей,
 Жарасты әсем - киеді-еї.
 Шырын беріп бал тілден,
 Беріліп шын сүйеді-еї.

Бүйра толқын, қос бұрым,
 Алда - арман, тосты күн...
 Жүрек сырын ән етіп,
 Бұлбұл құсқа қосты үнін.

Қызыл гүлдей қыз бала,
 Қөрер көзге, сіз - дана.
 Алдында оның - ой көзсіз,
 Таба алмайсыз сөз-дауа!

Болсандағы сен бір Ер,
 Айтқанына көндірер.
 Қыз қылышын білмесең,
 Қара көзі мәлдірер!

1970

КЕЙБІРЕУЛЕРГЕ НАЗ

Дода түсіп жүргем жоқ, ақыл сынап,
 Қыл көпірге жеткем жоқ, ақыр сынап.



Жырга құмар көңілім өлеңдесе,
Кой-қойлайды “жанашыр” жақынсымақ.

Ақынмын деп кеудемді үрган емен,
Жыр бұлағы ақпайды жылғаменен.
Сал жүректі қыттықтар, сыбыр қарып,
Жапырагы жайқалып түрган емен.

Шаруақор мінезбенен қундер өтіп,
Қалам алам қолыма түнделетіп.
Ақынжанның азабы мың бір батпан,
Маза таппас, ғайыптан үндер жетіп...

Асая Музал! Үстатпас “сымақтыға”,
Жеткізбейді қусаң да шын аптыға.
Құндеңдер жыр туған ақын жанды,
Жауабы жоқ, қойманың сұрақты да?!

Шабыттанса ақын жан, жүрек түлер,
Тұла бойда от ойнап, дүрліктірер.
Қыран құстай шүйлігіп, қанат талып,
Сөз заңғарын саралар, жүректілер!!

1977

ҚҰПИЯ СЫР

Таудай әкей, озғанда дүние салып,
Асыл анам, айтқанды есіне алыш.
Ел жайлаудан көшкенде,
“Абыр-сабыр”,
Мені іздепті екеуі көштен қалып.

Алты қырдан өткенде, қайсаң асып,
Бір-біріне қаралты,
“Қайдаласып?!”
Әкем атты догарып, жайдақ мініп,
Шауыпты артқа, жатпай-ақ айқайласып.

Шауып келсе аптығып, әкем атпен,
Мен жүріппін айналып жер ошақпен.

Үсті-басы күл болған жалғыз ұлын,
Құшыпты ол, қапсыра ер-құшақпен!

Кысыпты да құшаққа қуаныпты,
Ұлды ойнаған қаперсіз құп алыпты.
Ғұмырының жалғасы күл шашқан соң,
Оты өшпес деп, көнілі жұбаныпты.

Аман-есен тапқан соң, баққа теліп,
Ел құлер деп, сақтапты жаққа берік.
Құпия сыр беймәлім естідім мен,
Үй егесі - мүшелді жасқа келіп.

Он үш жаста ой салып, қайран қалдым,
Балғын жігер шыңдайтып,
қайрап-жандым.
Жер ошақтың шоғынан үшқын түсіп,
Жүркте-жыр, алаулас армандағым!

...Жалғыз ұлы жұртта қап, көшіп кеткен
Ата-анама әлі де мен қайрандамын!!!

04.06.1975

TİRİ ЖЕТИМ КӨБЕЙІП ТҮР (Радиодан)

Аңғал көніл, алабұртқан ыстық сезім,
Көлегейлер сананың сақтық көзін.
Жастық жалын, тұла бой бал-бұл жанып,
Қапылыс шақ, аңғартпас істің тезін.

- Дірілдеме сабыр ет, құлын дене,
Мөлдірлікті қомағай құлқын жеме.
Есті алып, сол бір сәтте, сайтан айдал,
Нәпсі жеңіп, құттыrap «құрғыр» дәме.

Сол мезетте, ақыл да адасқақ-ак,
Жаратылыс жасайды, арга қыспақ.
Тоят таптай тоқтамас, бүркіт көзі,
Қоразданған шақ қой бұл, жанып-құшпақ.



Оқыранған сал көнділ, көрсө қызар.
 Тылсым дүние көз құртын «бөксе» бұзар.
 «Күйіп жанған» сөз кеулең, тән балқыған,
 Ойлатпайды-ау болар деп өкініш-зар.

...Қапылыста бұлқынар өркен іште,
 Бәрі өтпелі өмірде, ...өкініш те.
 Тірі жетім - пәк сәби, нағыз ғаріп,
 Ана атанған жан-сұлу, шын періште!!

20.03.83

ЖАНЫМНЫҢ ТЕРЕЦІНЕҢ СЫР АҚТАРДЫМ

Өшірмей тұтанған от шырақтарын,
 Жанымның терецинең сыр ақтардым.
 Құндіз-түн шыбын жаным мұлгір емес,
 Қанымда сыңғыры ойнап бұлақтардың.

Жасынан ғашық едім заңгарларға,
 Заңгардай тұлғаларға - тарландарға,
 Қан тамған жерім менің Қарқаралы,
 Биіктегі тұган ерде арман бар ма?

Арқама аруақ ап Абайынан,
 Арқада сал Мәдише салайын ән.
 Биікке ғарман-шабыт шақырады,
 Жетпесем көрейін өз талайымнан.

Қазақта қасиетті өлең қандай,
 Інсем де көсарынан келем қанбай.
 Бастауы жыр қайнардың кеменгерім,
 Жебей гөр аруағыңмен, кемел Абай!

Өшірмей тұтанған от шырақтарың,
 Жанымның терецинең сыр ақтардым.
 Осынау жыримменен өзектегі,
 Елімнің жүргегінде шуақтармын...

БУЛЫҚҚАН СЕЗІМ

Ерте де, кеш те мазалар,
Алыстан Мұза жақынданап,
Ой бұлты жауса тазарап,
Кеуденің іші ланылдан.

Сәтінде түреп жазбасаң,
Түнде де тұртп түске енер.
Біткен соң іске аз ба сын,
Азаңқа осы түскен ер.

Қинады жанды ой азап,
Сезінген бәрін жүрекпен.
Шабытқа кінә қоя сап,
Шалағай ерді жүдеткен.

Тағдыр да қиқар, шалдуар,
Тірліктің қинар жағдайы,
Жай түссе, кенет ой туар,
Жарқыран күміс маңдайы.

Тұранда шабыт сәт те ерен,
Көкірек күндей, от ойнар.
Қолға алсаң қалам ақберен,
Булаққан сезім атойлар.

Шабыт пен ақын табысқан,
Шалқар нұр жаулап көндін,
Ойлармен асав алысқан,
Армысың, қайран өмірім.

СЕН МЕНИҢ АРМАН ЖЫРЫМ ЕҢ

Толған талай түнімен,
Сен менің арман жырым ең.
Елемей өтіп кеттің-ая,
Бір қарап көздің қырымен.

Жалыны шарлып бір сәттің,
Білмеймін неге дір еттім.

Бәлкім ол елес жастық па?
Түбінде жатқан жүректің.

Күтүмен тірлік өз қамын,
Білменіз ғұмыр озғанын.
Теренде жатқан бүк түсіп,
Сезімді қайдан қоғадым.

Сыр бермей кеткен бұла қыза,
Сол күндер, айтса - жыр-аңыз.
Бас қосқан асау тойларда,
Құдаги және құдамыз.

Киял мен асып сан қырды,
Түссе еске көктем жаңбырлы,
Сол көктем нөсер, жаңбырлы,
Мұңды ойға мені қалдырды.

...Тірлікте жақын сіз десіп,
Жұру де бақыт жүздесіп.
Қамшыдай қысқа ғұмыр бұл,
Оны да өттік біз кешіп.

АСЫЛ ЖАР

Пәк сезім қанды ойнатып,
Жүрекке жетіп демдеген.
Қалмаган сынды бойда түк,
Есімнен тандым мен деген.

Майда сөз қоңыр лебі,
Сиқырлап тартқан білдірмей.
Жібектен жұмсақ білегі,
Сипасаң қалар дірілдей...

Әмменен тауып келісім,
Жұптасқан жүрек лұпілі.
Бір діріл билеп дene ішін,
Бетте - нұр, қанның бұлқілі.

Беймәлім күшиен бір алып,
Құшақтар келіп табысты.

Ішке еніп, белі бұралыш,
Алапат сезім алдысты.

Қайрат қыл, жаным, ал шыда,
Алауға түсті бар денең.
Бар жанин бөлек жан шығар,
Жаныңың нұры жар деген!

ҚОС ҚАРЛЫҒАШ

...Елу сегіздің самалды көктемінде,
Қос қарлығаш жайлады мектебімде.
Кластагы бәріміз балауса едік,
Балапандай талпынған көкте қүнге.

Ерте жеткен самалды сол бір көктем,
Дүбірлеткен дүмпүі жерді де өктем.
Шарды көріп аспаннан мәз боп жүрміз,
Кейінде гой сол шардың қорлығы өткен.

Қайтер дейміз көрсетсе ғалам күшін,
«Бар жаңалық, жетістік адам үшін...».
Әскерилер жасырып келген екен,
Білмеген соң соқырсың, қараңғысың.

Түсі сүйк сезбедік даға таңын,
Ойға да оны алған жоқ бала таным.
Талпындырып ертерек қарлығаш құс,
Неге үшірды жан дәрмен балапанын!

Онжылдықты тамамдал, көніл көкте,
Ойламадық сол сәтте өмірді өтпіе.
Ұрду-дырду, мәз-мейрам алаңсыз шақ,
Бізден басқа жан жоқтай төңіркете.

Қоштасу кеш таң ата аяқталған,
Билей-билей дызылдан аяқ таған.
Хош дестік те жан-жақша кете бардық,
Балапандай мектепте қанатталған.

...Көп жыл өтті арада, үшпай нетем,
Мекендерген мектепті құс кайда екен?

Құрбы қайда, дос қайда, ұстаз қайда,
Қарлығаштар бұл жақта қытай ма екен?

Айнала тау, тоғайдың ішін ала,
Қарқаралым жатыр ғой кіші қала.
Ұлken көл бір шетте жарқырайды,
Қарағайдың тас жарған күшін қара!

Көшелер де сол қалпы өзгермеген,
Көбейніті бейтаныс көз көрмеген.
Бір көшеден бір көшे өткен сайын,
Сұрақтар көп ішімді сөз кернеген.

Ұшқан едік көп түлек бір ұядан,
Құпия көп заман-ды жариядан.
Кепіке дейін қарлығаш кезіктірмей,
Сәлемдесіл, сыр тарттым қариядан.

- Көз ашпаған жарылыс улады елді,
Луа түгіл атомың сауға да енді.
Ұшпақ түгіл бұл жақтан қарлығаштар,
Қарағым-ай, сау сәби тумайды енді.

Жоқ екенин білді ме арашаның,
Құрсінді де тоқтады қара шалым.
Білгенімнің бәрі осы-ақ дегендейін,
Тізе бүкті үстіне алашаның.

Бұл жетпістің желеулі жылдары еді,
Шалдың сөзі қалдырды мұңға мені.
Айрай² салғым келді бір, аттаң салғым,
Бірақ мені онда кім тыңдал еді?

Көзben көрдік отыз жыл сан сынақты,
Жарылысы атомның жаншып жақты.
Құстың өзі құс екеш безген кезде,
Қазақ деген көнтері жан пысаданты.

Саңылау бер, құлірет, санамызға,
Жік түсірме алты Алаш арамызға.
Қара мен ақ ниетті ажыратып,
Түсейік өз жолымыз - сарамызға.

Дабылдаңың дүние құлақ түрсін,
Атом құлін сілкіп жер лақтырсын.

Шаң-тозаңнан уланып болдық білім,
Ел екенін қазақтың жырақ білсін.

Ата қоныс халқым-ау, тірлік жерде,
Онда қалай болмақпыз «күндік» пендे.
Жер үйінші атомды жарғызбайық,
Жеңіс келер, тас түйін бірлікті елге!

1979
Қарқаралы.

ҚЫСҚА ҚОЛ

Көрсетпейін десем де кедейлікті,
Жасауда өмір өзгеше өтейлікті.
Алар жерде ала алмай жалтаң қагыш,
Берер жерде бере алмай діңкем бітті.

Баю жолы былықты көздемеймін,
Өзеге де көз қылыш, өзге деймін.
Көңіл құргыр кей-кейде асып-тасса,
Ар алдында басқаша сөзге ермеймін.

Сән-жиһазға көз құрты аз таласпас,
Байлышқа да құмар коп, аспан астас.
Жардың көңілі желіксе, деймін оған,
«Су тасыса жар асар, талдан аспас».

Жүзді беріп, тірлікте мыңды айдаған,
Кедеймін деп қынжылран мұндауда адам.
Дала пейіл, төрім кең кім келсе де,
Бар мәзірмен, жан-жарым мұңаймаган.

Дастарханда жаюлы байлығым да,
Маңдай терім, табысым - айлығым да.
Қызық-думан үй іші, достар келіп,
Тоқишилің қып жол бермес қайғы-мұнға.

Патша көңіл, ел іші, ер-серімін,
Шаттық қүйде мінемін «жер серігін».
Оңашада не түрлі ойға шомам,
Ақтасам деп ата мен ел сенімін!



Сөйтсе де Жоқ, -
 Қысқа қол жанды аласың,
 Жегедей жеп қажет зат, қадаласың.
 Талайы тас тағдырдың қиганы осы,
 Ризалың қыл - алдында Адал асым!!

1987

АЛҒАШҚЫ ҚАЛАЛЫҚ-ОЙ...

...Тары да бір алаулады таң құтты,
 Үскірік қыс, ызғарлы аяз шаңығтты.
 Бұдақтатып алып мұржа түтінін,
 Жәл бері айдан; Қала халқы шаң жұтты.

Коңызыл түтін түрлі-түсті ністі,
 Бұдақ-будақ, шудаланып үйисты.
 Бара-бара қанат жайған құл-бұлттың,
 Қалды астында тоғыз қабат үй үсті.

Терезден бөлмеге енді көлеңке,
 Көрінбейді білк үйден кең өлке...
 Жетінші қат пәтерімнен көз қылған,
 Ақын жанды еткендей ме келеке.

«Айналаңды тұмналады көк түтін,
 Үшшай қалды, аяз қысып көкке тым.
 Ауыру жан қалай ғана күн көрер,
 Жаны сауға керек болса көп күтім?!

Машинаны түтіндектен «қосшы екен»,
 Өкпе қысып солқылдайды қос шекем.
 Кіл құмырсқа илеуіндей құжыған,
 Абыр-сабыр
 Шаһарлы-кент, осы екен!

Тары да бір манаурады жалқы ымырт,
 Үйді-үйнен қонақтады жалпы жүрт.
 Көк жиекке көк түтіннен көрінбей,
 Күн де батты,
 Нұры құңғірт жалбыр мұрт!!!

08.12.87
 Караганды.

ПАРТИЯЛЫҚ ЭТИКА

Телефон шыр-шыр етті,
Алғашқы күн, қолым дір-дір етті.
 - Алло! Алло!
 - Қал қалай?
 - Құдайға шүкір!
 - Не деп тұрсын?
 Партиялық этиканы
Білмейтін түбің түскір?!
 - Алло, кәне қайта айтты?
 деп ұрысты, қатын-хатын.
 Үндемедік. Құрсіндік.
 Шықпай іштен мұң-шындық.

1983. Ақпапан (партиком)

ПЛЕНУМДА СӨЗ АЛЫП...

Партбюорода, «ығай-сығай» төр үстелде,
Қадалды сұқты көздер, көр түісті ме?
 Пленум шешіміне қарсы пікір,
Түскендей қаһарланды өрт үстіне.

Пленумда өзгеше айту дөрекілік,
Ызбарлы ақылмандар көтерді ілік.
 «Кім өзі, уставқа жат ой айтатын»,
 Таң қалды, төтенше бұл бөгде ірілік».

- Кім алған?
 Партияға қалай өткен?
 Ойы өзге уставқа жат қара бетпен.
 Аңдаусыз кірген кісі, әйтпесе бұл,-
 Сезбей ме, кім мұны осы - адам өткен?!

...Көпшілік іштей риза, дауысы жоқ.
 «Үрит соқ», кей қу-залым, жау іші тоқ.
 Іштей жеп, көзбен атып «кері шешенді»,
 Үшталды қаралайтын қауырсын оқ».

Парт кадр «трофереттен» аспайтұғын,
 Ол артық, кессең басын баспайтұғын.

Алдында уставы бар, нұсқауы бар,
Сөзіне біріншінің⁴ тастай мығым.

...Жалғыздық көтертиеді «қүргір» басты,
Осы сәт апты маған жыр құлашты.
Түсіріп ақ қағазға пікір-наезды,
Газарттым жүректегі ми-ми ласты!!!

1984. 'Райком хатшысы.

ҚЫС ТҮСТІ

...Қыс түсті, індірлете жауа борап,
Әп-сэтте, алай-түлей сонар сорап.
Сары күз, қара сұның адыра қап,
Ұзғырың орнатқандай жаңа торап.

Әдей келгендей-ақ түп жастаңып,
Үскірік «шіппі» алған жын бастаңып,
Үрады терезені алғашқы қар,
Дүлей жел екілеңген тынбас талып.

Ашушаң ел білетін боран бақыр,
Ұрықсыз жер ананы орады ақыр.
Ерсілі-қарсылы жүрген машиналар,
Қар жатқан жолдың үсті сораң-тақыр.

Бұлдырап тым көмекі шырағдалар,
Гүлінен есken желдің құлақ талар.
Атақты желтоқсан ай, қыс мінезді,
Шамданса қасақана тулас та алар.

Қыс түсті, жауа боран, көктен күткен,
Қөрсетіп артық мінез өктем тілтен.
Әр қыстың қызығы бар ел сүйетін,
Алғашқы ақ қары әсем, көктен төккен!

ҚҰЗГІ ТЕРЕЗЕ

..Терезеде тамшы тұр, дірілдеген,
Тұнба судай мөн-мөлдір, іркілдеген,

«Іістық жас па» деп ойлап, үрэйлендім.
Жүрек сыздап іш сырын білдірмеген.

Бүйрек сезіп, мың сақса жүгіртті іліп,
Үрейді алған мазасыз жүрек-тілік.
Қайтқан құстар көз жасы тамды ма екен,
Тұған жерге қимастық, өзек тіліп.

Терезеден көз салып тұрган арман,
Жапырақтай сарғайған мынау жалған.
Бес қабатты үйлердің үсті бозғылт,
Құз-күмісі шашылып қырау шалған.

Түскен қырау, ақ шағыл құм аумаған,
Даңғыр-дұңғыр басылды, жыр ауладан.
Қайтқан қазға қосылып, тырналарға,-
Шөкім бұлттар секілді тыраулаған.

Телміреді әйнектен көңіл үнсіз,
Көз көрікті табиғат, өндір гүлсіз...
Әр мезгілдің десекте сәні бөлек,
Ұға алса ғой түсініп, іштей - тілсіз.

Көз-терезе шынысын тамшы тілген,
Білегіне мырза-күз қамшы ілген.
Құралған ғой тамшыдан теңіз-көлдер,
Кім бар дейсің, мезгілдің жасын білген?!

1982

ЖУСАНДЫ ДАЛА

Жусаны сіңген даланың,
Ауылда өскеи баламын.
Тұрғыны болдым бұл күнде,
Көшесі шаң-шүң қаланың.

Арқаның шолған қияннын,
Жасымнан үшқыр қиялым.
Ұядай тап-тар бөлме мен,
балконға қалай сиямын?

Кешкілік қырдан нұр жаныш,
 Құмартқан жаным жырга аның.
 Сол сәтте көнді сандырыш,
 Ашамын жүрттап үрланып...

Арманғын сайын даламды,
 Аңсаймын алыс ғаламды.
 Шерімді шермен тарқатып,
 Сергітем бой мен санамды.

Жааратпай жүрттың кей ісін.
 Кейісе көнділ, кейісін.
 Сол шақта маган демеу бер,
 Жусанды дала пейішім!!!

22.05.88

АЛДЫМЫЗДА БАҚИ БАР...

Адам өтті...
 Жылап-сықтап жоқтады,
 Онан асқан жақсы кісі жоқ тағы.
 Жаманы жоқ көшкен жапының бақиға,
 Осы дәстүр бүріншілар соқпағы.

Өлді Адам - тоқтаған соң жүрегі,
 Бір отаудың құлап түсті тірері.
 Үрпағы бар, ұлыс аман деседі,
 «Өлі арыстан - тірі тышқан» керегі.

Өлді Адам,
 Өлім ауыр қорқыныш,
 Қайғы азантан азат болды,
 Өл тыныш.
 Аруақ - деп, еске ап жүрер жамағат,
 Тірлігінде жасап кетсе қортышыңды іс!

Күйкі тірлік, бақи барын ойлатнас,
 Өмір күрес, ылғы даңғыл жол жатнас.
 Тұғанынан имандылық іс қылса,
 Адал жандар арына кір жолатнас?!

Білген жаңға, екі дүние жүгі ауыр,
Десек дағы, қиналады жан-бауыр.
Ел аузында сөз қалмақшы аталы,
«Бәленишкең» деп айтатын құллі ауыл!

Өлмек емес,
Аталы сөз егесі!
Қазылышы қаққан алтын шегесі.
Тірлігінде таудай болған Азамат,
Бақида да аласармас төбесі!!!

1992

КӘРІ МЫСЫҚ

...Кәрі мысық жүні үрпіп дүрдиген,
Нұры тайып, көз жанары кіргіген.
Түсі суық, жел өтінде түр жалғыз,
Өкпелетіп бүл шіркінге кім тиген?

Кара мысық көпті көріп қаражған,
Тышқанға еп жоқ, кім береді қазы, наң?
Сері күні салған талај сүреңді,
Соны ойласа іші үдай ашыған.

..Екі жастау,
Бір мысық пен бір мысық,
Алаңжайда ойнақ салған тырмысып.
Кәрі тарлан қарай-қарай еріксіз,
Кетті көзден сорасы ағып, жасы ырынып.

Куат кеткен екі бүйр қабысып,
Аш қарыны қабырғага жабысып.
Жалынышты көз сатып түр әркімге,
Әлсін-әлсін мияулайды қаны ысып.

Жас ұлғайса, ғұмыр өстіп тозады.
Төзса болды дәурен бастан озады.
Кәрілікке дауа бар ма, әзірге,
Осы болды екі дүние тозагы!!!

6.02.91

ҚАРА ҚҰШІК

Тектен текке ұрмеші, қара қүшік,
Жүрек қысып кетеді, зәрем ұшып.
Секемі көп қу көзіл шошынады,
Тағы біреу жүрме деп, “тілі қышын”...

Амалың да жоқ шығар байлағансын,
Шыға алмайсың тартынып, айнала сым.
Ит баласы, иттікті қоя түршы,
Адам азба, үретін абалап шын.

Ел жүйкесін тоздырган үркіменен,
Ертеңіне сене алмай қүцкілдеген...
“Халық жауы” - атанды қайран Ерлер,
Қызыл дәүір, құзымыры тіл құрмеген.

Қызыл қырғын өтті гой, кіл дүбелен,

Қысым аз ба, бодан бол ел көрмеген.

Айтпайын-ақ десем де, сол зұлматтың,

Соры сіңген ішінді - күйдірді өлең!

Оны қайдан сезбексің, шауілдегім,
Өткен есте, кешкен күн ауыр елдің.

Дербес елміз! Зор қуаныш келеді енді,

Мойындастып - әлемге, дәүірлегім!

Жүріп көрші, сайран сап күресінде,

Бас бостандық қадірін білесің де,

Қайта айналып, қарғы-бау тақдың келмес,

Осыны ұғып, ұстаса құп - ел есінде?!!

Сабыр, текке ұрмеші, қара қүшік.

Жуындыға мәсің-ау, жалап-ішіп...

Сен түтілі тоғанын көтере алмай,

Сөзге тоқтап, бола алмас - Адам кішік!!!

11.04.96

ҮНДЕМЕС
(псықайға)

...Көрінбейді, беймәлім кең өлкеде,
Тұрар дайім “үн демес” көлеңкеде.

Арпалысып арыстар алқынгана,
Бой көрсетер тек сонда “әлең-көде”.

“Дайын асқа - тік қасық”, сыр айтар ма,
Сырын ашса талайды мұдайтар да.
Тыраптанып тер төккен қалыс қалып,
Ұтымды шақ үндемес мінер тайға!

Үн шығарар ол енді, өктем өзге,
Танымастай айналар бөтен көзге.
Жақынсаймақ жиып ап, жағымпазды,
Машықтанған бүқпантай “шебер” сөзге.

Денгейінен аспайтын кеңесші алар,
(Пайдалыға өзің біл деп, көне салар).
Көзге елеусіз халықта “өре” құрып,
Қылышы жоқ, шын айтса көнділ қалар.

Бүгінде оның жансызы, інекері бар,
Бәрі меншік, өз еркі көтеріп ал.
Қаруланған екінің бірі “батыр”,
Таяқ жеп жүр, қайыспас өткелден нар.

Қажет емес, ақылың тәңгеліге,
Құрмет те көп, жұмыс бар сенгеніне.
Көшілік жүр қиналып арам тер бол,
Пұл ала алмай тиісті еңбегіне.

...Көр көзімен қараій ма сүм замана,
“Из” тұран өз балаң, шын-жаңа ма.
Жалпы халық құйзелді, сонда қалай,
Үндемес қу қаласа қар жана ма?!

1996

БАЛАЛЫҚ, ӘМ ДАНАЛЫҚ

...Өнерді байқап баладан,
Көңілге қош қыл ұлғі істен.
Аярлық қылған «данадан»
Балалық ойдың нұры үстем!

Қария айтпас ақыл бар,
Сөзінде ойын баласы.
Ұтымды тауып нақылдар,
Ойда жоқ сәтте, қараашы?!

Қақнақыл сөзге - мәз бала,
Ойынға тоймас көңілді.
Бал тілден шыққан сөз дана,
Ыңылас қойсаң, көбі үлгі.

Балалық мөлдір мезетке,
Ташпайсың тенеу, жер-көктен.
Тектіден шығар десек те.
Шын талант туар - жөргектен!!!

05.05.94

БҮҚАР БАБА

(325-жылдық тойына арналған)

...Сырдан өтіп,
Көш түзеген Арқага,
Қауым ел кеп,
Коныс тепті Далбага.
Сарыарқа мен ұрпақ үшін,
келешек,-
Халқың жайлы, сан тоғандың,
Жан баба!
Ата жауың мазаңды алғып,
Жан Баба,
Араластың
Ел ісіне, дауга да.
Зерделі жыр, өткір тілмен
ескерттің,
Қаһар төккен, ызбары өктем,
Ханға да!
...Дербес еліміз
Жиылды ұрпақ басыңа,
Кесене сап,
Атыңды ойды тасына.
Тәжім етің,

Алты алаштың баласы,
 Төрткүл дүние,
 Келді жырау асыңа!
 Бұқар баба!
 Азат халқың «Тұран»-дағ.
 Жыр байрагын
 Көтерді елің ұрандан,
 Қапас көрді,
 Нұрга бөлең, Аруақ!
 Ризамысың,
 Түсің, кәне, бір аунаң!?

...Сөгіл жердің
 Тоң бол қатқан қыртысы.
 Бабамыздың -
 Елес берсін нұр түсі.
 Ел құрметі:
 Жыр-мұшәйра, бәйгесі,
 Ас мәзірі,
 Ата дәстүр - жыртысы!!!
 Даалба тауды тамылжытып
 Күн түрді,
 Думанды елге
 Бақыт қонды, нұр тұнды.
 «Тірлік кілті -бірлік», - деп ең,
 Үш ғасыр,
 Ескерт тағы!
 Азат болған жұртыңды?!

Тәуба етейін,
 Қобалжимын бір түрлі,
 Қолда Аруақ!
 Кеудеме кеп жыр тұнды!!!!

20.08.98

ӨМІР ӨЗЕҢ...

...Өмір өзен, ілестім ағысына,
 Еліктедім замана тазысына.
 Үлесім бар елеулі ел ісінде,
 Жыр құсы әни
 Жүректің бағын сына?!

Тағдырыма тап келіп жол айырық,
 Инженер дең жазылған
 Қолда - бұйырық!
 Асай Мұза! Ішімде жыр-жыр қайнап,
 Қамыт киген адамда, болмайды ырық.

«Нұрлы идея» арбады,
 Қолдан тастым,
 Әмір-әзен тасқынды, қорғанбас кім.
 «Бар жазмыштан озмыш жоқ»
 инженер бол,
 Ер еңбекке, өрліккен қадам бастым.

Шыңға шықтым еңбекпен, одан да астым.
 (Сыр сандығын көңілдің, толған - аштым).
 «Нұрлы измді» қуа-қуа, зейнеткер бол,
 Тесік өкіле, солырғын зорға бастым.

Жерге тимей зарын ғып, жар құлағым,
 Өткен іске, қана бол тарығамын.
 Өзі алпауыт,
 Мен кіммін партияга.
 Жыр қылуға «кей ісін» ар қыламын.

...Жырға құмар көңілім, әнге әуесті,
 Ой маржанын термеледеу, сәнгे еместі,
 Даналық пен гибрат сөз, тамшы қылыш,
 Қоссам деймін, жыр көшіне мен де үлесті.

- Жансыза сүйіп мен бір күн,
 Бой алармын,
 Құлыптастың маңдайын аялар күн...
 Жаспен қоса, жан айқай шыгармай-ақ,
 Жыр оқыңдар,
 Бәлкім мен, Оянармын?!

МЫҢ ҚАРАГАЙ МҮҢҮ НЕМЕСЕ БАЗЫНА

«Бесоба» елді мененіндегі Ақтөбе тауының көйнәулиңдә
«Мыңқаралық» деген атағатын осем жер бар.
Сол тау бойтеренің қаралайшары құрып бітуге анылды.

Е.С.

...Сүкімді болапандай бол қаралай,
Бұла ескен емін-еркін жан қарамай,
Айтатын өткен-кеткен таң қалысып,
Бұл төбай өсті ескен деген мұнда қалай?²

Күлпірган масатыдай мың қаралай,
Бұл күнде қайты басқан мұн таралай.
Бір көптің қызығы үшін жалаңдатқан,
«Көзіздің» баласынан бұлтара алмай.

Жан-жасыл тірлік үшін, жасын кепін,
Кайыспай құзға да ескен, тасын тесін.
Не қайран қылар оскін, жетесіздер,
Қырсының тамырынан жатса кесін.

Қаралай дала сөні, баудың көріп,
Күндізді Қарқаралы - таудың беріп.
Не болған шіркіндер-ау, ойланудары,
Емес не, табиғаттың - адам да еркі?

...Атынаң мен өтімен келер үрнақ,
Қалмады қазынадан нелер жүрнақ.
Өскінеге әмбекор болып қориықыны,
Қаралай жер құты бол маңті тұрнақ.

Өксітер не қасірет өзекті өртер,
Өскінсіз жер-ананың жемі тертер.
Қалғанды қараашықтай сағтисақ біз,
Күнән кепірлімес жеңілдер!

Баріде!
Тутандарым, жерлестерім!!!
Шыриша сән, қайта айналған келмес керім.
Корғайың бар «өскінді гүмір үшін,
Даурығын, шығасын күр,
...Енді естерің?!

...ЭТТЕГЕН

Аярга қалсам алданып,
Сиңбестей болам ешкімге.
Жүйкені жеген жанды алып,
Жетпейді ауду кешкіге.

Ақ таңдай нұрлы наз-арман,
Тербетер қиял өзгеше.
Кірбің жоқ ойда, тазарған.
Тамшыға толған көз кеше.

Алдамшы, аяр етті егіз,
Жылымип ішке енгіш-ақ.
Тафтқан соң түпкі, тек-негіз,
Адал жан-аңғал, сенгіш-ақ.

...Келеді тағы қиналып,
Кіргенін айтып, енді есін.
Сертіне айтқан иланып,
Құдікті ойды женесің.

Сәтіне желі оң тұрып,
Салымды ауыз «ап» деген.
Өтпей-ақ аз күн, санды ұрып,
Күн туар күйіп «қап!» - деген.
Шындыққа ешкім жетпеген,
Мазалап тұрап... Эттеген!!!

1.04.95

ӘЛҚИССА (1)

...Әу баста сүм әзәзіл періште еді,
Тәмірдің тезіменен келіспеді.
Бұзды да Адам-Ата - һая-ананаы,
Бездіріп жіберді ғой періштені.

Серік Ақсұттарұлы.

... Адам баласы әзәзілге қарынадар.
E.C.

Екі жүрек үғынса, келіскендік,
Келісумен іс болды өрістерлік.
Құлай сүйсе адал жар-дүниелік,
Шын гашықтың тірлікте - періштелік!

Көргенінен көп болса, көрмегені,
Періштелер қайтеді... «көр» немені?
Адам-haya жөніндег әзәзілдің,
Дұрыс болған Тәңірге көнбекені!

Әзәзілдің ұлы ісі - түсінгендік,
Түсінумен тыйымның қүшін жендік.
Адам Ата - haya Ана табысқаны,
Махаббаттың жемісі... Жеңіс - теңдік!

Бой балқытса жақындаш жар құшары,
Именшекті тәңірі тағы ұрасады...
Бұлқынды іште бір өмір haya-Ананың,
Емшегі иш, кеңіді тар құрсағы.

Өмірге енді ішгелап, Адам-бала,
Келді артынан сүйкімді haya-бала,
Жер ересі осылай үрнақ өсті,
Ақыл-ойлы, екі көздің жауын ала!

Жер ақары көркем гой Адамменен,
“Құнәхар” - деп қорқады ғалам неден?
Құн мен Айда хош көріп, нұр құяды,
Қасиетті гой бұл адам - санаменен!

Құдірет құш - Тәңірлік,
Ғажап таным!
Адамға - ақыл, жерге - нұр таратқаның.
Әзәзілдің кеше гөр еркелігін,
Ол да өзіндің төл тумаң - Жаратқаным?!!

ӘЛҚИССА (II)

...Жаратылыс ғажап, алыш Адамзат,
Жаратуны саған мадақ жарасат.
Болжам, өлшем бір Тәңірге ылайық,
Жер-жаянға сен ізdedің - Азамат!!

Азamat деп мұсіндең Адамды,
 (Бұл алғашқы десек болар қадамды).
 Әр жалғыздың жары Құдай болғанмен,
 Жалғыздықтың тауқыметі жаман-ды.

Гүлзар құмар, жұтар жұнар ауаны,
 Ер адамға, табар көңіл дауаны,
 Пәк періште мұсіндең жар асыл,
 Ұрпақ үшін Тәңір нұрлы науаны!

Тірлік ғажап, ынтызарлық тартылыс,
 Тәбет шапса, қызыл алма жарты ырыс.
 Табиғат пен Тәңір бірге қолдаса,
 Болмақ емес махаббатта артық іс!

Бөле жеген құмар дәмді тауысып,
 Нәзік сезім бойдан бойға ауысып.
 Ғашық оты алаулаган есті алып,
 Адам - haya! Тіл табысты қауышып!

О, Махаббат, құдірет күш Тәңірден,
 Тағзым - адам, артық кетпе әмірден.
 Бар ғаламды адамзатқа сый етіп,
 Кенеңсін деп, тілек еткен - әм, ірген!!

...Екі етілмес, екі дүниелік әмірің,
 ...Барлық мадақ, саған ылайық - Тәңірім!!!

ТЫҒЫРЫҚ (Күйінү)

...Беймаза жан қүйіп-піскен үдайы,
 Тірліктің көп тұнбасынан лайы.
 Бостан алған босқын халық не қылмақ,
 Қолдамаса бодан елдің құдайы?!

Тығырыққа тірледі ел шыға алмай,
 Атқамінер азаматты үға алмай.
 Дағдарыс шақ, «білікті ерлер» жол бастап,
 «Көсемдер» тек ұрандаиды біріңгай.

- Қандай бақыт!
 Жер байлығы елге енші,
 Құтты қадам,
 Жол таппадық ұлкенше.
 Бұзып-сатып «белсенділер» ерледі,
 Соңына еріп,
 «Бір кешенің - мың кеше».

Дербес елміз!
 Бос орын жоқ.
 Басшы бар.
 Қай-қайлардан өнеге алып, .
 Аңылар.
 «Жеті жарғы» - Ата жолын ежермей,
 Бұл шіркіндер
 Шын өркенге қас шығар.

Сөнді жарық
 Тоқтады бар өндіріс.
 Өндіріссіз болмақ қалай жөн кіріс.
 Ал, ауылды ауызға алсаң,
 Кекірек,
 Қақ айырылып,
 Інте ойран төңкеріс!

Тарады ұжым...
 Іс соңында - сөз алда.
 Босты халық,
 Қаланы алып назарға.
 Өлмес тірлік кешу үшін бір күндік,
 Үлкен-кіші үймеледі базарға.

Бәрі осында, колхозшы да, ғалым да.
 Алаяқ та, саудагер мен залым да.
 Мамандар кеп деңгейі өсті сауданың,
 Мұғалімнің, дәргері бар жанында,
 «Кожайынға» көбейді өсіп алым да...

...Келенсіз іс, ақтау танты нарықпен,
 Қыс та түсті «ақылдаспай» халықпен.
 Аңырады көп қабатты зәулім үй,
 Жылу жетпей қуаты әлсіз жарықпен.

...Түкті кілем, тұсті киіз өрнектеп,
Жиган жиһаз ғұмыр бойы тірнектеп,
бәрі-бәрі: -

Түкке тұрмас отырсаң, -
Қаранды жер,
Суық үйде дірдектен.

Шаһар халқы, тезек теріп көрмеген,
Көрген олар жер ошақты көрмеден.
Мәңгі алауга - шай қайнаттық
Рас екен!
Аталы сөз «не көрмейді өлмеген?»

- Бодан болған ерікті елім, -
Жосым.
Көшпендер көшсін дейме, -
Косына.
Үйіп тұрған: неге іріді - шаруа?
«Құл жиналып, бас болмайды» -
Осы ма?

Шұғыл шара, көрмей кетсек ұдайы,
Тua қоймас, өздігінен құт-айы.
Әлі үмітті, өлеммен ел төзімді,
Жыртық үйдің бір қолдар деп
Құдайы!!!

...Барлық кемшін - үйімдастыруда-ау осы,
Барлық ишшім,
Басқаруда-ау сыңайы!!!

1995-96

ЕСКІ ҮМІТТІ ЖАЛҒАЙЫН

Ескі үмітпен жапырақтай сарғайып,
Бос қиялмен өтті ғұмыр қартайып.
«Ұлы измін» қуып елес, сағымын,
Қырда ертең, жатам қалай жантайып?!

Қагидасын озық жоққа шыгарман,
Қалың жүртпен оған жету, құр арман.

Көпкө бірдей, сана беру сандырақ,
Фәни жалған, жоқ пен бардан құралған.

Жақсы-жаман, бәрі-көрі қайшылық,
Көн ішінен тұрар ара, бай шығып.
Тең саналы адамда да озық бар,
Жалпы жүртты тең өсіру жайшылық.

Өтті күндер, «ұлы ұран» дәурені,
Түсініксіз салды көпкө әурені.
«Партия» айтты-болды, жоқ қарсы, -
Керек қылған, өзі болған «дәу» нені?

Өсіп, өрлеу хақ-патшаға қатысты,
(Қаруланды ол, ойлады тек атысты)
«Нұрлы изм» шіріді де, құлады, -
Істеген соң, өзі халқына жат істі.

...Дербес елміз, бостан өмір-жарықты,
Таразы тең, құи өлшемі - нарықты.
Жетіпс жылдай бөлінгенді бөле жеп,
Үйренген ел, тапқанын ап тарықты.

Әу, баста біз! Жетістікті ескермей,
Не қажетті, кемшін істі тексермей,
Әзге ариға бұра салдық халықты,
Жаңалықты үйренбедік, түске ермей!

Кай ғұмырдың, қайнар көзі ауыл гой,
Бүгінде ауыл, ыдырыды «жауыр» бой...
Ақ айрандай үйіп тұрган ұжымды,
Кім ірітті қымыранды?! Ауыр ой...

Ауыл қауым, келешегім - молшылық,
Шежірелі ел, тіл қаймақта жоқ шылық.
Жер байлығын, өндірісті - Нанға сал!
Нан мол болса, елде риза тоқынылық!

Ойым осы, ескі үмітті жалғадым,
Ер - еңбекпен бас демекпін, алға адым.
Не қылсаң да, халық қамын ойла деп,
Жаңа үмітті ертеңіме ариадым!!!

Құдайға шүкір! қойсын халқым қайғыны
Жеткілікті, жер қоймандың байлығы?!

1998

ЖҰМАҚ ЖЕРДЕ...

...Бұл замана ағымы да алымды,
Қайырсызы жегідей жер жанымды.
Өресі үлкен, өрен ерін жүрсе де,
Қайғы шерсіз жей алмаймын нанымды.

Жаным қалай, орнығып жай таба алар,
Бос қап жатса, қубі қаңсыш сабалар.
Кешіре ме, айтыңдаршы далада,
Құмырсқадай қой өргізген бабалар?!

Ер қанаты - ер тоқымды ат болар,
Деген өсiet, жазып кеткен хатқа олар.
Жеті атасын жетік білмей, жарты өссе,
«Мәңгүрт» - дейтін, бір ата ма нақ солар?

Көңіл толып, жаным қайтсе жай табар,
Иландырыш, кім бар соны айта алар?
Жер қойнауы қазыналы қат-қабат,
Жарты әлемге, жетер байлық қайда бар?!

Бұл мақтан жер Сары арқа мен Атырау,
Түгі бидай, түбі мұнай бақ жыр-ay,
Тұнған байлық Өр Алтай мен Алатау,
Тер төгілсе жарқырауға шақ түр-ay.
Жұмақ жерді саралаған бағалап,
Асан-қайты Әм Әулие - Батыр-ay!!!

1996

ҒҰМЫРНАМА

«Бір ғұмыр - қысқа, бұл жұмыр басқа...»

Жылым жылан, Торлақ текті тағдырым,
Жаратылыс ойға қүйған таң нұрын.



Бәлкім соナン ақ көңілім елпілдеп.
Жүрек талмай бұлкілдейді тамырым.

Жайлайға өрін, беттегенде аң бұла,
Маусым айда атпай жатып таң құла.
Сорыс өрті басталыпты батыстан,
Дүниені дүрліктіріп таң қыла...

Сорыс өрті өшті, өлді сан адам,
Оны дағы жан жоқ дұрыс санаған.
Қанша қырышын жер жастанды, о, жалған,
Зары кеппес, мұңы тұнған санаған.

Жас шағымнан домбыра әнге шаттандым.
Болды өзімдік, тілге жеңіл жаттандым.
Өмір - сапар, өріне мен, бірақ,
Ақын емес, инженер бол аттандым.

Бойға біткен толқулы ой тенізім,
Суыртиңтаң қоймайды еken негізін.
Түске де еніп, қысылтаяң шақтарда,
Жебел жүрер, осы өлең-жың егізім.

Ғұмыр жетсе, қысы көптеу жазынан,
Ой түбінде жатыр асыл қазынам.
Қүндіз-түні мазамды ап ой салған,
Жетсе деймін үрпақтарға базынам.

ТУҒАН ЖЕР

Тұған жер!
Құланыңмын дала кезген,
Ерке өскен, бұланыңмын бала кезден.
Көкейде тұнып жатқан қайғы мұдым,
Сырым бар, белгілі ғой онан өзгем.

Тұған жер!
Топырағында арда тұған, -
мен балаң, қиял құшып, арман қуран.
Музага, сырлы сырды айту үшін,
Ақтардым сөз қоймасын, ойда тұнған.

Тұған жер!
Нұра басы мөлдір бұлақ,
Балаңды талқыға сап көрдің сынап.
Жыландаій ирек-ирек жол кезігіп,
Әкетті торпақ-тағдыр елден жырақ.

Тұған жер!
Кіндігімді түйген жерім,
Ындынмен тау-тасынды сүйдім-керім.
Қандырыш көз құмарын қызғалдақша,
Ең алғаш, қыз-сезімге... тиғен ерін.

Тұған жер!
Кіндік қанды жуған әби,
Мен деп біл қыран қанаң үшқан сәби.
Өзінді бауырыма ап жеткен күні,
Мен - сендей!
Нұр бейненде құшам нәби!!!

1970

САРДАР ҰСТА

Әбдікен Жақынбайұлы
1916 жылғы көтеріліске қатысқан.

...Жүрт дүрліккен...
Он алтыншы жыл енді,
Онсызда ел, қан-қыспағта жүр еді.
Ақ патшаның “әскерге алу” жарлығы,
Ата-ананың отқа салды жүргегін.

Қайран барма, бодан елде, әл біткен,
Аналардан жылай-жылай әр кеткен.
Осы шақта семсер соғыш, оқ жонып,
Қайсаң ұста көз ілменті Әбдікен!

Тау қойнауын кеулей өрлең жаңғырың,
Иен далада тасыр-тұсыр “таң қылың”:
- Мұның қалай дегендерге, сабырлы,
“Бес қарауды тағамын дер, сай қылың”.

Желдей гулеп, жер-жердегі сұыс үн,
Намысты ерге, сынақ болар туды күн.
Көтерілді Ер, ту кетерді Торгайда,
Осы дағбырт, ойдың ашты түндігін.

Ұста жігіт, намыс-арлы жасынан,
Кек алмаққа ақ патшадан басынған,
Тор биесін ертеп мініп, аттанды,
Нагыз сардар, бес қаруын асынған.

Туган-туыс, қала берді жыласып,
Қариялар барды ілесіп, қыр асып.
Келіп жатты түрлі-түрлі хабарлар,
Ел батыры, оралды аман жыл асып.

Сақал-мұрты өскен әбден, жұдеген,
Тор биеде жарау аттай тұлеген.
Нагыз батыр, асынғаны алты атар,
Өзі қату, қас-қабагы түнерген.

Жыл өтпей-ақ дүрліктірді төңкөріс,
Біліп болмас үранды-шу, оң-теріс...
Ақ патша жоқ, қызыл келді құзырлы,
Көшпенді елге қиындағы күнкөріс.

Қызыл дәуір, төңкөрісшіл ту ұстап,
Байлықты ортақ ұстаймыз деп уыстан,
Малсыз қалған, қайран қазақ шұбырды,
Аранды аштық; тірлік қалай туыспақ?

Қызыл қырги; елім деген арысты,
Тіміскілен, жала жауып жанышты.
Қайран Ерлер “халық жауы” аттанып,
Азапталды... сорақысы-қан ішті...

Азап аздай, соғыс шықты батыстан,
Қан төгіске, бүкіл әлем қатысқан.
Көлпен бірге Отан үшін шайқасып,
Шебер ұста, қайтты аман атыстан.

Қас жауынгер, тұтатты отын ұстаның,
Ісмерлігі, ұзартты қолын қысқаның.



Ауыл көркін, ұста-дүкен жасартты.
Қызды еңбек, жасап жазда қыс қамын.

Бейбіт күнде, жер дүмпүі басталды,
(Оны ғажап... ғұламалар басқарды)
Сарыарқаның омыртқасын омырып,
Үрпақты улап, аласартты асқарды.

“Атом” деген, ақырзаман шашты уын,
Гүл даланың бүйра белін басты құм.
Көмпіс ұста “қыл тاماқтан” көз жұмды,
Сездірместен ішкі дертін, аштығын!

1974

БЕСІК

Жасаған тал-агаштан қиыстырып,
Өнерін қас шеберлер жиыстырып.
Сәбиге үйқы үйрер маужыратып,
Анаға, әм ыңғайлы, сый іс қылыш.

Тал бесік, әсем үнді шиқылыш бар,
Бөлеген жайлыш төсек, сиқырлы бал.
Тербетер әлди әнмен балбыратыш,
Төрт бөлген түн үйқысын сүйкімді жар.

Тербеткен әлди әнмен бесік жыры,
Самал леп айдарынан ескен жылыш.
Сәбиге ұзақ таңға үйқы үйріп,
Оянар себелесе таңның нұры!

07.04.1970

ЖАН ДҮРСІЛІ БАСТАЛДЫ

Балаң жүрек сыр ашуға жасқанаар,
Айнала мәз, құрбы-құрдас, басқалар.
Оны көрсем, тіл құрмеліп бір түрлі,
Жүрек қысып, жан дүрсілі басталар.

Жан дүрсілін мен баса алмай аптығып,
Тұранымда ол өтеді шат құліп.
Қыз қылышы, ер жүректі не қылды,
Сүюде ерлік... керек бәлкім қаттылық?!

Қайда кеткен, менің қайсаρ өздігім,
Кім тіреген көмейіме кездігін?
Тіл тұтығып, үнім кетті құрдымға,
“Сүйер дейсің” - деп қайраймын, езді кім?

Сөйтемін де оңашада жыр жазып,
Ұтымды сөз үйремін тілге азық,
Батылданып жол тосуға шығамын,
Оны көріп, байланамын бір қазық.

Көргеніме, көз құмарым қанады,
Ішімде от, алай-түлей жанады.
Сәлемдесіп етіп бара жатып ол,
Құнде не гып тұрады деп, қарады...

Мен бір гарып, ғашық - мылқау тіл жұтқан,
Жан болсайшы көзбен көріп мұнды үқсан.
Десем-дағы, таба алмаймын одан мін,
Мінсіз болар жан баласы - пір тұтқан!

Ол бар дүние, қандай ғажап сәулетті,
Ет-жүрекке жыр-жырлатып әуре етті.
Балғын жанды боз балағып, есейтіп,
Сый етті асыл - маҳаббатты - ән дерт!!!

1960

БІР БЕЙНЕ

Бұл көктемнің көлкіп жатқан кезі еді,
Қиял - ойым шарықтайды кезеді
Қөнділ неге өрпікшиді қобалжып,
Алғыр жүрек әлде нені сезеді.

Менің еркін жүрген шағым - бұлалық.
Жуасыздым түскен сәттен бүғалық.

Көз алдында тұрып алды, бір бейне,
Бағындырып әміріне құба-құп!

Кетпе жарқын көз алдынан бір бейне,
Махаббаты екі жастың бірдей ме?
Онда неге, өзім жалғыз күрсінем,
Қызы жүргегі ғашық дерпті білмей ме?!

1966

...ШІҢ БІЛСИН

Ай көзді, жұлдыз менді мақпал тұнде,
Сыбырлап құлағыңа қатқан ұнде,
Керемет бір құпия бар сияқты,
Жүректің лұпілімен жеткен тілде.

Тілдескен қандай ләззат сыбырласып,
Сезінген жан-дүниецмен жыбырласып.
Аузынан шыққан лебі бойынды алып,
Балқытқан ыстық құшақ құмарды ашып.

Тұқ сеәбес балқыған жан есі кетіп,
Қайрансыз нағсі жеңдер әлсіретіп.
Адамның бар мүшесін жалаңалтап,
Адам Ата - haya анадай әсер етіп!

Күн мен Ай қосылғандай аспандағы,
Жоғалған жер мен көктің баспаңдағы.
Табиғат махаббатпен бір тұтас-ау,
Меніреу бар дүние ...тас қараңғы...

Тірлік заңы осылай,
Ішің білсін алу-ай!!!

1969

МАХАББАТ - ЖАСТЫҚ КҮЙІН ҰҚ

Махаббат - жастық күйін ұқ,
Алауга түсті - не қылмақ?

Маза жоқ жанда - күйініп,
Көңілге мұнды, жыр тұнбақ!

Гашықтық - балаң, тіл байлау,
Пәк сезім туды ұялшақ.
Хат жазып айтса ыңғайлыш-ау,
Жасырын сырды ұрыншақ.

Балауса көңіл күдікті,
Сөз салу қызға жыр-хатпен.
Жауапсыз үзсе үмітті,
Іш құса, тең ғой сырқатпен.

Күйеді-ау ішің, бет жанып,
Безерің анық, ел-жүрттан.
Құрбыдан бөлек шет қалып,
Пыш-пыштар қыздар... тек сырттан.

Жүрек пен жаның күйініп,
Еркіндік - қалған еркелік.
Періште тұтып, сүйініп,
Пәк сезім етпес ертелік?!!

Махаббат - жастық күйін үқ!!!

1959

КЕУДЕМДЕ СЕРІ ЖҮРЕК БАР

Махаббат - жастық дерті екен,
Тұла бой жанды, өрті өктем.
Алауға тұсті, іш күйді,
Су сепші құсым, нұр төккен!!!

Балаң дал күндер жай қалып,
Бұлбұл тіл оқыс байланып.
Адасты жүрек шыға алмай,
Ормандай ойдан айналып.

Кінәлі жүрек, көрер көз,
Айта алмай қапа бірер сөз
Іш құса қылды гашық дерт,
Ауырған жандар білерсіз.



Жырыны құс келіп салды үя,
 Жүрекке жүрген шалқия
 Алғашқы қоңыс сәтімен,
 Берілдім менде жан қия.

Ғашықтың - балаң дерт екен,
 Демеймін оны, ерте екен.
 Кеудемде сері жүрек бар,
 Эмірге құлдың! Серт етем!!!

1958-59

ЖҮРЕКПЕН СЫРЛАСУ

Балапан құс;
 Мен едім бала ғашың,
 Жас жүргегім ұстамсыз ала қашын,
 Қыбын тапнай жүргенде сырласудың,
 Құндер өтіп кетіпті... ара қашың.

Арамызда Алатау мұз аптаған,
 Жатыр жазың бетпақтай міз бақнаган.
 Жылдар жылжып,
 жазмынтан айрыңа жол,
 Тағдыр қияс қақнайлан түзақтаған.

Өмір жолы ирелең, даңғылы аздау,
 Махаббатқа тән қасиет жұбын жазбау.
 Ер жігіттің парызы болар бәлкім,
 Ғашықтың отына жаныш маздау.

Ғұмыр деген өтпелі, жүрдек дөнен,
 Еңбек жолы әкетер жетекпенен.
 Өткен күнге өкініш жүрмес болар,
 Сырласамын жыршы құс-жүрекпенен!

1966

ӨТКІНШІ ЖАУЫН

Жауының бұлты түюлі,
 Жіберді жайып шантарын.

“Шұғыла” тарақ оюлы,
Тамшының қосты бастарын.

Тамшылар мөлдір секірген,
Тамаша, сәнді тырсылы.
Желкілдеп есіп жетілген,
Дәнниң де қанды сусыны!

04.10.1973

СЕН ДЕГЕНДЕ

Кос бүрымың төгілген мың бұралып,
Бота көздер мөлдіреп тұрады анық.
Сөйлеген сөз мәнерлі, бәрі сәнді,
Әппақ бетің қызыарар бал-бұл жаныш.

Көптің бірі сен едің, менде сондай,
Ойнап-күліп жүруші ек, кенде болмай.
Жанарапынан шоқ түсіп-жүрегіме,
Ынтызарлық күш алыш, енді-ау онбай.

Торға түсті жүрегім құс сияқты,
Өңімдегі бар ісім тұс сияқты.
Томагалы бүркіттей қомандамын,
Жаратпаймын қажетсіз “күш түяқты”.

Өткен сайын бір күнім ындын есіп,
Түйін таптай балаң-ой, құрдым кешіп.
Ақылшы жоқ - айтуға, не жазуга;
Ай-жұлдызбен сырласып тұрдым нешік.

Мен осындағы күй кешем, сен дегенде,
Жақын дос ек не болды... сенде-менде
Ойнап-күліп жүрер ек бұрынғыдай,
Қос шырағым өзгеше... көрмегенде!!!

1961

СОЛ БІР ӘН (Бибігүлге)

Бұл бір ән,
бұлбұл ән кәусар үн,
Сан бұлақ сыңғырлы, тау-сарын.
Тіп-титтей жүректі есейтіп,
Арманды жебейді - аңсарай!

Па, шіркін! Мөп-мөлдір қандай үн,
Қағылды сөз таштай таңдайым.
Шағылды жыр-жүрек шарқ үрды,
Көргендер сезінді жағдайын.

Әсемдік - ырғақта, дауыста,
Басқа бір күйдемін ауыспа.
Дегендей тыңдаушы соза түс,
Қанғаша құмарым тауыс па?

Көрермен, елермен үн-түнсіз,
Берілген, елтисіз - бүгін сіз.
Бой балқып, ой шалқып, жанасыз, -
Алаулан жалынға тұтінсіз!

...Ән бітті, сол бір үн құлақта,
Әл бітті, жүрермін бір апта, -
Ес-түссіз беріліп ырғаққа!!!

1964

АҒАЛАРДЫ ЕСКЕ АЛУ

(Шітен-Қадыр-Балмұқан +
Ұлы Отан соғысында шейіт болған ағапарға)

Сағының анаң солғанды,
Қашшама жылдар толғанды,
Дүра қып өтер күбірлең,
Кездескен оба, қорғанды.

Шырақ қыш жақты арманды,
Кеткенише тастап жалғанды.
Бес мәзіл намаз оқыды,
Батысқа қарап, орманды...

Жан-жүрек ерек - Аналық,
Қасиет сүтте - даналық!
Елеңдеп құлақ, хабардан, -
Таралып жатса жаңалық!

Сіңсе де өлім санаға,
Аналар сенбес - жан аға.
Ем таппай өтті аңсаумен,
Толғақтан күшті - жарага.

Зырлады күндер, жыл ақпа,
Қарады талмай жыраққа.
Анамыз ортақ кетті іздең,
Сен бар деп пейіш, жұмақта!!

Сағыныш ана, солғанды,
Елжіреп жаны толғанды.
Жаңылмай айтып дұғасын,
Аманат қылды - соңғы әнді!!

1963

АҚБАЛА ӘЖЕЙГЕ

Ақын Жаппар Өмірбектің анасы
Ақбала Алтайбайқызына арнаймын.
(Е.С.)

Өткеріп қыын-қыстау, дауыл өтін,
Тағдырдың тартқан талай тауқыметін.
Ақ-әжем, көрген сайын айтушы еді,
"Бармысың, айналайши - бауыр етім?!"

Жүзінен мейірім - нұр шашылатың,
Көңілім сол сәт шайдай ашылатын.

Бауырга бәйек болып,
Келіндермен,
Жаюға дастарханын асығатын.

Сондайда дейтін Майдаш;
Апам, қызың!
келіп не ол арыш-апыш, апан қазыш,
Сал жігіт қызы-қырқынымен қайтқан болар,
Шомылын Шайтанқөлге бойын жазып.

Ақ әжей, онан бетер елжіретін,
Келінді әзіл құмар тез тежейтін.
- Құрметтеп, бауырымды тойдырыңдар,
Ол - қонақ, жетер мезет сөзге дейтін.

“...Бауырым үқсайсың деп, Жаппарыма,
тартқандай бұлшық етің Қаппарыма,
дегенмен, әкеңде тарт, маңғазым еді”,
деп ойын, түйетін ол ақтарыла.

Кетерде аман бол деп, сүйіп беттен,
Батасын бір басыма, үйіп-төккен.
Кең пейіл, Ақбала әжей, өзін маган,
Айрыңша, сөз жеткісіз сүйікті еткен!!

10.07.67

ҰЫЗДЫ КӨКТЕМ

Жыл тоқсан келіп, лүпілдер жүрек,
Қуалай согар, самал жел жібек.
Мұз-қары кетпей, құзардың басы,
Қарайды көкке - бір амал тілеп.

Қызыл су жүрдек, сайдала кеңген,
Көк езу бұлақ, арнадан безген.
Табиғат - мезгіл, көктемін күткен,
Даланы жасап, арнаулы бөзбен.

Жыл басы келген, сән - түрлі құстар,
Тіліне тәтті, ән - көңіл құштар.

Көкірек керген, сағым бол өрген,
Наурыз айда, әлемдік - күш бар!

Күн сәуле сіңіп, әл біткен қайың,
Армандай құткен, қол жеткен - Айым!
Масаты жайнап, түрленер Арқа,
Қызығалдақ - қыздар, бой жеткен сайын!

Арқаның белі, киінсін сәнді,
Ертеңге нұрлы, ел сенсін мәнді.
Пейілі жомарт, баршаға бірдей,
Нәрлі уыз - Көктем, сүйсінтең жанды?!!

11.04.68

ЖІКШІЛДІК¹

(Партия хатшысының монологы)

Ух! Оттім аман сайлаудан,
Енді маған, жалау кең.
Бір мәжіліс, бір банкет;
Қайтпас қайрат, алған бет,
Партком, бюро... қайнавмен.

Ел аралан “оттаймын”
Тиген жергे - оқттаймын.
Келгенді айтып ауызға,
Ұнамаса - боқтайды!
Менен дәкей, дәде кім,
Сайлау алыс - жоқ қайғым!!

Құрып қашан, жікшілдік!
Әділестіздік тоқтайды.

1971

¹Жікшілдік деген - бөлектену, ереқшелену, немесе партия болу, топ - деп білемін.
E.C.

АТОМ БОМБАСЫН ОЙЛАП ТАПҚАН ҒҰЛАМАЛАРҒА НАРАЗЫЛЫҚ

...1973-74 жылдары зонадан шөп шауып, мал азығына жараттық. Жеген қойлардың жүні түсін, қозылары кемтар болып туды.

Е.С.

...Қайда барсам, алдымда көрдей ұра,
Бұл зұлматты, көзіммен көре тұра,
мен қалайша, қырғынға келсе алам,
Ашынамын, өзеуреп өре тұрам!

Мінезімде мұндайда тосын, бөтен,
Ашуыма атомды қосып жетем.
Жарған сайдын, бомба бол атылам да,
Дала кезіп, кіжініп - босып кетем.

Өйтнегенде мен жалғыз не қыламын,
Түншығамын ойымнан, тығыламын.
Оңаша да ойбай сап, жылаймын да,
“Халық жауы” екенімді ұғынамын.
Сонда да мен басқаша ұымдамын.

Мүшесімін өйткені партияның,
Ішіндемін тұрган соң жалпы ұяның.
Ертең маган ұсынса орындығын,
Жанаалақтай ұялмай жалпиямын.

“Кеңес” заңы осылай, айналанды да,
Жалғыз өзің не істейсің, қайнаганда?
Көзге шыққан сүйел деп, бюrolаса,
Басқа пәле - тілден деп; жай қалам да.

- Ей, жігіттер айбынды-намысы бар,
Жанын күйттеп жүргеннен, құрысын ар!
Алты алаш бол, құрыштай бірікпесек,
Жеке-жеке, әр басқа - қурық сынар!!

...АШЫНУ

Жылғамен дайын ақпадым,
 Қабагын “дәйдің” бақпадым.
 Тың ойлар қозғап, қарсы кеп,
 Қызметі зорға, жақпадым.

Тізгінім қолда, ермедім,
 Шылбырды тағы бермегім.
 Той-тойлап жүрген “дәйлердің”
 Көрген соң қылыш, ермегін.

Шықпадым төрге, орындысыз,
 Құмарташай жайға болымсыз.
 Әзіл гып әрі, ашынып,
 Айттым бір, істі қонымсыз.

Жақнады ашық қылышым,
 Көрдің деп бастық былығын.
 Кек алды сөзге ескертне,
 Жұлдынып, жыртып жұлдығын.

Бізбарлы, маңғаз ұлығым,
 Сездірді кейін... “ұлы” кім?
 Адамда амал көп деген,
 Білдірмей салды құрығын.

Өзіңнен зорға айтпа ақыл,
 Боласың анық, қақпақыл.
 Ішіңде сыймай бара жатса,
 Оңаша барып, қақ тақыр,
 Қатқанша сілең;
 айт, бақыр!!!

1976

ЖАЛҒЫЗ АРША *(онаша сұхбат)*

...Қарқаралы құзында жасыл ариша,
 Тауқыметін татырды ғасыр қанша?

Келдім саған әдейі, сырьыңды айтыны,
Іш құса бол, жайыңды жасырғанина?!

Шымыр денең, от үшқын шақпаң тастай,
Ойға шомдың, теңседлің тіл қатнастай.
Жайсыз сұрақ қойдым ба, неге сонша,
Үрпесің ақынды үнаптастай.

Зіңгіт тастың құшаққа ап мұз денесін,
Жылытасың, әлде не ізденесің.
Замананың соракы зобалаңын,
Жасырасың әйгілі, бізден несін?!

Шыған пыңға саяқтап шығармысың,
Тұрмысыңда, бітіске нығармысың.
Өр халқымдай кеңдікке құлаш үрган,
Негіз құған, біккө құмармысың?

Шың тұмарым, беймәлім жанға сырьың,
Бөлей бергін көрікке, барда сының.
Көне көзім, айтшы сен қабырғанды,
Қайыстырды зұлматы қай ғасырдың?!

Қай ғасыр деп бөлетін түгі жоқпа,
Түскеніміз жетті ме күйік отқа.
Барады өңің бозарып қариям-ау,
Сөз тиді ме, іркінді көңіл тотқа?

Сен бозара бастасаң, мен боздаймын,
Сен көгерे бастасаң, тел қоздаймын.
Күнде жұтып атомды тұншығамын,
Оңаша кеп, дауыс қып қозған жайым.

Тілсіз ермін ...тек саған сыр ашамын,
Еркіндік қой, қасиеті - одашаның.
Кіжінумен күнде өліп, тірілемін,
Шексіз - "изм" бұл - сүренсіз болашағым.

Үш ғасырдан аргысын шала білем,
Көз ысталды түтін мен шаңға кілең.
Біреу естіп қоймасын сыйырлайын,
Мұндасым сен, тыласым жан - арша кілем.

Өснегіне кендеңін бабалардың,
Кас батырлар үрпағын табалар мың.
Менде жалғыз, сен жалғыз шыныңды айтсың,
Үн шықпасаң ақынды жағалар мұң.

Қан гасырга қанықпрын 20-сыныңы,
Енді қанғып, ауызды жырмасыныңы.
Өлі шындық жетсінші алашымы,
Тәдір-Дала, Кеңдікті жырласынышы?!

...Әбжылан жыл, он жеті жұлдып тұсті,
Ақ патша да жер құшты, ұлық құшті.
Бостандықса алғашқы не жетеді,
Жаңа дәүір бастады - Ұлы көшті!

Шықсан дауыл Питерден соқты қатты,
Арқанында адырын солқылдатты.
Аумалы да, төкпелі басталды ылаң,
Анқау халық, екі жар толқын ақты...

Не жаңаның барлығы “қызыл” болды,
Ойсыз ожар қолына құзыр қонды.
Құғын көрді зиялы - Ер, “бай-манап” бол,
Жан бастаған тайғаға бұрын-соңды.

Тоз-тоз қылды, даланы жалаңаш қыш,
Малсыз қалды ел, жайлады араңды айттық,
Қаңғып қауым жем болды ит пен құсқа,
Өз халқына жасаған қандай қастық?!

Қалды адыра от басы, ошақ жайнар,
(Жерді иесіз қаңбақ пен қорқау жайлар).
Адамды адам жеген бұл “заман ақыр”,
Қаңғып... туды тайга да “Севкрайлар”²

Не көрмеді ел жазықсыз жылан-зарлан,
Көгенделді қанша ару: “Алжир-Карлаг”.
Корын көріп азантың еңбек етті,
“Халық жауы” - атылған! Ерлерге арнан!

Патнасы жоқ, байы жоқ... “заман дана”,
Теңестірді ғұлама мен нааданды да.

“Ком-измге” сүйреді “партия” ойлап,
“инкубатор” өсірді адамды да.

- Дат! - деді ақыр шыдамай жасыл Арша,
Менде айтам деп басқаша, жасырганша.
“Жаратты - Алла тірлікті! Жауапты Адам, -
ескермейді ол, құқығын ғасыр қанша?

Мен көргенді, сен көрме - ашық бәрін,
Қиналды бой, іш құса - сасық нәрім.
Тамырдың да қуаты аз, улайды атом,
Кім жасаған өскінге қастық-зәлім.

Кек өскінсіз жер жетім, адам тұл ғой,
Адамды-адам улаған, надан құл ғой.
“Партиядан” сұраңдар, гүлдер өспей,
Жайылмаса далада ақтылы қой!!!

Жер-Ананың ақ сүті, суын құрттың,
Күнде дүмпү, орманды нұнын жұттың.
Өзиң айтшы, ес барма ұлықтарда,
Дауаң барма, дертіне қалың жүрттың!

Құз басында сорайын жалғыз қалсам,
Сонда айтарсың зарыңды жалғыз Аршам.
Көзін бұлап, жер иесі мен едім деп,
Қазақ қайдада? Аяқ басар - арсыз алшаң?

Көрсетесің сұрақпен, Аршага сұс,
Безіп кетті осы елден қаншама құс,
Улайсың да, шулайсың түк бітірмей,
Жер-Анаңа! Ей, ақын арапта тұс!!!

1977

Карқаралы

КӨП ШИНДЕ...

...Іште іркінді запыран, болмас жайым,
Жеідей жеп жанымды сары уайым.
Сырты бүтін көрініп, былайғы елге,
Мен жүремін тұғандай оңына айым.

Әккі пысық мені де, сынған көрмек,
Қасақана қу тілді қылған ермек.
Керуендей көшірем, сезбегенсіп,
Ол қажымай оттайды, тыңдан сермен.

Жеңіл әзіл, қалжынға қазақ епті ұр,
Бұралқы сөз, әжуасы мазағы өткір.
Түсінбестер әп-сәтте булығады,
Өзін-өзі азантап, мазаң кеткір?!

Кейбір “найсан”, сыйрайы маңраз жансып,
Әр інерсөні көрмеген... ағал-таңсық.
Көне көрнеу жиында, бұл қалай - лаң,
Секілді оған қажетсіз, жалған мансұқ.

Бір бүтінмін, көңілді көп ішінде,
Сері жандай арқалы, әл-күшімде.
Той-думанға етene араласып,
Жыңыр құмармын, даярмын ән-үшінде!

- Көшпен бол, думан да кетпей жырақ,
Көңіл жамау болса да, көрпе құрақ.
Шама-шарқың келгенше ойна да құл,
Ерітпе артқа, қисынсыз бөтен сұрақ?!!

1975

ДАЛБАСА...

Мал асауды -
үйретер,
Жорғалауга майпаңдан.

Kici асауы -
куйретер,
Қонбаса ақыл, қайқаңдан.

Санасызы - құшке көнбесті,
Саңылау түсіп, нанбаса!
Сағымды - құған оңбасты,
Тән сұлу - ойсыз далбаса?!

1974

ЖЕКЕ ШУМАҚТАР

Байлаушы қылар дүлейді,
Байламай қойсаң ұрмейді.
Қолда өскен итті қас қылған.
Ініце кіріп ұйыған,
Сыртыциан жүріп ұлыған,
Қанды ауыз сақтан қасқырдан.

* * *

Қас аңны барда, аң тұрмас,
Киелі олда, ондырмас,
Мал екеш, малды басқа ұрган.
Қисынсыз жекіп, тілдеме,
Салмагын өлшеп кірлеме,
Себепсіз түк жоқ - бос түрған!

* * *

Пейілі жаман, қолы тар,
Алғанды жақсы ұнатар.
Қайтарар шақта - жыларатар.

Айла көп жемқор адамда,
Қарайла артқа - қадамда.
Қапылыс қалма әмәндә?!

* * *

Бір қатынның өсегі,
Жыйылмай-ақ төсегі.
Аяқсыз жүріп,
Қанатсыз үшіп,
Қыдырады көшени.

Ақыры сол өсегі,
“Жібек жолмен” көшеді.
Бара-бара есейіп,
Шынға айналып, өседі.

Ел өсекке сенген күн,
Шындық “дел-құл” өледі.

05.12.1968

ЖАҒЫМПАЗ...

Жылғың-ақ, сымылдан,
Қылмыңдап, сыйылдан,
Ішке енер, ырқыңды-ан!

Ақ көңіл, аңғалсын,
Сен үшін, жаңғансын.
Бейкүнә - жаны ашық!

Көзіңше - ай... мақтап,
Болымсыз, тайқақтап,
Көз тайса - жүреді,
Сыртыңдан гайбаттан!

Мақтандан - көзіңше,
Жағымпаз өзгеше!
Өзін де - “мақтап қой”,
Тағы бір, кез келсе?!

1970

АШЫҚ ӘҢГІМЕ

Ақтарып сенің алдыңда,
Көңілді жайдым айқара.
Тек жаным мені алдама,
Шынайы сөйле, сарқыла.
Көрейікші бір саралап,
Менде ме екен бар кінә,
Сенде де бар ма кінәрәт,
Жетейік шындық парқына?!

Кірлесе тазарт көңілді,
Жүректі, ойды, мөлдір - ет!

Демейік, біреу женілді,
 Қолдастың шындық - құдірет!
 Өтірік-өсек сүйрелеп,
 Болмысқа бекер құймелік.
 Көңілді таза қүйелеп,
 Намысқа бекер тимелік?!

Болсын бұл; ашық әңгіме,
 Ең соңғы және шынайы.
 Дұдемал оймен әлгі не...
 Бір жола тұнсын ылайы?!

Сүймесең оны айт, бірақ та,
 Өзінді, мені алдама?
 Жауап бер жалғыз сұраққа,
 Белгілі жәйт қой Аллаға!

- Болмаса басқа жөнінді айт,
 Маза бер; жанға-құлаққа?!!

1978

ТАРТ ҚОЛЫҢДЫ СЕРИППЕДЕН

Зор мақтан, даңғойларға, аң-құс атып,
 Тірлікті әжуа етсе, қансыратып.
 Селк етпес, не бол кеткен тартынбайды,
 Кетер деп, аң киесі - қарғыс атып!!!

Сезбейді аңсақ көңіл, қарғысты да,
 Қайтеді ол қан сасыттып, алғыста да,
 Шырышаны шырылдатып қиган адам,
 Не қылар... аяушы ма еді аң-құсты да...

Көзі қиып, қуалайды Құралайды,
 Жетем деп, өші бардай туралайды.
 Қарулы қолға түссе, қара жүрек,
 Тастан ол, ойланбастан турал Айды.

Айдынның аққудай - маң кербезі ме,
 Бәрі-бір, бір шүрегей кез келді ме.

Дәл көздең атып алса, мақтан болмақ,
Сұлулық қажет емес - “көр” көзіне.

Жүргө - бұрандалы, шойын бауыр,
Түйсірі аз, қорғасын ми, қолы жауыр.
- Ойнайсың; тіршілікпен, табиғатпен,
Абайла! Екі дүние - жолы да ауыр?!

Ей, Аңың! Тарт қолыңды серіппеден,
Кім саған, шолжыңдатып ерік берген?
Әу, баста - Жаратушым! Жан-жануарлар!
Жер-Анага! Бір-біріне сеніп келген!!!

Мақтанба құр бекерге, аң-құс атып,
Байлышын табиғаттың қаңсыратып.
Есің жай, тарт қолыңды серіппеден?
Кетпесін десең егер;
Қарғыс атып?!!

1978

ҰШКІР ТІЛ

Бір танысым жымынып:
Түбің түскір -
дәйді, маган -
Удай-ақ, тілің ұшкір!
- Бойыма шақ, үтүмдү,
оїым да ұшқыр.
Ой мен тілім егерде
сай болмаса,
онда менің болмай ма
халім мұшкіл.
Осындай қыш әкелген дүниеге,
Ата-Анам мен етемін Құдайға шукір!

1978

ШЫНДЫҚ ҮШІН

Пәктігіне нақ сеніп, жүргегінің,
Тұқіргениң жел жаққа бірі менмін.
Замананың тұлқісі, бетке күлін,
Іштеп шалып тазысы, бүрілгенмін.

Жас маман ем,
Кеудем соқ, кімнен кеммін,
Өлеңменен еңбекті, тел емгеммін.
Шындық үшін шырылдап, отқа түсіп,
Ашық айтып, “уставқа” бек сенгемін.

Шындықтың да кім білген, шыны барын,
Ақ көнділдің ылайлар шыныларын.
Төрде отырган қу мен сүм, астан қызып,
Өтірікті-өсекті, шын үгарын.

Шындықтың да кім білген құны барын,
Құнғарын - қомағай, қыл құрт қарын.
Ойы орталау шенеунік деңгейнен,
аспайтын ғыш ұстады - “құлдықтарын”.

Талқы-сынақ биоросы шынықтырды,
Әділ күрес жеңбесін шын үқтырды.
“ООН” - жазсаң, өзінді қайта айналып,
Бумеранг - әдіспен, ұрып тұрды.

Өсірmedі, таппады темірден мін,
Портфель ұстап еріксіз жегілгенмін.
Жыға-жыға намысты - ар алдында,
Бармагымды тіске сап, кеміргенмін.

Қан-қан болды бармагым, ішім тұнек,
Зығырданды қайнаган күшипен тіреп.
Шындық үшін бәрі-бір арпалыста.
Кіжінүмен әр күнін кешкі жүрек!!!

1985

ЖЕКПЕ-ЖЕК СӨЗ

(Махамбет)

Басымды бөлек аларсың,
 Табалап иттей қабарсың.
 Өлді деп мені оп-оңай,
 Құзғыңдар қайран қаларсың.
 Өзіңнен-өзің түршігіп,
 Бір-біріңе үркө қарапсың!

Өңменен өткен көздерім,
 Қадалған біздей сөздерім,
 Сендерді тыныш жатқызбас,
 Ойлаңдар соны - өздерің?
 Кешпенді халқым, аңдамай,
 Алдамшы ханга - төзді елім!

Тұңілер, жұртым түсінер,
 Жұлқыныш тұлпар кісінер.
 Ел іші алтын - бесік қой,
 Табылар Абыз-кіслер.
 Қаһарлы ханга, аяр - сүм,
 Қөрсетер бірлік - күшін Ел!

Ұрандан менде шығармын,
 Ішінде көптің тұрагмын.
 Хан-шонжарларды жіліктеп,
 Назарын елдің бұрагмын.
 Атой сап шыққан Ерлерге,
 Қолбасшы; Ерлік-Ұранмын!!

Хан - деген қаһар, атың бар,
 Төрешіл - елдік салттың бар.
 Жайлайға көшіп, жайылған,
 Қойдан да жуас халқым бар.
 Өресіз ханға, бас имес,
 Қазақта асқақ - Ақын бар.
 Қарсы кеп саған;
 Жекпе-жек,
 Тайсалмас Жүрек -
 қақым - Ар!!!

* * *

Дүлейге кім бар, жақындар?
 Ұйыққан “қаншық” қатын бар,
 Күн үшін жүрген, жаңдай шап,
 Ағайын-сымас жақын бар.
 Үрейінді алып - ұйықтатпас,
 Исадай сынды, Батыр бар!

Айбаттанып - Ол, ақырап,
 Бірлікке елін-шақырап.
 Орданды бұзып, ойран қыш,
 Талқыға салып, тақымдар.
 Сол сәтте отты сөздерім,
 Жан алғыш болыш алқымдар!
 Ұмытпас мені, қаһарман,
 Көшпенді батыр - Халқым бар!!!

1980

КІЛ ШЫНДЫҚТЫ АЙТПАСАМ

Кіл шындықты айтпасам өргтенемін,
 Өзегіме өрт түскен ерте мениң.
 Қүйіп-жанып жүремін үндемесем,
 Айналардай біріне күл төбениң.

Іш түнетней сыр-жырды ақтарамын,
 Селеуіндей жайқалтып ақ даланың.
 Шерменде бол өлгеннен не шыгады,
 Тек шындықпен көгерсін бақ-талабым.

Сеп болсын деп, толагай өрелі іске,
 Тіл байлаймын сабырға ерегісте.
 Ойға орамды сөз ізден қиналадын,
 Шықса еken деп өлеім өрлі өріске.

Өрипіл өлең жақпайды бақ таласқа,
 Шарқ ұрса да талпынып алты алашқа.

Партиялық “әдепке” қалай көнбек,
Шырылдатып асса да дар ағашқа.

Шындық шынар, мен қалай тіл жұтамын,
Абай-Қасым ән-жырын пір тұтамын.
Мінезімде мұндаїда ала бөтен,
Дәрежесін елемес “құл-құтаниң”.

Бетпе-беттен тайсалмай өр-төнемін,
Шындық - жалын, жанамын, өртенемін.
Шындық - байғұс болса да күні қараң,
Алла алдында арым-ақ ертең менің.

Ет жүректі тыңдамай жыр жүргім,
Екі даймын, бас қатты, шын жүдедім.
Қайдасыңдар “әмбебап” кеңесшілер,
Кім түреді шындықтың мұң түнегін?

Шындық өлсе ішім де, сottар Арым,
Кімге керек дейсіндер, тоқта қарын.
Тұбі құрбан қажет қой, мен болайын,
Көзге сүйел “ақ қарға” оқ қағарың.

Шұлғи-шұлғи бұл бастың бағы тайды,
Сөйлегенде “сөз-жорға” агатайы.
Ағатайлап өлгенше, арды жығып,
Мен болайын шындықтың ала тайы.

Шындық аңы, жыр жүрек аласұрган,
(Қазыбекті - Қоңтажы баласынған)
Бір беткейлік ұстанған Шындық батыр,
Қаймықпайды жалған сөз жаласынан.

Жазып болдым, сиримды жанып тұрмын,
Іште шер жоқ, осы сәт жарың нұрмын.
Денгейі орта шен құмар басшылардың,
Түйсігіне жетсе егер, анық - Шынын!

17.12.1986

ТЕҢІЗДІ АЛҒАШ КӨРҮ

Кара теңіз келсем-дағы зорменен³,
Арманда екен сені келіп көрмеген.
Толқындарың құшақ жая қарсы алып,
Шашу шашқан күміс сүйн тәңгемен.

Батылсыздай бастым аяқ жағаға,
Қайдансыз дең, келді жас қызы жан аға?²
Әңім айтып тұрса керек; таныстық,
Батпай тұр ем, еріп кеттім балаға.

Асау толқын кірген бетте сулады,
Маржан шашып, аласұрды шулады.
Бірін-бірі қуганына таңырқап,
Жүргімде теңіз дейін тулады.

Толқын ойнап, тербеледі жанға жай,
Үлкен айдын, шағыл құмды жаға жай.
Күнге қызып жатыр небір бейнелер,
Көз тұндырар қарай берсең жағалай.

Кара теңіз, толқын тұған ойнақшып,
Бармақ болсаң мақсатыңды ойлап шық.
Қырда өскен далалықтар - үшін ол,
Таңғажайып су қоймасы “қояншық”!

Сарыарқа - сайын дала сағымды,
Кара теңіз сүы рахат-жағымды.
Сағым дала, асау толқын егіз жыр,
Жан-жүргім, қимас жандай сағыпды!

15.08.1979

³Райком комбайншыларға жұмыссаған

ТАР КЕЗЕҢМЕН АСҚАНДАҒЫ ОЙ

Аспан асты,
 Құзар шың, беткей дөңге,
 Бұлт айналған басына жетпеймін бе?
 Құлама сай, қия жол, аршалы тас,
 Құдік женде, мен құлаң кетпеймін бе?

Кестелі тас, қаз қатар қаланғандай,
 Ойық жайлай, төменде алаң қандай.
 Табиғаттан көрер көз өнеге алса,
 Мұсінші бол кетері хақ, алаңдамай.

Қарагайға байланып ала бұлттар,
 Құжынаған өріп жүр бала құрттар.
 Қүре тамыр таралып, тас сыйналай,
 Құмар көнділ, қызығып алабұрттар.

Өрлеу азап болса да мұзарт тауга,
 Көз құмары хош көріп, сұрап сауға.
 Ұшқыр қиял тым ерте кетті білем,
 Хан тәңірлі биікті құшақтауға.

Көкке өрлегіш, өр көнділ, гарыш құмар,
 Арман Мұза! Бінгі алыс мұнар.
 Жаратушым қолдаса, жол мұраты -
 Жыр көшіне жеткізіп табыстырап!

1978

БҰЛАҚТЫ БОЙЛАЙ ӨРЛШЕГЕНДЕ

Бойлаган тасты бұлақ жағалай тал,
 Өре өскен шың - құзарға қарағай сал.
 Көрер көз, құмар шөлін қандыра алмай,
 Тұшынар нәр жинаған арадай бал.

Бұлақ бұл, қайнап шықсан қайнарынан,
 Сыбызғы әсем естіледі жайдарлы ән.
 Тау іші, самалды леп, желпи сипар,
 Үргиғен жас шынардың айдарынан.

Көк майса, гүлге тұнған алаңқайды,
Жанымда жаңа тұрган балам қайда?
Жарысып қарағаймен, тасқа ермелеп,
Жастың шақ, алды-артына қарамайды.

Төменде төңкерілген көл-аспаңдай,
Құзарда бүркіт отыр, өр-жасқанбай.
Жасымнан бәрі таныс, жақпар тастың,
Жалаң аяқ табаныма мөр басқандай.

Көз құмар қарай-қарай айналага,
Толқулы көңіл көкті айнала ма?
Тұған жер - бауыр етің, жыр-жүргің,
Ақын жан шабыттанбай жай қала ма?

Аң-таңмын, құс тілді әсем әнге ілесіп,
Жазғанға көз тояттап, сәнгे несіп.
Фажайып шырыша ғұмыр күй кешесің,
Көңіл қош, жан-дуниеңмен әм, кеңесіп!

Қарағай су самырлап, жайған тамыр,
Аришалап шапан жапқан шыңға шымыр.
Тасты да елжіретіп, қорек алған,
Арман ғой, кімге болсын - шырыша ғұмыр!!!

1991

ОҚЫРМАНҒА

Ақ арман, асыл мұрат - дара қайғым,
Қызығам ғұмырына қарағайдың.
Тұрлену әр көктемде жарасымды-ақ,
Адамзат құбылуын қalamаймын.

Жігітке - шындық тірек, адалдықпен,
Шалдықпай аман жүрсе “арам” дерттен.
Шаңқандай ақ көңілі қарапайым,
Таймаса, ғашық жүрек айтқан серттен?

Тоймас көз, қомағайдың “құлқын” тұздан,
Ондайлар ақ-адалдың шырқын бұзбақ.
Арналыс іште былық, ойран салып,
Қипақтап, арам пигыл, “сылқым” қызыбақ.

Жетсе әлің ондай сәтте, қайта ойлан көр,
Саранта, кей қадамды, тәй-тәйлан бір?!
Жақсылық, әр адамның өрелі ісі,
Жамандық, дәл қасында той-тойлан жүр.

Айтты деп, сөкпеніздер асқандықтан,
Шындықты ашық айтпас, қастан бүккән.
Өмірдің - өзі шебер, өзі сыншы,
Жақсы деп, өситет етер, жастан үққан!

Сондықтан, оқы-тоқы - оқырманым!
Демеймін: дәл бүгінде соқыр маңым.
Бәрі де белгілі осы, жәйт болғанмен,
Өз ойым, ортаңа сап отырғаным?!!

1987

ӨЛЕҢМЕН ШЕШІМ (бюородан соң)

Қарайды әбден көңілім,
Жыр жазбай құндер өткен соң.
Кіжіну болды өмірім,
Жолайрық алып кеткен соң.

Астында шаруа бар аты,
Алдында “изм” қайсаңы.
Сөткениң жетпей сағаты,
Соңымда “партиком” байқамы.

Қолымда шешім, қаулысы,
(Орысша бәрі жазылған),
Көп-ақ қой партия даулы ісі,
Дайын түр “көрі” қазылған.

Абайдан медет сұрайын,
“Күнәшар” болам Алламен!
Партия мениң “құдайым”,
Бюорода жатыр - қалған ем.

Сонда да сыңар езуінін,
Қияңызы жүрек, ой бекем.

Шегі де жақын төзімнің,
Күткендей мені жол бөтен.

Партбилет берген досымша,
Қатардан қалай қалайын
Бюородан шықтым, қосымша.
Өлеңмен шешім алайын!!!

1984

ОН ЖЕТИ ДЕ... (Кызыма)

Он жеті де, тарам-тарау жол күткен,
Ойга қарай желе-жортар қол жеткен.
Өрге тартса, өршеленіп өр көніл,
Коштаса ақыл, қайтпаған жөн сол беттен.

Тағдырдың тас, кедір-бұдьыр жолы тар,
Жастыққа тән қылыш кезең жолығар.
“Ақ бантікті” аңғал көніл адасқаң,
Жыл көктемнің - қыс ызығарлы, соңы қар.

Жол айрықтың оңы мен солы бар,
Адассаң-ақ, өкпең өшін солығар.
Абай айтқан, бес асылды үстансаның,
Кайыспас нар, қар тартып жолығар.

Кияс тартсаң, тектілікten күй кетер,
“Әсемпаздық” бөтен жолға сүйретер.
Адал жүріп, жерінбесең еңбектен,
Төгілген тер жақсылыққа үйретер.

- Байқа қызыым!
Он жетінің жүргі ауыр,
Байқастап түр, ту сырттыңнан құллі ауыл.
Түзік жүрер - жол жіндішке, көз алаң,
Қырық үйде отырады қарауыл,
Ақылшыңың - ең көсемі, өз аңан!!

1986

ҚАРА ШЫБЫН

Мезгілсіз бұрын туып қара шыбын,
Көзімнің ойнақшылты қарашығын,
Қақаған далада аяз сіресін түр,
Сен келдің іздедің бе, жар лашығын²

Бұл қалай, қыс қаһарымен таласуың,
Тым ерте сағыныңсың қала шуын.
Көктем кеп, мен аңсаймын жалдасам деп,
Нұраның мөлдір таза қара сұын.

Сен енді жаутаңдамай қара шыбын,
Емін тап, қотыр көңіл жарасының,
Сал депем, серпіл сенде жүрек тапсын,
Алғашқы көктем әуен жарасымын.

Үйге енсін, есік ашық қарлығашым,
Желісін көктем лебі қарлы ағашын.
Наурызың хабаршысы қара шыбын,
Алдыңдан айың туып, жарылқасын!

1988

ҚӨКТЕМНІҢ АЛҒАШҚЫ СӘТІ

Далаға жаңа шығып ем,
Келмей түр кіргім, енді үйге.
Елжіреп түрмеш шыңымен,
Алғашқы көктем әлдиге.

Әлі де, ақ қар болғанмен,
Самалы майда, лебі әсем.
Көлеңке салқын, тонғапмен,
Күн көзі өткір, жел бәсек.

Тізілген қатар мұз-моншақ,
Ұштары сүйір бие емнек.
Қынгейі тершіп, қызған шақ,
Шың басы киген кимешек.

Тырбиыш кәрі қара тал,
Бойына жылу алдырган.
Шуаққа шығып, қара шал,
Күнгейде көзін талдырган.

Тоқымдай тақыр тауып ап,
Бала мәз ойнап асықты.
Қояндай бүкты, жауып ап,
Қар тершіп, пана тас - ықты.

Наурыздың күні - күйге елес,
Құстардың тілі - жыр бөбек.
Қектемгі көңіл, үйде емес,
Даланың жөні, бір бөлек!!!

05.04.1979

KYMIC KӨЛДЕ

Тұрган сәтте толқымай көл талықсып,
Табысты Аққу, Қарақу қатар лықсып.
Қаумалаған жағалай қамыс үнсіз,
Сөзге құлақ түреді жандай таңсық.

Шолпы таққан бүрүмдай сәуле ойнатып,
Су құлқісін гәккүлі әнге айналтып,
Шеру құрып келеді салтанатты,
Екі ғашық айданда, сәнге малтып.

Ғажайып түн қарайды ай нұрланып,
Құпияға тек қана, айдан қанық...
Жүлдазыз біткен жамырап шомылранда,
Тілсіз тілмен талай сыр айтылды анық.

Таяп қалды, қос кербез жағаға ызып,
Қанатымен желпінген маржан тізіп.
Сұқ көздерден сақтай гөр, қамыс-қорға,
Бір ажалды оқ, жүрмесін арманды үзіп?

Үкілі үміт, күміс көлде үлбіреген,
Тогай іші тып-тыныш дүбірлеген.

Багы жанған сәтті түн ғашықтардың,
Аққу жүрек қосылып лұпілдеген!!

1987

АУЫЛДЫ АҢСАП...

Ауылға бөлек, асық жан,
Құмартып өскен жасымнан.
Құрбыдаі сағым сағыныш,
Қол соған таудың басынан.

Көрінген биік Сенгірім,
Тұған жер жұмақ, сен пірім!
Нұраның бойы құт мекен,
Ақ дала селеу - селдірім.

Алтықсан көніл, ал шағыр,
Қалды деп, белең-қанша қыр?
Беймаза жүрек әндетіп,
Көкірек толған алшаң - жыр.

Нұраның басы - ақ қайнар,
Мың бұлақ ақсан шат жайнар.
Көшпенді жұртый, үй тіккен, -
Жайлайда отау - ат байлар!

Көлбеді шаңған киіз үй,
Ашылды көніл, үнсіз қүй.
Бәрі мәз, есен көріспін,
Ауылды сүйсेश, мінсіз сүй!!!

1981

ТАУ ШИНДЕ

Асылым, Қарқаралым қорған тасым,
Шуылдан судырайды орман шашың.
Көз салсам ойда тұрып көлегейлер,
Торғын бұлт, нар биiktің торлап басын.

Сыналап жақпар тасқа шынар өскен,
Көкейді не ғажайып құмар тескен.
Арша мен тал, қарағай иісі аңқыш,
Көз құты биші қайың шығар ма естен?!

Саялыш бау, тогай іші жан дауасы,
Жанға дем, тыныс ашар балды ауасы.
Жыр-жүрек, құйма құлақ құс әнге елтін,
Айналад қойтасты тау-науанаңы.

Бөлейді бақытты шақ, сезімге - үлде,
Беймәлім бояуы ашық көзім гүлде,
Көкірек - орманшы бол кетсем дейді,
Аралап, сай-саланы кезіп мұлде.

Тогайды - көнділ қоны араласаң,
Шалдықпай - шаршаганға қарамасаң,
Табиғат қас мүсінші, қандай ғажап,
Тұган жер!
Осы екен рой, бар тамашаң?!!

29.04.78

БАҚТАЛАСТЫҚ

Ойлыра кез бол, ну орман,
Жол ашар жаны қиналып.
Ойсызға ғалам, қу жалған,
Той-думан қылар жиналып.

Әсемназ, ойсыз - бақ құмар,
Жолы да женіл, болғыш-ақ -
Байынты ойды, сақ қылар,
Адамның арлы, жолы ұзақ.

Жүрді ойлы, ақ адад,
Көсігеп болып келеке,
Ақылға салып аға дал,
Еңбектен таптай береке.

Жақсылық - ойда тұрганда,
Салмақтан істі, батырдай.

Жамандық бұрын туған ба?
Көп ойлап басты қатырмай?!

Бұлдіру оңай әр істі,
Түзетпек қиын қайырып.
Жақсылық озар дәрісті ,
Жаманды жүрсек айырып?!

1987

СӘТТІ АШУ... (әзіл-шыны аралас)

Түнеріп қабақ түйлген,
Дидарға бұлттар үйріген,
Екі көз ашу шақырып,
Шайқалды берік үй іргем.

Сабырды - ашу қамшылар,
Жанарда мөлт-мөлт тамшы бар.
Жарқ етіп күндей басылса,
Пәк көніл шайдай ашылар.

Торлаған “бұлттар” бетімен,
Өтсінші қабақ шетімен?
Болмысқа бекер, алдырмас,
Болсыншы ашу - сәтімен?!!

1990

СЫР (нала)

Жол таптай шерменде басты арман,
Ішімде тұншығыш ысталған.
Тұңғиық сыр бермес бір жаңмын,
Сыртынан сыйтайтын тысталған.

Жақсыны - жақсы дең, байқамас,
Жаманға бас изеп, шайқамас.
Өмірде шындық жоқ, не болмақ,
Пенделік керегар, тайталас.

Білгенді айттың деп, кінәлар,
Болмасты қол созып, кім алар?
Бырыңғай жол тауып, жәй жүрсөң,
Тұртқілеп, мазаңды ап жарабалар.

Өз бетің бір бөлек кетсең де,
Былырын аңдамай өтсең де,
Қызығаныш; бұл қалай, шет жүр деп,
Қысынсыз, бар ісі - тек сенде.

Қайырсыз, уайым улайды,
“Су жүрек” булыққан тулады.
Шегіне жеткен күн, мәрт кетсең,
Ел болып; арыс деп, шулайды.

...Өткен соң мақтайды, ел елер.
Асыл деп, асқарға тең келер.
Тірлікте сыйласпай, халқым-ау,
Қайтып бұл, көсегең көгерер?!!

1990

АЯЛДАМАДАҒЫ АРУ

Толықсыған тордағы кеудесін-ай,
Басқан еken торситып, бөксесін май,
Шолтаң көйлек артында тілген еken,
Өшірсін деп, бозбала өкпесін-ай.

Көздің құртын, құтыртты жыбырлатып,
Ойнақшылты көнілді тықырлатып.
Ер-жүректі арбады, құлын мүнше,
Сезімді іште мылқаудай мыңғырлатып.

Менде көптің бірімін, балқып тұрган,
Астарлы ой, іштегі от шарып ұрган.

Бір жас жігіт келді де, алып кетті,
Қайран жастың!
Осы еken, қап антұрган?!!

11.08.91

ЖЕТЕСІЗ ЖЕТСЕ ДЕГЕНИМ

Коғымнан көмек ұсындым,
 Қайырым жөн деп түсініп.
 Қамқорым дерт бол, ұшындым,
 Ол найсан шықты, ісініп.

Жетесіз жетсін деген ем,
 Қайырсыз салды ойранды.
 Түсінер деп ол - сенген ем,
 Аңырап көніл, ой қалды.

Оң болар деген ұмітпен,
 Ақылғын айттым, сын түрлі,
 Қинадым тағы ұмітпен,
 Алдымда ессіз, жын тұрды.

Өресін көрдім кеңейтіп,
 Ағалық өтеп парызды.
 Ол жауып жала, гөй-гөйтіп,
 Боратты жазып, арызды.

Түйсікке түсіп саңылау,
 Жетесі жетсе оң болар.
 Амал жоқ, болса “саңырау”,
 Тұптің де түбі - қор болар!!!

07.10.87

ӨЗІМ МЕН ӨЗІМ

Аласалау демесең бойым кіші,
 Алай-түлей мазасыз ойданға іші.
 Көнілім көл, жүргегім жыр жайдарлы,
 Өзіме шақ, қайратты бойданға күші.

Қарапайым көрерге өзмен түсім,
 Еш қатесіз келіп жүр көрген түсім.
 Жақсы көрем бүкпесіз адалдықты,
 Ұрғашының ұнатам көргендісін.

Қызықпаймын еш нәрсе асылына,
Іштей күйем адамның жасыгына.

Жетесізге ой салсам деп жүрем ылғи,
Ел демейтін ездер көп, ашығын да.

Дең саламыз, оныңда білгені осы,
Кім екен деп сұрамай жүрген досы.
Ер-азамат атақты, білмейді ме,
Сын екенін ой түгіл, қолдың босы.

Қанға сіңіп арайы атқан таңың!
Мазасыз ой берілті Жаратқаным!
Аның айтып назымды, баршаңызға,
Бүкпесіз сыр іштегі, таратқаным!

1985

* * *

Парасатты, болжамды жігіттісің,
Зерделіктің қыр-сырын біліп түсін?
Мығымдысын ойлардың сарапқа сап,
Қажетіце жаратышы біліктісін?

Айқыш-үйқыш сонарга салмай ізін,
Жақсы жырдың тапқайсың қанды уызын.
Жөңсіз жерде, жұп тауып қыистырсан,

Мөлдірлікке сусаған қанды айызым!

Құр маңтанаға берілме тосын-қанды,
Үраңдамай жай сөйле, болсын жанды.
Кекіреккө қонымды текті сөзді,
Қоштайды жүрт, жаттықсыз қосылғанды!

16.03.1991

БАҚ ТУРАЛЫ ОЙ

Бақ деген қонар құс па екен,
Айдын көл ізден, шарқ үрып!

Тұксиген қабақ сұс па екен,
Көнбейтін қияс тартынып.

Бақ деген сәтті шақпа екен,
Дүние түтел, бас бүтін,
Қанағат, қайыр аспа екен,
Жеген тоқ, ішкен мас бүтін.

Бақ дейді неге бармақтай,
Құзардай болса, жаншама?
Алатын кім бар салмақтай,
Арманда жандар қаншама?!

Бақ осы, көңіл қалауы,
Сүйсінтер еңбек - тер төккен.
Жығылмай жырдың жалауы,
Шалқыса Мұза, жер - көктен?!

Бақ деген шабыт Ақынға,
Жыр тұлпар түссе тақымға.
Қанаты талып құс қонар,
Көнбейтін іс жоқ Ақылға!!!

1987

АНА ТІЛІМ (I)

Ана тілім!
Қазақтығым, Елдігім!
Жылап айтсам, артық болмас ендігім?
Сүйсем егер Біржан-Мәди әндерін,
Үлтшылсың деп, айтар маған енді кім?!

Сүтпен сіңген жан-дүнием, санама,
Тілім үшін қарыздармын анама.
Өз тілімдей талай тілді меңгеріп,
Жыр жазамын сұлулыққа арнама!

Қазақ тілі - қасиетті, асылым,
Сөз семсерім, алмас жүзді-жасыным.

Шұбарланған шақтарыңды көрдім де,
Қапаланып арландым да, жасыдым.

Сүт емгенмен, тіл ембеді жас керім,
Түйсінбеді-ау, қасиетін, қастерін
Көк уызға, сөз мәйегі салынбай,
Өсті шала боз бала мен жас келін.

Қазақ болсаң, жаңыңды сал тіл үшін,
Билер сөзін жатқа оқы да, біл-күшін.
Ел болайық десеніздер, тіл қажет,
Ойлансын ез, жүрген бір сәт, күн үшін?!

1990

АНА ТІЛІМ (II)

Ана тілім, тілдің пірі бал тамған,
Тартынбаған жар басында балтаңнан.
Қаһарлы-хан, сөз алдында бас иген,
Құдіретті ана тілім; Ел таңбам!

Ана тілім; Түркі тілдің - атасы,
Абай-Мағжан берген әділ батасы.
Қас жауымен бетпе-бет кеп, тоқтатқан,
Би сөзіңді жоқ-ау ешбір қатасы.

Ана тілім; Тұранды аймақ ұраны,
Сөз кәусарға - қансын өсер ұланы.
Байқөл менен Балқан түбек арасын,
Шарлай ұшсын ер Алаштың қыраны!

Ана тілім, білктеген билермен,
Домбыра да күмбірлеген күйлермен.
Мақал қосып, мәтелдетіп көрмесең,
Сөз қадірін, мыңды жыққан білер ме ең!!!

1990



АШЫНҒАНДАҒЫ АШЫҚ СӨЗ

... "Солженицын, онан кейин қоптеген
депутатсымақтар (орыс-казак) қазақ
елінің солтүстік облыстары Ресейдікі" дегенді
Е.С.

Таңбалары басылған кие тасқа,
Бабамызға тиғен тіл, тиер басқа.
Елдімді елемеу қонағыма,
Тұқіргенмен бірдей ғой ішер асқа.

Көгім күмбез, көділім онан да ашық,
Мейірімді жан көрсем болам ғашық.
Жатып келіп жармасам төрге шық деп,
Дастарханды жаямын, толам-тасып.

Сырласамын, айтамын шынымды да,
Ән саламын құлаққа жұғымды да.
Жатып жастық, жайылып көрпе болам,
Сөз қылар деп бұл қонақ - ұғынды ма?

Далам қандай, дәл сондай пейілімде,
Жайлалауды ұсындым сейіліде.
Бара-бара еркінсіп кіріп алдың,
Таң қаламын: жендің бе - женілдім бе?

Тас-талқан ғып қопардың қойнауымды,
Ойран-топыр еттің-ау ойнағымды.
Емін-еркін еншілен жер-суымды,
Бәрін жиып істедің ойдағынды.

Есіктен кең есіріп төрімде отыр,
Жайма-шуақ бұрынғы көнділ қотыр.
Кішілікке кісілік жасадың-ау,
Бар зауалың Алладан;
Көрінде өкір?!

09.03.1991

* * *

Беті мөлдір, асты ылай,
 Көлкілдеген судаймын.
 Қосагынаң айрылған,
 Қоңылі пәс қудаймын.

Қала, қала көнділім,
 Еңсеме ауыр тас артқан.
 Бөздей өңсіз өңірім,
 Көз жасы жуа тазартқан.

Ой қоқысы мың батпан,
 Арылу қының бұл күйден.
 Құйбің тірлік, мың қатқан,
 Үріп ішер - бір күйген.

Тәуекелге бара алмай,
 Шайыр көңіл шайлышқан.
 Ара салмақ сала алмай,
 Жүректе ауыр, жайды үқан!

10.07.1991

ЕР ҚАЗАҚПЫН!

Елім - азат, жер - азат, мен - азаттын,
 Қалай десем, еркімде - Ер қазақпын!
 Үш гасырдай сүйреткен бұғалықты,
 Лақтырдым, әлемге аян - Азаматтын!

Жұбан ағам - айтқандай, жан азантың,
 Зорын көрдім, тірімін, мен қазақпын.
 Аштыққа да шыдадым, атом жұттым,
 Қорын көрдім, бодан бол, сан мазақтың!

Барлық ұлтпен теңестім, ұлтсызы болып,
 Жетіспедім, "партия" бол, мұртсызы оңып.
 Сары-арқаны қорлады, "Карлаг" стіп,
 "Интер халық" кеңестік - жүртсызы қонып.

"Ұлы орыс" деп, ағамыз; ұрандадым,
 Ұмыт болды, дін мен діл, құран кәрім!

Азаматты ұлтжанды, “жау” деп аттық,
Құрбан болды, қайран - Ер, қырындарым!!!

Мәтел болды; “қазақтың жауы қазақ”,
Жесірі мен жері әлем, дауы мазақ.
Әсірелеп, жүз-руға бөліп бізді,
Мадақ етіп, қалдық қой - азуга аз-ақ!

Күннен тұған, мен нағыз - Азнатпын,
Елім - азат, жер - азат, мен азатпын!
Пайғамбарым, Зор - Ата, далам нұрлы,
Қазақ деген елі бар - Азаматпын!

Зормен үздім бұғалықты, Ер-Қазақпын,
Боларына ел сенген - бір гажантың.
Куанышы қойына сыймай тасқан,
Сәдуақастың жалғасы - Ерғазы-ақпын!!

16.12.91

АЗАТТЫҚ - ЕЛ БАҚЫТЫ (сүйиши-тілек)

Азаттық - Ұлы бақыт, Дербестігім!
Жалғанда, құл - бодан бол, жетіскен кім?
Хан - Кене, Ер Махамбет - басын тігіп,
Аңсаған, Асан қайры, ... Ер Төстігім!
Армысың,
Еркін елім - Дербестігім?!!

Азаттық, жаңғырық үн - ақнап құнды.
(Қарыны - ақ түйенің ақтарылды).
Сыймаған кең далаға қуанышты,
Ғарышқа Байқоңырдан аттандырды.
Папи етіп, бар әлемге, мақтан жырды!

Жер шары, кернеулі әлем құлақ тұрді,
Бұғауды бодан халық лақтырды
“Ком-измнің” сәүле-елесі шашыранып,
Ел-елде, дербес жанды, шырақ нұрлы
Тұранды-бөрлі байрақ баурап тұрды!

Азат ел - сенші бекем, көргеніңе,
Абылай - хан ием кел, төрге мінен?
Алаштың бас иейік Билеріне,
Аруақты, тәу етейік Ерлеріне?

Азат күн!
Бақ тілейік - өренінен!!

Сүйінтін - ұзағынан бостандықты!
“Қасыгей” іші қүйіп - дос жан ұқты.
Қазақты жаны дарқан, қонақ жайлы,
Ең алғаш, тұбі түркі - ел, хош танынты.
Болсыныш бірлік-берік,
Бостан - Мықты?!!

Уа, халқым дербес елім - мұратқа жет,
Елдікті - ала ауыздық етпесін мерт.
Бөленді күн нұрына - Тұран жері,
“Жұз” - деген, жұзі қүйіп, өртенсін дерт.
Алашым!
Ендігісі - өзіне серт?!!

16.12.1991

НАУРЫЗЫМ - ЖАҢА ЖЫЛЫМ! (Тілек)

Наурыз туды! Шығыста - елес беріп,
Күн мен түнді, ұғысқан теңестіріп.
Адамзатқа, Ұлыстың ұмы күні,
Тірлік тілең, бірлікке кеңестіріп!

Тұн түріліп, жол берді күнге нұрлы,
Әлем болып, елтіді, үнге жырлы.
Шат-шадыман көнілді, кір шалмасын?
Дұмандағысын, жас үрпақ, сән-ғұмырлы!

Наурыз тойын бастайық, көпке ылайық,
Тазартайың көнілді, өкпе шайыш.
Еш кіршікіз құшақтар, қауышсын тек,
Бінгімаққа жеткізсін, өткел қайың?

Қыран жебеп, үшірсын - лашын құсты.
 Тірлік-бірлік бастады құлшынысты.
 Әлемге әлем - Наурызым жырлай берсін,
 Пайғамбарлар мекені - Құн шығысты?!

Құнисен туған, киелі наурыз айым,
 Бұрлен-әрлен толысып, қауыздайын,
 Ұнтыққан жүрт көктемге, жаңа жылға,
 Бөліп, санағ күтеді Жұлдыз - Айны!!

Шың-шыршасыз, жетім гой шырша-шыңсыз,
 Наурыз-көктем тойына, жыр шашыңыз!!
 Салт-дәстүрмен қазақы, қарсы алайық,
 Құтты болғай, кіндік кескен - жыл басымыз?!

1992

ҚАЖЫҒАН КӨҢІЛ

Калған соң қажып, бұл көңіл,
 Үйым басып, тотығар.
 Ойсызға оңай - күн жеңіл,
 Түрленсін мейлі, тоты қар.

Көмбіс жан жасар, қам талай,
 Қыламын деумен, жоқты бар.
 Пәс күннен тағат таба алмай,
 Жүректе талып, соқтығар.

Ақ көңіл шіркін түншығар,
 Меселі қайтып сенгеннен.
 Үй ішінде де тыңшы бар,
 Ит дәме болған жеңгечнен...

Ішкенің ірің - тілгілер,
 Көңілсіз - мұнды жүректі.
 Болсайшы үнсіз - тіл білер,
 Сыбанып тұрмай білекті.

Күнде бір жоқты іздеумен,
 Қос өкпе өшіп, ентігер.
 Жақсылық жайды көздеумен,
 Арманды таусып... жеңілер!

17.05.91

ЫМЫРТТА

Өркешті өрден, қос өкпесі алқыныш,
Келеді әне, әзег асып жалқы ымырт.
Терең сайдың, үйретіп қуысын,
Онаи әрі, тұксиеді салқын ық.

Суық бұлақ күмбірлөтіп дауысын,
Жайлап алды, құбыжықтар тау ішін.
Зіңгіт тастар, қорбаңдаған аңға ұқсан,
Сал теректер, секілді үлкен қауырсын.

Үрейді алды, қоюланған қараңғы,
Бұлт басқандай көлеңке етті алаңды.

Ай туган жоқ, жүлдышдар да көмекі,
Осы сәтте сездік білем бағанды.

Тез жиналды қайтиң қауым қалаға,
Тылсым беріп таулы - орман, далаға.
Кеңікі тогай тынысы кең ерекше,
Тартпай қойды қыл қобызын бал ара.

Өрден түсіп, жамbastады қара түн,
Жайып жайлы, әлемдік кең қанатын,
Тогай ішін қимаганмен болама,
Тұтін созды, ауылымыз-баратын?!!

1980

САРЫ АЛТЫН

Қылаң берді, арайланды таң жақын,
Бір өлеңді ұзақ таңға жазды ақын.
Таң шолпаны мен мұңдалап шақырды,
Еске салып сарындырган сары алтын.

Балауса қыз, “самородок” сары алтын,
Егіз аққу - біз бол қақты қанатын.
Сен ғұмырлық қадірлім бол, қосағым,
Үзілмесін әңгімеміз - санатым?!

Бақыт құсым, гүл-багыма қонатын,
Қоңыр әнім, қоңырауым соғатын.
Пәк сезім мен нақ сенімді қадір тұт,
Еіл салмақтап, мендік болсаң -
Соны алтын?!

15.06.80

ЖЫРЛЫ ЖҮРЕК МАЗАСЫЗ

Жастыққа тән балрын шақ ұяндырым,
Оңашада ұстайды қиялды кім?
От сезімге өртеніп, сабыр-тежен,
Тұсаулы аттай кібіртік... жиналды мұн.

Жаяу шықпас, құзарға қияламай,
(Ақ қағазды жыр-жүрек сияламай),
Ойда жоқта мөхфәкқа түсіп кеттім,
Жыр есімді, қапылыс жияда алмай.

Дипломым күректей - инженермін,
Шаруаның игердім тиғен жерін.
Әрісті ойды еліме, иті іске арнаң,
Қақ, қақ болып койлекке сіңген терім.

Жыр-жүргегім тұлемей кенжелеген,
Шындықты ұқпас таяқты - ер, жемеген.
Көптен ықсан “тоқ-жанға” бәрі мақұл,
Жаны ауырмас, өз елін елемеген!!!

“Ұлы халық” - бірінші, орыс басшы,
Байы жоқ қызы мәдени-дүрыс хатшы.
Әтсе мақұл, партияға малшы - жалшы,
Пленумда құптау көп, ...ұрыс тапшы!

Шындық жоқта, болама өзгерістер,
Кісендеуі; озық ой, өрелі істер.
Саясатқа жат келіп, маман қолы,
Әткізе алмай жаңалық - тілін тістер!

1981

АРМАН ҚҰСЫ

Бақыт құсы, шықпасаң да алдымнан,
 Қаранды үзбей еріп жүріш соңымнан,
 Алдым - арман; соңым - жалған, қадамнан,
 Жаңылмайын менде жырыш жолымнан!

Егіз бе екен, бақыт құсы, бақ құсы,
 Көрген кім бар, қандай екен, нақтысы.
 Тәңір көкте, жерде болса іздейін,
 Инеменен терең қазып шахтасын!

Тәңір берген өз деңгейім, арнам бар,
 Шалыс бассам кескестейді алдан - ар.
 Асау Муза, жебей жүрсін қолдаса,
 Тілек - үміт, жеткізгенше армандар?

1988

ТЕКСІЗДІК...

Бір ит бар;
 Көп үретін қапнайтын,
 Жынысқысы,
 жортып жүріп айтайтын.
 Атасы ит,

Кішік қанден тек тұрмас,
 Қадеті ескі,
 Тіміскілен жатпайтын.

Дүргегейдің:
 Тегі бар ма тартайтын,
 Ит біткеннің;
 Дәмі барма, татпайтын?

1991

БІР ҚАСҚАҒА

Киналдың-ау қасқа, мен кімнен кеммін,
 Еңбек сүтін тер сіңген, ерте емгеймін.
 Жан азабын арқалап, талмай сүйреп,
 Тозақтың да отына үйренигенмін.

Кәрі домбай, нысапсыз қасқа жан-ау,
 Іш тарлығың ұтты - басқа санау.
 Осы болса білгенің, қызғанишақтың,
 Өзінді-өзің емеспе масқаралау.

Ер жігітке адалдық жарасар тек,
 Қатар тұрып, қинайсың аласар деп.
 Несіне сен қорқасың, мықты болсаң,
 Орынына “орныңсыз” таласар деп.

Зымиян ой сендері басқа ма екен,
 Түсінбейсің тисе де тасқа шекең.
 Сен білместі үн-тұнсіз тындырсам да,
 Көз алартып қоймайсың қасқа текем!!!

25.06.1991

БЮРОДАН СОН

Талайым тас...
 Күрессіз бағым кем бе,
 Айттар сөзге келгенде, жағым кенде.
 Шенеуік бол, шаруамен аласұрын,
 Жыр арнамай келемін, жалынды-елге!!

Төр ие бол, әр істе кіші - ірілі,
 Партияның тәбеті, күшігі үрді.
 Болды талай қан сонар, хан талапай,
 “Бюро” түсін, біреудің ісі жүрді...

Шындық үшін жараган, оймен азып,
 Жүре алмады күрессіз, бойын жазып.
 “Елім қайтсе көгерер” деген жандар,
 Талақ етті айлалы, жоалды жазық.



Жазылды көп, көпірме “қарап-шара”,
Наңты істер жоқ, жоспарлау - бәрі шала.
Шындық жатты шырыладап, талқыланып,
Демеу тапнай, жан ашыр арашаға!

Бастық біткен шарасыз, баспақ-жарым,
Бюро сайын пығады, тастап арын...
Кремльге жетеді жалған ақпарат,
“Ақылмандар” жанынан қосқан бәрін.

Ертең тагы, жиналыс - “ұлken” шешім,
Жиналыста, жиналыс, күн мен кешім.
Жыр-жүргегім торға түскен, тозды білем,
Жағдайымды жасырам, елден несін?!!

1986
Карқаралы.

AFA ҚҰШАҒЫ (Саби Жиенбаевқа)

Бұқар жырау - баба асында,
Шақырдың мені қасыңда.
Құшашаққа алыш тіл қаттың,
Именіп түр ем басында.

- Мұшәйрага қам, тез келмей,
Гафу ағаң шаршаш, сөз бермей,
Кейіндің неге жаза бер,
Оқисың әлі, дес бермей.

Далба тау қоштап жуалы,
Ақылға түстім дуалы.
Өмірден көштің кененім,
Жыр тоғап жасын дұғалы.

Еске алам алау әр таңды,
Жырыңдан тамып нәр қанға.
Жан Аға! Асқақ рухың,
Ойнап жүр мепің арқамда!

21.08.1993

АБАЙҒА ТАБЫНУ

Абай бабамыздың 150-жылдық тойына арналған толғаныстар.
16 қаңтар 1994 ж.

...Абай баба! Өткенге кенде үрпақпрын,
Тағдырына қазақтың менде ортақпрын.
Айтқанында артық жоқ, ...сорақылық,
Әлі де бар, жалғанға не қылмақпрын?!

Сен сырласқан меніреу кәрі жартас,
Қопарса да “атоммен”, бек тіл қатпас.
Ішмерезден сауы жоқ, қалың жұртың,
Ү-тозаңның дөртіне, дәру таппас.

Көбі даңғой басшының, шекпен киген,
Жағымпаз көл, бір енін ішке түйген.
Өзді-өзімен жүрген де арызdasын,
Жер байлышы, былайғы “шетке тиген”.

Үлкен іске, үлкенше кірісе алмай,
Ойлы шара көрmedік, күшке салмай.
Шындық айтқан, ардақтың алдын бөгеп,
Күе жағып күйдірдік, тістесе алмай.

Тыраштанған бейбақта, терең ой жоқ,
Тер төгеді, істерге керегі-ай жоқ.
Өзі болған топастың, рахымы аздау,
Көзделегені сорлының, дүние боқ...

Сол дәуірдің былайрын көрдің айқын,
Тілінді алмай қынады-ау, әттең халқың.
Қара сөзбен өлеңді бірдей баптап,
Фибрат-тілек, қалдырың зерделі алтын!

Ғасыр асып, елу жыл өткенменде,
Өсиетіде түскен жоқ, сыйзат мұладе.
Дәуір өзі, о, тәуба?! Нұрын төкті,
Дербес еліміз! Түсінсе қазақ кенде!

Қара сөзің - пәлсанап, әмбе кие,
Қара өлеңдің - өсиет; әуенге ие.



Қалай әлем, зерделі табынбасын,
Адамзаттың заңдары, әм, әулие?!!

16.01.94

* * *

Абай арман, Абай қайғы - Абай жыр,
Саналыға азық болмақ талай жыл.
Ұлғайған шақ, қайғы-уайым ойлантып,
Жыр құмарым ынтық болған қанбай жүр.

Өситет жыр, оқимында толғанам,
Нұсқайды ол, ашық айшық жол маган.
Ұлағат сөз, қам көнілге демеу бол,
Қысылшаң шақ, ақылым ғой қолдаған.

Санамызға сыналад ең саңылау,
Көп тобырдың кейі мылқау - саңырау
Жетесіздер жетекке де жүрмейді,
Ойы орталау, ісі шала - сан құрау.

Жаның күйген, ескермедік қайғыны,
“Жауданда үйрен” - деген сөз деп, жай мұны
Екшін, өлшеп керегінді ал деп ең,
Тосудамыз, жауар деп “шелпек” қай күні?!!

Кәнір көздің ұлken болды араны,
Ү-боратып, шаңға көмді даланы.
Үш ғасырдай бодан халық, тіл ұмыт,
Салт-дәстүрден жүрдай қылды баланы.

Жеміт көздің - білегінде сойылы,
Қан құмардың соғыс екен ойыны:
Жер-жаһаниң, тең жартысын алса да,
Жоқ-ая тегі жемқор жаның тойымы.

Ойып кірді оргамызға арағы,
Ең құрметті, жиын-тойдың тамагы.
“Достық үшін”, “саулық үшін” - деп ішіп,
Жалпы халық пъяншік бол барады.

Бүтін елде, “зәм-зәм” сусыз ойын жоқ,
Ол жоқ жерде, думан да жоқ, тойым жоқ.
Біз ішкенде астар болмай қалды - орыс,
“Ұлы халық”, кемсітпек ойым жоқ.

Бірінші “ұлық” солар болды әр дайым,
Билеп-төстеп, зормен қақты таңдайын.
Жер-суымды емін-еркін жайлайды,
Бодан күндер ... Осы болды жағдайым.

Әуліе Абай!
Дербес елміз, бел шештік,
Халық аң-таң; болды алғашта сенбестік.
Егемен ел болу үшін, тәубалап,
Сен туғаннан бір жұз елу жыл кештік!!!

27.02.94

* * *

Абайым!
Өтті жылдар кіжінүмен,
Сары-арқа айырылды інжуінен.
Жайлауды ата қоныс - полигон рып,
Басынды бүл да ездік-жүнжуінен.

Кожасы, бодан елдің Мәскеу болды,
Құба жон, сары жайлауга әскер толды.
Атомның “захар” күшін сынамақса,
Жинаады, ойлы басты, іскер қолды.

Бәсеке, күнкі сенген - кісі керен,
Тойымсыз, құзғын - қырги ісі де ерен.
Көрер көз, саналы ойға, айшық салған,
Загип жан, Кәріпбектің - тісі дер ем!!

Дәуірдің атты арайлы қыдыр таңы,
Күйреді “империя”, ыдырады.
Әлі аң-таң... бодандықтан босанған ел,
Қырсықсыз ірігендей қымыраны.

Бостанға басын тіккен талай барыс,
Ерлерді жүргегі отты қайрап намыс.

Ақыры азаттықтың “желтоқсан” бол,
Құрбандың “жетім тоқты” Қайрат арыс!

Егемен дүрлігіп жүрт “аттандаған”,
Секілді, боқ дүние жаттан қалған.
Ұмыттың тілімізді, ділімізді,
“Күн көсем” тезистерін жаттан алған.

Тірелді “изм” жолы тығырықда,
Жығылдың, “нарық” деген жұдырықда.
“Күмбезді” зормен салған, ойран қылып,
жатырмыз; болмайды бір үгіншіта.

Дағдарыс, жалпы жалтаң оң мен солға,
Тезге сап, түсеміз деп қайсы жолға?
Басшы жоқ, ерісі кең, іске шебер,
Сөйлесе, ағын судай ылғи жорға.

Мойымас, тоң мойындау қайран елің,
Намыс қып, өзің талай қайрап едің.
Бүгінде сақал-мұртты сәндеп қойып,
Іліммен қол соуда Айға керім!!

Межесіз, дел-дал халық бостан алған,
Өндіріс құлдырауда босқа қалған.
Жағдайы ауылдың да мәз болмай тұр,
Адасын жүргендейміз, жолда жалған.

Айшықты мақсаты жоқ, жан адасқақ,
Басы жоқ - істің шала, аяғы ақсақ.
Корқамын, өзге олжалап кетеме деп,
Қам қылмай, кібіртікten аялдасақ??!

1994

* * *

Абайым! Тыңда сырымды,
Көп сөз бар іштеге жырынды.
Өрледік өрге - өзге бол,
Көргендей емес бүрінгы.

Болған ел, бодан зорменен,
Зомбылық бар ма көрмеген?
Үш ғасыр тосқан төбесін,
Көмпіс-ау қазақ, өлмеген.

Табынған - отым; шықты Құн,
Ел мен жер азат, мықтываемын.
Қыл бүрау мәңгі шешілді,
Дербестікті - ұлы! Ұқты кім?

Тоқырап еңбек, жоқ жұмыс,
Ақылашы батыс, құн шығыс.
Қиналды халық, дағдарыс,
Біліпте болмас, ит жығыс.

Женілге жайып желкенін,
Ойға алмас ешкім ертеңін.
“Алып бір-сатар” бол алды,
Соңғы ілек, жастар - ертеңім!

“Көш жүре - дейді, түзелер”,
Тірілген қазақ, жұз өлер.
Керуен басы, қайда жүр?!!
Абылай керек, біз ерер?!!

02.02.94

ӨСІРЕР ӨСИЕТ

1. Бес дүшпан

Бірінші дүшпан - өсекті,
Қылмысы ауыр, кесекті.
Жай адам түгіл, бұл кесел,
Арам тер қылар “есекті”.

Екінші жауың - өтірік,
Суайтың келер, өте ірік.
Өтірікшілер құтырса,
Капияда кетер өлтіріп.



Үшінші сүйер, мақтанды,
Айтатын сөзі жаттанды.
Асыра сілтеп даңғойың,
Салады қиқу, аттанды.

Төртінші келер - еріншек,
“Үй болмас салақ келіншек”.
Ер адам болса, ісі өнбес,
Оңбас жан кесір, жеріншек.

Бесінші - бекер мал шашпақ,
Өзінше толып... тыраштап.
Орынды болса, оқа емес,
Дастархан жаю, құлаштап!

Бес қылыш үқсаның дүшпаның,
Ақылға салсаң, қош жаның.
Қылықтан қырсыз қаисаңыз,
Жақсылық болар құшқаның?!?

II. Бес асыл

Бірінші асыл - талапты,
Ғылымға жайсаң қанатты.
Занғарға биік көтерер,
Кигізер ішік жанатты.

Екінші асыл - Ер еңбек,
Тер төксөң сүтін ел ембек.
Қаншама қыны болса да,
Кім қайсар болса, сол женбек.

Үшінші асыл - терең ой,
Маржаны ойдың, терең гой.
Сарала, ізде, аптықпа,
Әліптің арты - ерен той!

Келесі асыл - қанағат,
Білгені жөн гой жамағат.
Құлқының тыйсын қомағай,
Ермесін десе жаманат.?

Жаңсының аты, раңымды,
Игі іске жұмса ақылды.
Сыйласта көппен, бол дархан,
Жатсынба алыс - жақынды?!

Кеменгер айтқан басшы тып,
Көсем сөз әлде барышылық.
Қалғаны кейін бол жатар,
Бесеуін осы, алшы үғып?!!

02.03.94

АСЫЛ АДАМ (Мұхтар Әуезов 100 жаста)

Мұхтар көке!
Әкеммен құрдас екен,
Ғасыр - тогыс, аумалы тұрмас бекем.
Шығыстауда тууы да тегін емес,
Қыдыр қонған, арқалы ырыс мекен.

Шатыр тіккен Шыңғыстай - арыстан Ер,
(Нұрлы сағым арбайды алыстан кер).
Абай тұған толғатып, Арқа белі,
Бесік болған Мұхаңа данышпан жер.

“Болар бала - богынан” - дейді халық,
Шыққан даусы жөргектен жерді жарып.
Көрсө-дагы тағдырдың зор сойқанын,
Артын баққан әліптің, сен бір алып!

Данышпан жан болжайды алдын айқын,
Қапас түнде жол тауып алқынбайтын.
Адастырмас ұстадың Абай жолын,
Зерделі оймен салмақтал, ақыл парқын.

Даңғылыңды тапсаң да өлшеп-пішіп,
Шәуелдеді өлермен өңшең күшік.
“Асыл адам - айнымас” - десе де Абай,
“Қызыл құзыр” алдында болдың кішік...



Даламыздай кең толғау, қазыналы,
Абай жолын жыр еттің базыналы.
Қазақ халқын әлемге әйгілі етіп,
Шежірелі әр сөзде наэың қалды.

Мұхтар көке! Әлемдк ғұламасың,
Ер қазақтың көтердің мұнарасын.
Ғасырлардан бақылың, Құнкей шыңдан,
шүғылалы оқыр еа, жылнамасын?!?

* * *

Абай - Күн боп, өситетті жырын төккен,
Ой орманды Мұхтар-Ай, нурға беккен.
Алыстаған асқардай мұнарланып,
Алаш үшін, Қос арыс нар гой шөккен!!!

1997

КӨҢІЛ ТУРАЛЫ

...Бұл көңілді сұрама ылайланған,
Өткен күндер уайымсыз, жылай қалған.
Шыңға шыңқан қиялдың қанатымен,
Мұнға тұнып көкірек, құлайды арман.

Бұл көңілді қайтерсің құрыстанған,
Болымсызға болдырып ұрыс салған.
Бұлт үйріп жоқ жерде қабагына,
Қарамайды жағдайға тынысты алған.

Бұл көңілді не қылам құрау-құрау,
Аласүрган жөн таптай талай жырау
Қайтсе гана орнырын тынышталар,
Деп әлсіздеу жүректен жөнбе сұрау?!

Бұл көңілді қайырмас, тегін кісі,
Қаяу салып, келмес-ау шегінгісі.
Тоз-тоз болған үмітті үзер едім,
Табылар ма жазғанға - екіншісі?

Патша көніл сезініп жалғыздырын,
Дегенінен қайтпайды, нағыз мығым.
Ескі доспен мен қалдым; ал келешек,
Дербес елдің көріндер - бар қызығын!!!

25.10.1995

АҚЫЛДЫЛАРҒА

...Ақылы кеміс адам аз,
Байқасам бәрі ақылгөй.
Ағайын біткен дүрде араз,
Қайсысы, кімі жәдігөй.

Біліп пе болмас сапырма,
Астан да кестең дүние.
Басыңды босқа қатырма,
Көріпкел, ақын-әулие?!

Жақсылар әсте жоғалмас,
Әр сөзі гибрат - көбі елде...
Ақымақ тумай оңалмас,
“Ақылды” жандар көп жерде!

Сабырлы бастар құралса,
Баянды тірлік жасарма ек.
Бірінің тілін бірі алса,
Әлем бол, оға басар ма ек?!!

26.11.1995

КЕЛЕҢСІЗ ЖАЙЛАР...

Рұхсыз жан - “өлексе”
Құр сұлдері жүргенмен.
Қылықсыз қыз - жез өкіші,
Ар-ұятты білген бе?!

Қалталылар - “сары ауыз”,
Жығады үрып, теңгемен.



Сөзге келсе - бір ауыз,
Келіседі ол “женгемен”.

Әр қимылдың құны бар,
Кысылған көз - ишарат.
Өнешті адам құнығар,
Дәстүр “оңды” - не шара?!

Теңге тозып, киілкті,
Доллар деген - алпауыт.
Сауда алды ғой билікті,
Көздің жауын - ал, мауыт!

Өндіріс тоқтап - жұмыс жоқ,
Күнкөріс үшін жалтаңбыз.
Сән-салтанат - ұлыс жоқ.
Тіді ме теріс батамыз.
Бүйте берсек - “дұрыс” жоқ,
Ел болмай, қараң батамыз!!

1996

БОЛДЫРДЫҢ БА ӘЗ ЖҮРЕК?

...Махаббат жайлы ой бітпей,
Қызық пен думан той бітпей.
Ақын жан сері, қунде өуре,
Сайранды қуып, бой күтпей.

Жалынды жастық - сынаптай,
Үдере жортқан құр аттай.
Жол - соқты болған көп жылдар,
Қоярма бір күн құлатпай.

Эсемпаз көңіл, көз құмар,
“Аңы су” ішсөң - шөл қылар.
Қы нәлсі женсе тыраштап,
Елірме жүрек тез құлар.

Алқынып өкпе соқтығар,
Жүрген соң қуып жоқты бар:
Тозықты жүрек әлсіреп,
Тиянақ таппай оттығар.



Әсіре сөзге, мәз жүрек,
Ыңдының қайда, әз жүрек?!
Қинайсың неге патшагар,
Болдырғаның ба тез жүдеп?!!

1997

ШИМАЙ ЕМЕС...

...Құдіретті өлеңді “шимай” дедің,
Неге мұнша теріде сыймай келдің?
Бәрін, бәрін шақпашы теңгелерге,
Қасіретін жүргем жырлайды елдің.

Бәрін, бәрін... шақпашы теңгелерге,
Нарығында жыр-жүрек тең келер ме.
Поэзия Рухы - жүрсе де көш ілгері,
Құлқын ойлы, оздырмас өнерді өрге.

Тоқта жаным! Қоныс бер орамды ойға,
(Толмады деп, қинама қорам қойға).
Бүтін озған “ұшқырлар” соқтығылар,
Сонда Муза! Бәйгі алып оралмай ма?!

...Еріккенге инженер, ермек пе едім,
Елес құған құнімді жерлеп келдім.
Кеуде керген Музага көңіл бөлмей,
Ел не көрді; Күндіз-түн еңбектендім.

Енді, болды, мұң шағам, ой қазамын,
Елес құннен арылып бой жазамын.
Сөз-патшага тәу етіп аз ғұмырды,
Мойынға алам, өлеңнің жол азабын!

Сениңі жаным,
мұршам жоқ қарайтуғын,
Қүйкі тірлік,
көңілім қарайды тым.
Сөз құдірет қолдаса,
келер құнім,
Сәтті жырды болсыншы, санайтуғын?!

1996

ҚУ МЕН СҮМНЫң - ШКІ ОЙЫ

Сығымдан қысып қыз қылып,
Тереңнің шетін жалдаймын.
Өтірік сөзді - қыздырыш,
Тіл үйрер дәмді, балдаймын.
Пайдалы істі жүз қылып,
Лебізбен жылы алдаймын.

Жалақы алып, байыдым,
Дегенге әсте наңбаймын.
Болмасқа бекер, жай ырым,
Жасау үшін текке бармаймын.
Өзіңде десе дайынмын,
Сенімді құшім-нардаймын!

Отырған төрде “хандарға”,
Кітаптың сөзін арнаймын.
Аңгалақ, аңқау жандарға,

Деме ғып текке, арбаймын.
Өзіңде жоқта, мән бар ма,
Жолатпай жекіп, қаргаймын!

Осынша тәсіл табатын,
Айтақтамайақ қабатын,
Қажетті тауып алатын,
Айтыш мен осы, қандаймын?
Өзіме тең жоқ, дардаймын!

1997

ӨТКЕН КҮНДЕР...

Өткен күндер, келер күнге баспалдақ,
Талап қылсаң, қызыңтыраң аспан-бақ.
Өтсе - өкініш, үміт алға сүйретер,
Тірлік барда, талпын жігіт - қос қолдан.

Кайғы-уайым басса еңсөң зілмауыр,
Көтермесең көрер көзге - тілге ауыр.

Сын сағатта тәуекелге келмесең,
Шыдай алмас нәзік жүрек, кір-бауыр.

Өткен күнге өкпе жүрмес деп білем,
Дақ түссе де екі өкпеге текпіден.
Тұлкі заман бұлаңына ілессең,
Ұмытарсың туганыңды тектіден!

Өткен күндер, туар күннен үмітті,
Таразы - өмір, кім ұтылды - кім ұтты!
Келер күнім, бақытты елім, азаттық, -
Арттағы үрпақ ғұмыр кепсін, кіл-құтты?!

Өткен күндер, келер күнге - қол созған,
Сәттерінді ескеріп қой, болса озған.
Алдағы күн, байқа шырақ - алдамшы,
Тың іздерін боп жүрмесін, жол тоған?!

Келер күнге үміт артсаң жоспарлап,
Еңбек қылғай ерінбей еш, қос қолдан.
Жеңіс туы желбірейді тәбеңде.
Әр ісіңді, жүрсе жақсы - дос қолдан!!!

1998

ЗЕЙНЕТКЕР МЕН БЕЙНЕТҚОР ӘҢГІМЕСІ

Зейнетақы: біріншісі - 40 000 тг.
екіншісі - 4 000 тг.

Халық қазір қой емес айдағанға жүретін, алдағанға көнетін.
Оз дегені болмаса, келіспейді,
кессеңдагы қоң етін - деп күрсінді бейнетқор,
үстінде бешпет көне тым.
ал әңгімеліл, зейнеткер зейнетақы, жоғары,
беті жылтыр, мойны доғалы,
құтыңдайды, өте тың!

Бейнетқор:

Еңбек еттім ерінбей,
Еш жұмыстан жерінбей,

Сонда да “изм” күмбездің,
Тәбесі қойды көрінбей.

Зейнеткер:

Мен де еттім қызмет,
Кабинет жайлы, қызық ед.
Думан тойлы комсомол,
Қайда барсаң, қымыз-ет.

Бейнетқор:

Таңмен атып жалаулап,
Күнмен баттым алаулап.
Сонда да өнген бір іс жоқ,
Есеп-шотта кіріс жоқ,
Жүгірсек те танаулап.

Зейнеткер:

Біздер жүрдік “өкіл” бол,
Ақпар бердік нөпір көп.
Тер малшынған жан құсан,
Дәкейлерден алғыс ап,
Жайлы орынға - көпір сал.

Бейнетқор:

Жылдар өтті... әл кетті,
Жалған ақпар әнгі етті.
Бос болмады қолымыз,
Толмады орта қорымыз,
Өлшеусіз істен мән кетті.

Зейнеткер:

Қызмет өсті, бізде өстік,
Абат бақта жүздестік.
Қызы-қырқынға қырындан,
Ақшадан да жырымдан,
Сызылып “біз-сіз” дестік!

Бейнетқор:

Ия, сіздер гой бөстіңіздер,
Ішіп-жеумен өстіңіздер.
Жай халықты қанаң “жатсыз”,
Партократтар қанағатсыз,
Құлдырыды іс... естіңіздер?

Зейнеткер:

Ия, естіп тұрмын, баяры ісім,
Үзілген жоқ - байланысым.
Әлі ештең үміттылмайды,
Көсеп жеген тұтылмайды,
Жалағанға бар - аянышым!!

Зейнеткер: Мерседеске мініп кетті;
Бейнетқор: Троллейбуспен үйіне әрең жетті.
Осылай кеңдейсоқ әңгіме бітті.

1998

ӨРТ - ТІЛСІЗ ЖАУ

...Маусым айынан, тамызға дейін бір тамшы тамбады.
Аспан күйіп, жерге түсердей күн алтап ыстық болды.
Қарагандыдан Қарқаралыға дейін өртенбеген сау жер
қалмапты. Өрт қаулап, өршеленіп жаңып жатыр,
өртті өшіріп жүрген ешкім жоқ. Өртенген жердің
жан дауысы, менің жан күйзелісім осы өлең болып шықты.

Тамыз, 1997 ж. Е.С.

...Өрт шықты тілсіз, қүйқасын жердің шылжғырын,
Құттырды құйын, есірді жедде ызғырып,
Жалмады жалын, қап-қара қылышп жер бетін,
Адыра қалды, құмартқан көнділ, дүз - қылыш!

Өртейді орман, өксінге толы тіршілік,
Қарайды аң-құс, жер менен көктен түршігіп.
Жан-жануарларға, қасірет болды бұл апат,
Қыршын бол кетті, көк майса құрақ, тал-шілік!

Шарпыған сәтте, күшненен дүлей от қаулап,
Даланың шықты, жан-дауысы аңы, шоққа аунап...
Сол шақта ешкім, қол үшін берер болмады,
Құніренді тау, алғандай жерді "жоқ"-жаулап!

Өртеніп кетті, бықсыды шала өртейде,
Жер-Ана сыйсып, жылайды жоққа; бұлт - емге.
Қүйіп түр Қүнде... тесіле қарап, тілеулі,
Келсе еken деп, керуені бұлттың... өртейге?



...Жайларған еркін, түркі-тек, ата-бабасы,
 Қасиетті жайлай, жатқанда жаңып даласты,
 Қалмаған сыңды, ер-текті қазақ, шынында,
 Өшірер өртті, сыйбанып білек баласы?!

...Атан да, Аттан!!!
 Жер-ұйыққа - жау шапты,
 Өрт тілсіз - жау ғой,
 өксіндер жаңып, қаусапты.
 Егемен слім!
 Өртенді жерім - Ер қайдада?
 Жер-Ана жансар,
 Көзінен жасы, қанша ақты!!!

Аттан да, Аттан?!
 Өрт тілсіз - жау,
 Жау шапты!!!

1997. Тамыз.

КӨЗ ЖҮМҒАНША...

...Көз жұмғанша,
 ой-қайнардан
 шым-шымдаپ бір,
 шыгар екен
 сөзім қанша?!

Көзін ашып,
 сол қайнардың
 мөлдіріне,
 бола алмадым
 өзім ғашық?!

Айырық жол,
 “изм” жұмына сал,
 инженерлік. -
 кәсіпке нақ
 апарды сол.

Өкініш зор,
ашылмаған,
ішімде өліп,
жазылмаған
ойларым мол...

Өкінгенмен
өткен келмен,
бұлдыр елес,
бұл бір белес
өлім төнген...

Алда ғұмыр,
сағым бұлдыр,
өтпе кезең,
тезін сезем,
жерде жұмыр.

Қайта жанған,
багы заман,
көздің жасын,
көл қылмасын,
қылыш жалған?!

Бәрі “көсем”,
әрі шешен,
осалы жоқ,
қосарың жоқ,
ғұмыр кешем!!!

31.03.1997

* * *

...Кешегіге жалтақтан,
қайта-қайта қараймын.
Келер күнді салмақтан,
Үміт жібін тараймын.

Дербестікке не жетсін,
Бағзы заман арманы.
Қын шуағы тербетсін,
Үміт болсын, жалғаны.



Істің көбі - асығыс,
Аптығуда не мән бар?
Салиқалы, анық іс,
Шептілмесе күмән бар.

1997

* * *

Көп іздеген, таппақ қой,
Дөп бағдарлап шешімін.
Білімдіден шықпақ ой,
Тілін алса, несі мін?!

Колда барды ұқсату,
Қас шеберге, тән қылыш.
Басы болса тым қату,
Істе тынар тыңғышы!

Істің көбі, бүгінде,
Шешім танты - ат үсті.
Шығыс қарап, көбінде,
Үлгі етеді батысты.

...Қазақ атты, бұл елде,
Ескерейік, ер барын.
Қазыналы нұр жерде,
Тұган талай, нар-дарын!!

10.04.1997

* * *

...Қиратпай-ақ өткенді,
Жалғастырган дұрысы.
Көтерсе биік, шеккенді,
Жарқырап әмсе, нұрлысы.

“Керісі” көксеп өткенді
Тектісі алға үмтүлар.
Тұтатса ардақ-өшкенді,
Жаңғырығар, құлпырап!

12.04. 1997

* * *

...Мұңдаймын... қамырамын,
Ой ойлаудан жалығамын.
Қыс-тағдырдың жауыш қатқан,
Қабағыма қары қалың,
Одан қалай арыламын,
Асыл текті, жарым-арым.
О, Тәңірім құдіретті,
Кешір, жайды үк - жалынамын!!!

Ойлай, ойлай мұнға ұямын,
Еңкіш тартты шың-қияным.
Көктем уызы кермек татып,
Бал орнына, у құямын.

Мен қашан бір, ес жиямын,
Ілесе бермей тобырға,
Желісіне қашан көшем,
Боз жорға мен Жел маяның?!!

1990

ЖАС ҰЛҒАЙДЫ...

Жас ұлғайды, қадір тәмен... “тас-Аймын”,
(Аллаға ылайық әлде қанша жасаймын.)
«Шенді-пенде» солай үқса, не қайран,
Тұн үйкисызы, ойды оймен қашаймын.

Көңіл патша! Азайса да әліміз,
Солғын тартқан, әжім түскен әріміз.
Қариясын құт санаса, өскен ел,
Үйтқы болып, жөн сілтер ек әлі біз.

 Қөрген қарияның ойы - аның,
Мұлгіген жүрт, қашан тыңдар оянып.
Әркениетте өріс алыш, тұрган жас,
«Көркі әсем» - болса дейді, бойы Алыш!

Замананың тазысына жыстырып,
Бейнетқорды - зейнеткер деп, үқтырып,



Атағына - сай келмейтін тәңгемен,
Қамап қойды, тірі-үйіне бұқтырып...

...Алдагы күн, сәуле күнгірт, сүреңсіз,
Күн көрістен, қуат аздау, түр өндісіз.
Жас қартаяр, қайғы ойлантар, сол шақта,
«Шенді-пенде» не қылмақ ол, түреңсіз?!
Ақыл емес, бұл айтпағым, қүрең сөз!

17.10.98

БІР БАСШЫҒА

Тұксийп паң қарадың шіміркеніп,
Орындыққа кетіпсің тым шіреніп,
Сыртқа сырбаз көрінбек болғандайсың,
Жымысқысын жасырып іштің жемік.

Тікірейіп мұртында селтеңдеді,
Терең тартып шұқырың желкендегі.
Әр сөзінді нығарлап әзер айттың,
“Кол тимейді, келсең деп”, ертең тегі?.

Аргымақтай хатшы қызы, балтырлы екен,
(Ішінде үйіп, қаншама қан тұрды екен).
Құлагына ымменен сыйбыр еттің...
Тыжырынды тек сенің жалтыр шекең.

Ертеңің еш, хатшы қызы кіргізбейді,
Сенің қолың тимейді, күндіз дейді.
Отырсаң да орнында, жоқ дегізін,
“Құйтырқы ақыл” арам ой нені іздейді?

Байқа мырза, үрлігің үрттың керсін,
(Осы елдин; қазы-қарта, құртын жейсін)
Үәде етіп, наңдырып, кеткеннен соң,
Ғайбаттан, “бұл негіп жүр, қыртың” - дейсін?

...Тағы да ертең, ертең еш, жоқ боласың,
(Бір басыңа ішер жем, тоқ мол асың).
Көп қарғысы... түбінде жаза аларсың,
Өзің-өзің жалғыздық - соқ, моласын?!

10.04.97

КЕЮ (Базарда)

...Сорасын сыйып жанымның,
Ағыздым жасын көзімнің.
Сүйылып судай қанымның,
Жері осы жеткен төзімнің.

- Айнала, тола адам көп,
Кешірген тірлік, таласа...
Мұңымды тыңдар адам жоқ,
Жаныма түсіп араша...

...“Иzm”-нің қудым елесін,
Тер төгілді-ай қаншалық,
Тыңдадым ақыл-кеңесін,
Жалпыға жайдым, жан салып.

Бел шешпей өттім, күреспен,
“Иzm”-нің туы жығылмай.
Өкпем де өшті, тіреспен,
Жан-алқымга кеп тырылды-ай.

Арманды биік, сындырды,
Жұлдызып жастық, қартайды.
Ақынжан нені тындырды,
Аяқ асты сусып, жар тайды.

Жыр-жүрек жүдеу, күй - дертті,
Қол - еңбек, тәйір сол ар ма? -
дедім де кеттім, сүйреттім,
базарға барып, қол арба!

Базарда тобыр, арпалыс,
Телміріп терген, сор - асын.
“Содырлар” жүрген, қалтарыс,
Ағызар жаниңың сорасын.

Қажытты арба шиқылы,
Талдырып қолдың қос қарын.
Арбаган Музға сиқыры,
Қиналды көңіл қоштарым.



Сонда үқты, көрі тарамыс,
Бейнеттің - бейнет екенин.
Ойшылға озбыр, қара күш,
Тосқауыл қойса не етемін!

Бойымды басты қалың мұң,
Көтертпей еңсе, ез - тірлік.
Кім сұрап жайын қалымның
Жоқ жерде ауыз - сөз бірлік.

Сорасын сығып жаңымның,
Тауыстым майын көзімнің.
Қызыу қашып қанымның,
Жері осы;
Жеткен төзімнің!!

1998

Қарғанды қаласы.

ОДАҚҚА НАЗ

...“Адамның данасы
Жасы үлкен ағасы”
Абай.

Жазушылар Одағы,
“Жасы үлгайғандарды мүшелікке
алмаймыз” - дегенді естігенде туған
өлең-наз.

Е.С.

..Алсаң ал, алмасаң қой мүшелікке,
Одаққа өткендерге күш еніп пе?
Пысықай қалталылар өтіп алып,
Дарынсыз жүрген көп қой күшенип те?!

Таңдалты - таңдаулыны, жасқа қарап,
Қажетсіз болғаны ма басқа талап?
Зиялды ел қариясын құт санаушы еді,
Толыслай жас не қылмақ, асқа жарап.

- Рас “измдік” шаңырақша уық ілдім,
Көтердім қаһарында уыт-зілдің.



“Панпартия” нұсқауымен қызмет қылыш,
Арбасын болды ілгішек жыры-тілдің.

Жазылды өктем жыр бол күйзелісім,
Қағаз бол, істің көбі - күйген ішім.
Ұнатпай, тың ой айтсаң - деді хатшы;
“Бұл неге істейді деп, үйдегісін?!”

Отыз жыл арналыстым, “ұлың” болдым,
Құрмеуі шым-шытырман, құлдың тордың.
Жымына түсіп кетін, көпін бірге,
Шырмауына оралдым “құлың” жолдың.

Бұлықтан өкпе-өтім жарылардай,
Мұжіліп құлар болды, арым-жардай.
Ақынжан сыр ақтармай жүре аларма,
Зымиян түк сездірмес залым жандай.

- Ал, енді бостан - арман, ар - қолда деп,
Азаттың арымасын нар жолда деп,
Кешігіп сырды - жыр гып қақтым есік,
Одақты қасиетті - Ақ орда деп!!!

Алмадың, жасқа қарап, алмасаң қой,
О, Музалап - жүрек от бол, жансадағы - ой
Жыр - бұлақ сыйзықтатса - бір арнаға,
Ақын да, арман бар ма, жан - садаға гой?!!

22.07.1996

ЗАМАНА СЫРЫ...

Замананың тоңы қалың, асты ызғар,
Біз тататын жеткілікті ас-түз бар.
Адамдықтың асқарына шыға алмай,
Жанды нала өкпе қысып, бас сыйдар.

Тым дәрекі болыш, толған “бассыздар”,
“Оңай олжа” қалталыға жас қыздар.
Әсемпаздың, жұмыссыздың-абыройды,
Тәрік дәстүр; жалаңаштап ашқызар...



Әр мұліктің айшықты - ашық нарқы бар,
 Құлқын құмар, түпсізден не, артылар?
 Тұрганда алтын, асыл жиһаз көз арбан,
 Бәрі сатып алынарда, сатылар.

Адам көркі - шүберек деп білген біз,
 Шолтаң көйлек, оғап көріп құлғенбіз.
 Ал, бүгінде көрпеміде ашылды,
 Замана осы; мейлі үрсыңыз, күндеңіз?.

Бостан елміз, өзімізде ерік бар,
 (Арсыз ойда, есерлік пен желік бар).
 Не қажеттің бәрі де бар базарда,
 Саудаласта, алмаганың жеріп қал?.

Замананың беті жылтыр, асты ызгар,
 Ел тататын әлі талай ас-түз бар.
 Түнілерін күні ертең білмей ме?
 Жеміт көзді, қалың қалта-бассыздар!

1998

ҚАЖЫДЫМ, ҚИНАМАШЫ...

...Қажыдым шың, шамадан тыс қажыгттың,
 Салмағы ауыр, тағдыр салған қамыттың.
 Жегі құрттай, жан-жүйкемді жедің-ау,
 Отына да шыдар едім тамүқттың.

Ойлай, ойлай шешім таппай адастым,
 Қүйе-қүйе жаласына айдастың.
 Өзімді-өзім отқа салып пісірем,
 Обалына қалмау үшін жалғастың.

Тағдыр кез қып, долы жанның жойына,
 Каңқу сезден, у жайылды бойыма.
 Қашрейіп, жоқ болуга айналдым,
 Қінә артар деп, келер үрпақ сойына.

Қасіретін күйікі тірлік тұрмыстың,
 Сездірмеуге дос-жаранға тырмыстым.



Әткір ашу кесе-кесе бітірді,
Ақтарылды іштегі сыр, жымысқым,

Мен аулақпын жаман ойдан жарым жан,
Оқыс жағдай, табылайын жанынан.
Сабыр қылши, шектелсінші шекісу,
Қиналмашы, қинамашы жалынам?!!

1999

КҮН ҰЗАРЫП КЕЛЕДІ...

Қыста өтіп барады, қызыл құлақ,
Қүнде көзін қадайды ұзақ-ырақ.
Қыс сіресіп бақса да, табиғаттың,
Бұза алмасы, шындық қой заңын бірақ.

Күн ұзарып келеді, қол ұзарып,
Нұр шуағын төгеді, ол - қызарып.
Тұнгі ызғардан аппақ - Ай құлақтанып,
Кетпестей бол жатады, қар-сыз арып.

Қүннен-қүнге, Күн төгер шуағын мол,
Наурызда жаңырығу - жоралғы жол.
Терістіктен тепсініп жел ызырық,
Барып, барып түстікке, оралады - ол.

Күн ұзагын паш етті, көктен-елге,
Қар өкпелі, жылауық - өктем желге.
Жаңа жылым - Наурызым, көші келіп,
Шаңырагын көтермек - Көктем жергел!!

27.01.1997

ДОМБЫРА

Бауырима басып сені домбырам,
Көкейтесті, жыршы құсты қондырам.
Пернелерге көзім жұмыш қол салсам,
Көкіректе күмбірләйді қоңыр ән.

Коңыр үнгө балбырайды бауырым,
 Құлагыма келеді бір тәуір үн.
 Елпілдейді екі өкпе де желігін,
 Арқа қозар, құрыс жазып жауырын!

Ерке сылқым әуенге елтіл тұла бой,
 Су жаңа әнге, сөз маржаның құрады ой.
 Бірін-бірі сүйемелден көтерсе,
 Жан-тәңімен құлагыңды бұра ғой?!!

1997

ТІЛЕК (I)

(Әзіл-шыны аралас)

...Мен өлсем, қазақтың ұлы
 ақындарының бірі болып шыға
 келемін деді әзілден, замананың
 таршылығына нальш Серік-сері!

...Сөнбе Серім!
 Жаныш тұрып алаулап,
 Жан-жагында жүрсе де иттер танаулап.
 Балағынан тістегенге көз салма,
 Тамағынан алғандарға қарау хақ!

Өлең сөздің: Абай айтқан - тәңірі!
 (Жетсе жетер тек Алланың әмірі)
 Жыр өлкеде, ерек тұлға бол жүріп,
 Алмашы ойга, “жаман” сөзді-әмірі!

Серік-сері, жүрген жердің бәрі шоу,
 Қыргызыбын деп әзілдейді ...Ала тооу!
 Мұзар басты Алатауды бөлмейік,
 Ғұн бабамыз, Тұркі атамыз болар дау?!

...Өлгендердің бәрі кептес - Ұлы бол,
 Тірі өлік көп, жүрген құлқын құлы бол.
 Әз халқыңды қуанта бер, жыр оқып,
 Алты Алашқа - Ақсүңқардың ұлы бол!!!

Казан, 1999

ТІЛЕК (II)

Серік сері 50-де

Саған ауған арманы Сарыарқаның,
 Арқалы ақын Серігім, сал-дарқаным!
 Адам-Ата, haya-Ана рухына тәу етіп,
 Поэзия көгінде, рауандап атқан таңым!

Пәлсана - жыр; Тәңірге тіл қатқандай,
 Әлемді - ойлы, үйітып тышдатқандай.
 "Шайтан көл"-дей сұлу ән мөлдіретіп,
 Гапың жардың жүргегін жылатқандай.

Қырандардың сал-Серік, мүэ балағы,
 Жалғыз арша - тас тескен құзардағы.
 Қара орманы саялы, баурайы абат,
 Қарқаралы - ақынның Муза бағы!

Дара бозым, отты өлең жасындаған,
 Асқарлаисаң, ел риза - Қасым ағаң!
 Алты алаштың арқалы ақыны бол,
 Азуы алмас, жебесін - Қасқыр бабаң!

08.03.2000





КӨҢІЛ КҮЙІ - ӘУЕНДЕР

ЖЕТИМ ҚАЛҒАН ҚҰРАЛАЙ

Кездесті елік, келе жатқан аттыға,
Тұра қуды қамины басып алтыға.
О, гажап ай, елік үзап қашнады,
Лагы оның тобылғыда жатты ма? (2 рет).

Көздеді аңшы ала сала мылтығын.
Баспақшы ғой аң құмарлық ынтығын.
Ажал аузы қаһар шашып бүрк етті,
Қорғасын оқ тесті еліктің қолтығын. (2 рет).

Жарапанды сорлы анасы сүті ағып,
Ақ құмардың көңіліне бұл құба-құп.
Лагына әрең жетті әлсіреп, әлсіреп,
Тұскені ме, ажал атты бұғалық? (2 рет).

Маңырады... ыңыранды... құлады
Ұшып тұрды үйқыдан пәк лагы,
Иіскелейді қансыраган енесін,
Елеңдейді құралайдың құлагы (2 рет).

Келіп қалды ат тұяғы дүбірлеп...
 Жаралы ана “қаш” дегендей күбірлеп.
 Елең қағып от жүргегі шошынып,
 Зытты лагы жетімсіреп, дірілдеп (2 рет).

1982 ж.

ҚОС ҚОҢЫР (әндеуіп)

Жібек шоқы, Қос қоңыр,
 Қөнділ қошын тосты өңір,
 Жүргегіме сайратып,
 Бұлбұл үнді құс қондыр?!

Туган ауылым - Қамхорым,
 Алтын бесік - жан қорым.
 Ақ сүтімен анамның,
 Жүректен жыр алды орын.

Шөл құмары - нұр ағын,
 Қайнар суы Нұраның.
 Ата-қоңыс бастауым,
 Терекінен бұлағым.

Туган жерім, ырысым,
 Қорған баба - қоңысым!
 Қіндік қаным-қызыгальдақ,
 Жан саяссың сол үшін!

Жібек шоқы, Қос қоңыр,
 Қөнділ қошын тосты өңір.
 Жүргегіме сайратып,
 Бұлбұл үнді, құс қондыр?!

1975



ЖАНАСЫЛТАЙ

(қарындаңасқа)
(әні бар)

Қызылып қарадың-ай,
Қимастай қарагым-ай.
Бір көрген қарындас-ай,
Қалмайық адасып-ай.
Жұптасып жүрейікші,
Аққудың баласындаі.

Қалмайық адасып-ай,
Аққу сән, қарындас-ай.

Сұліктей тал бойың бар,
Ақ тамақ, қаз мойын сал.
Гәккулі дауысың бал,
Сызылған маусым жар.
Ән қосып көрейікші,
Мениң де жыр құсым бар.

Мениң де жыр құсым бар,
Әнге орап, гүл ұсынар.

Бойымды ап қүй мениң бір,
Шақырын биледім кіл.
Биледік үн қаттай-ақ,
Үргақтан талыпты аяқ.
Қиналып тұрса дагы,
Кейбір жан ұнаттай-ақ.

Билемден жалықтайық,
Аққудай қалыңтайық.

Кон деуге қимадым-ау,
Жанымды қинадың-ау.
Сымбатың сәндік тұмар,
Болмасын жүзік сындар.
Менен де бәлкім сенің,
Жүргегің наэік шығар.

Сездірмей лұпілдеген,
Жүргегің кімдік құмар?

Қайыруы:
Аққудың баласындаі,
Есен бол жанасылтай.

1964
Алматы

ДӘРІ ҚЫЗ (әні бар)

Жанымды жайсаң жандырдың,
Тұңғың көзі сары қыздың.
Бір сен деп ауган арманмен,
Отырмын ойда жалғызбын.

а-а-ай
Арманым жалғыз,
Өзіңсің сары қыз.
а-а-а-ей дәрі қыз.

Білсемші дәру, дәрісін,
Кисынсыз болды әр ісім.
Жүректі не деп жұбатам,
Таусылды шыдам, әл-күшім.

Бар ма деп мендей ынтың жан,
Көкірек керіп сыр тұнған.
Мен жүрем бей-жай сездірмей,
Көз алмай сенің сыртынан.

Артса да ындын, батпадым,
Арман жыр жазып хаттадым.
Бермек боп саған келгенде,
Бір ауыз сөзді таппадым.

1967
Камкор ауылы

ҚЫМБАТТЫМ

(әні бар)

Киялымды тербедің көрген сәттен,
 Кимас бейне сүкімді нендей тәтті ең.
 Бөтен біреу сұқтаныш,
 Қадіріңе кетер ме жетпей әттең?

Е-е-е-ең Қымбаттым,
 Сұлу екен сымбатың.
 Бір көрдім де өзінді,
 Бір көрдім де үнаттыйм.

Сен үқсамай өзгеге жарапысың,
 Өртейн деп ішімді барады үшқын.
 Тек әйтейір білгейсің,
 Құлай сүйіп, мендей кім жаныңды үқсын.

Қайырмасы:

Ай сәулелі қоңыр кеш, көусар ауа,
 Ғашық оғы тиғен жан сау қала ма?
 Амал нешік үңласаң,
 Сені аңсатан жүрекке бар ма дауа?

1967. Мамыр айы.
 Алматы.

СЕН БАР ДҮНИЕ

(әні бар)

Нұрлы көзің сүйкімді,
 Алып кетті-ау үйқымды.
 Өзінді көрген сол күннен,
 Жоғалттым мен күлкімді.

Қайырмасы:

Жоғалттым мен күлкімді,
 Бей-жай жанмын бір түрлі.

Жүргімде маза жоқ,
Қандай жан ең сүйкімді.
Е-е-ең қандай жан ең сүйкімді.

Айтқан сөзің - балдай-ды,
Тұла бойың - қандай-ды.
Құлын мүшес ғалбыраң,
Өзіңде тартып арбайды.

Қайырмасы:

Өзіңде тартып арбайды,
Әдептен әрі бармайды.
Сыртыңдан болдым ынтызар,
Ішіме түсті бар қайғы. - 2 рет

Таңдан тұған нұр ма едің,
Сыр ғажабын білмедім.
Алғашқы айтқан бір сөзің,
Көкейімде жүр менің.

Қайырмасы:

Есімде бәрі жүр менің,
Сәл жымның құлгенің.
Қандай ғажап дұнис-ай,
Ғашың бола білгенім!

16.01.1978

СӨНБЕ АРМАН ЖҰЛДЫЗЫМ (әні бар)

Ай тұғанда меңдей ғана жұлдызыым,
Күн тұғанда таңғы нұрдай бір үзім.
Жүргімем үя салған мәңгілік,
Сенсің менің бұлбұл үнді жыр құсым.
ой-ой-ай, жыр құсым

Қайырмасы:

Мендей гана жұлдызыым,
Таңғы иүрдай бір үзім.
Жүргіме мәңгілік,
Ұя салған жыр құсым.
Жайна, арман жұлдызыым.

Кеш құрымнан жарқырайсың күлімден,
Қиял құсын дірілдегер түнгі леп.
Сағындыромай келер деген үміт-ән,
Сейілтеді құдік ойды тілгілен.

Жарқырай бер қүлімден,
Армандаймын күнім деп.
Сейілтеді үміт ән,
Құдік ойды тілгілен.
Жарқырай бер қүлімден.

Көк күмбезге шашқан шашу күмісім,
Көп ішінде сенсің жалғыз нұр мүсін.
Іші-бауырым елжіреумен, көз алмай,
Қарай-қарай өтермін бе кім білсін?!

Шашқан шашу күмісім,
Сенсің жалғыз нұр мүсін,
Қарай-қарай, көз алмай
Өтермін бе кім білсін?!

1978

Қарқаралы қаласы.

ҚАЛҚА БАЛА

(әні бар)

Толғатып жер жаннаты Қарқаралы-ай,
Тұыпты сені әсем ғып қалқа бала-ай.
Сәнгे өскен сұлу шыңға бал қарағай,
Қол бұлғап, сағым арман тартады алға-ай.

А-а-а-о-ой...

Қалқа бала-ай,
Қалың қалай.
Өзінді сүйген жанда,
Арман бар ма-ай.

Қалқа бала-ай,
Сағындырмай
Келіп журсен болады,
Көңілім жәй, а, а, ай...
Қалқа бала-ай
Хабар алмай, сағындым-ай!

Баурайы түкті кілем Бұғылы шың,
Тұрленткен төрт дүние құбылысын.
Беймаза лұпілдейді Жүрек көлі,
Тірліктің махаббатсыз күні құрсын!

Қайырмасы:

Өзгеше сымбатың бар, сыны басым,
Жап-жасыл кім сұрайды шынар жасын.
Деймісің жүректі - ер сүйген болса,
Сарғайып, сағынышты жыр ариасын!

Қайырмасы:

1996
Караганды.

КЕЛШІ ӨЗІҢ, АЙЫМ! (әні бар)

Келші өзің, Айым,
Назды әнім дайын.
Салғанда шырқап,
Тербелер қайың.
Келші өзің Айым!!

Қайырмасы:

А-а-а-ай
 Сағындым айым,
 Сағындым айым,
 Тұсінсең осы-ау,
 Менің де жайым.
 Келші өзің айым!!

Аңсадым айым,
 Құн өткен сайын.
 Тауыстым қарап,
 Көздің де майын
 Келші өзің айым!!

Қайырмасы:

Қайдасың айым,
 Болды осы уайым.
 Жаз өтті, күз кеп,
 Сарғайды қайың.
 Келші өзің айым!!

1968 жыл,



Асыл жар

- поэма -

«Дос - жаманшылықта, батыр - шайқаста,
адал - қарызын қайтаруда, әйел - кедейлікте,
туған-түйс - кеңдік, тарлықта танылады»
(Үнді нақылдары).

...Асыл жар - аналарға арнаймын:

1. Асыл анам - **Бекен Аманбай қажы қызына**
2. Үлкен жүректі апамыз - **Үміт Білтебайқызына**
3. енем - **Ажар Базарқызына**
4. Ұлы Отан соғысының ардагері, дәрігер,
медицина қызмет үздігі - **Рахима Жанқұлқызына.**



ЖОЛДАҒЫ КЕЗДЕСУ

...Ауыл десе ішкен асым батпайды,
Уақыт жетіп, қолда тиіп жатпайды.
Қолын бұлғап асыр салған шаңдақтар,
Көңілде елең, ойда алаң қаптайды...

Қас қаһарлы парияның жарлығы,
Саған қарап не жұмыстың барлығы,
Тұргандай-ақ: жылында бір демалыс,
Ала-алмайсың, қинайды осы тарлығы.

Үш жыл күткен демалыста бүйірды,
Сағыныш құс самғай ұшты қыырды.
Отбасыда тез қамдалған, бала мәз,
Арман ән боп тұла бойға құйылады.

Көк москвичтің жүрісіде өнімді,
Жүрген сайдын таулар жақын көрінді.
Артта қалды талай дөңес, қырат-бел,
Қарсы ескен жел кеберетті ерінді.

Өзен бойлай ақты бір жол ирелең,
Жар жағалай тал-шіліктер билеген.
Көз ұшында ақ шағала - кигіз үй,
Шақырғандай сусын інтең; именем.

Шөл кідіртті, рулімді бүргізды,
Бұл шаңдай түс, шыжып тұрган күндізгі.
Көлеңкесіз ақ армандай кигіз үй,
Мені өзіне сиқырлы арбал жүргізді.

Үй маңайы көк балауса жайқалған,
Бәрі ретті, артық зат жоқ байқалған.
Қос құлын түр көлеңкелі желіде,
Үй егесі үқышты жан майталман?

Жер ошақта от маздайды шоқтанып,
Жаға жайда балалар мәз топталып.
Кексе қатын, құрт жайып түр өреге,
Қажығандай көрінбейді қол талып.



Қонақ бола келгендей біз күйге ендік,
(Ел аралап талай жайға үйрәндік).

Тұсі жыны жеңгемізбен шырайлы,
Есендересін, емін-еркін үйге ендік.

Кіріп келіп, сәлем бердім қол ұсынып,
Үй егесі құшақтады қусырып,
Абыржыдым, танымадым таң жүрек,
Қайда көрдім, түспеді ойға қырсығып...

- Тәрле жігіт, қонағым бол, тәрге шың³
Нұсқағаңда аң-таң қалдым, қол сынық
Ер мүсінді, кең ишкіты, өткір көз,
Үй-іші асем, жиһаздар да молышылық.

- Тапымадық айып қылма жас жігіт,
Қызыметің бар сияқты басшылық,
Сонда дағы жөн сұрасқан, дүрыс қой,
Жолың болсын, барап жерің қаншалық?

- Атым Нарбек, туганымын осы елдің,
Еңбек етіп, тер төгүте төседім.
Сәті түсіп, келем аунап-қунауга,
Туган жердің шаңдағына өш едім.

Атамызды Асан дейді Қараңда,
Еркебұлан жалғыз едім балада,
Еркіндік пе, ерте кеттім ауылдан,
Арман қуып, жүрмін аға қалада.

- Е, енді өзің маган тура қарашы,
Екі көздің не айтар екен қарасы,
Дәуде болса сен шыгарсың жігітім,
Сәдіметтің бар деуші еді баласы.

- Бізде сізді танымадық аласы,
- Менде сендей, осы ауылдың баласы.
Ерте кеттім, көп кешігіп оралдым,
Жүректе көп өткен өмір жарасы.

Азан айтып, қойған атым Қадыржан,
Туа жылап, бейнет көріп қыдырған.
Жеті атамыз Жәумен тегі - Қасқарau,
Сәуле түскен наурыз айы Қыдырдан!

- Қымыз ішіп, шөл басыңдар әуелі,
Мына құнде күйдіріп түр әуені.
Шайда қайнап, тамақ дайын болғаша,
Танысармыз жасап қонақ қадені.

Қымыз келді, аппақ жарқын көнілдей,
Тостағанда кілкілдейді төгілмей,
Астың алды қолға қолға тиғен қымызды,
Ішіп алдық қарайламай, бөгелмей.

Кигіз үйдің қандай рахат ауасы,
Естіледі көп баланың дауысы.
Есік алды аққан өзен сыйырлы,
Үй артында қалың тогай тау іші.

ӘҢГІМЕ ДҮКЕН

...Бастаң кешкен ғұмыр құллы қым-қигаш,
Жағастық шақтан бастайыны мен алғаш,
Көргендерім көп қой мениң өмірде,
Болды жайлар, жүрдік қой аш-жалаңаш.

Балалық шақ аштықпенен өтті ғой,
Талай жайсаң ит жеккенге кетті ғой,
Оны кәзір айтуга да қорқамыз,
Үштік-аштық түбімізге жетті ғой...

Саған балам шет жағасын айтайын,
Көз көргенді бір саралап қайтайын.
Мынау түрған қос қонырдың қойнауы,
Жыныслаган ел еді ғой қайтейін...

Біздің қыстау қоныс тенкен Қарасай,
Түн баласы көре алмайтын қараса Ай.
Іздегендер қайда ауылдан жүретін,
Дәл қасына келіп, көрмей қарас-ай.

Тастыбұлақ айналасы жасыл жай,
Көк шүйгіні желбіретін басылмай,
Сұлу қыздар көп еді гой бой жеткен,
Сал жігіттер сайдың шақпақ тасындаі.

Жаз жайлаушы ек Нұра өзеннің сағасын,
Қазақ білген көштің қадір-багасын.
Көшті жүре туゼлер деп айтатын,
Көш көлікті жолға түзу салғансын.

Көштің сины, салтанаты болатын,
Жасыл жайлау той-думанга толатын.
Ел аралап, әнге бөлеп жайлауды,
Сөнді ауылға, сал-серілер қонатын.

Қандай дәурен, заман еді япымай,
Думан-дуға жиылатын шақырмай.
Ұзақ таңға алты-бақан тербеліп,
Ойын қызып, болатұғын сапырмай...

...Деп анамыз еске алатын кейінде,
Менде айтқанын түйе бердім зейінге.
Кім білген-ау бастан дәурен өтерін,
Мәз боп жүріп жастықпенен сейілге.

ТӨҢКЕРІС ПЕН ӨЗГЕРІС...

...Жаңа дәуір дабыл қақты Питерден,
Қырдағы елде өсек-аяң - ит үрген...
...Ақ патшаның ойран болты ордасы,
Енді аспанинан нұр жауа ма, кім білген?

Кедей-жалшы, шықты шолақ белсенді,
Алғашқы да үміт артып ел сенди,
Көшілік боп көтеріп бір шаңырақ,
Желіктірді жақсы үран сөз еңсенді...

Жаңа үкімет елді жаман алдады,
Сол бір жылдар, тігерге тұяқ қалмады.
Малмен жанын асыраған бұл елді,
Аждаһадай аранды аштық жалмады.



Жаңаша ойлан, бүрмамыз деп бетті оңға,
Балаларды алып кетті детдомға.
Қасыреттің қайсы бірін айтайын,
Ашыққан ел, өліп жатты жол-жонда.

Барлық үкім-басиыларда Мәскеуден,
Бәрі бірдей аулақпын мен қас деуден.
Қызыл дәуір, көшпенді елге жұт болды,
Қазақтарға ауыр тиді басқа елден.

Голощекин нөпір етті қазақты,
Өтпел кезең - көрсін денті, азанты.
....Кремльден келді дағы Мирзоян,
Жасап жатыр деп дүрлікті ел - ғажапты;

Қырдағы елге үлестіріп мал беріп,
Жатыр еken деген сөзге мән беріп,
Ақыл қосып жолдас бала екеуміз,
Қашпақ болдық детдом үйден; сөз берік!

Түн ортасы ауған шақта амалдан,
Тілді жұтып, ешпен басып қадамдан,
Дәретқана жақса қараі келеміз,
Бізге біреу түргандай-ақ қарап нақ.

Келе астық шарбагынан жан қарман,
Жолға тұстік күндіз алған бағдарлан.
Мұндай шақта жүректе үрей, көз алаң,
Ілінгелі тұрар саған, сан қармақ...

Айналамыз қап-қараңғы батпандай,
Айда бұғып көрінбейді ақ маңдай.
Ештікsecte қарамаймыз арт жаққа,
Әлде біреу қуып келе жатқандай.

Күн шығыстан таң себелеп агарған,
Күгін барма деген ойда тараган,
Маңайымыз анық бола бастады,
Жан-жағымыз қалың-жыңғыл қараган.

Қалдық білем шын алқынып, болдырып,
Кім көріпті мұнша сасып жол жүріп.

Дөңге шығып дем алыш аз тұрып ек,
Тоңазыттық, таңғы самал, жел үріп.

Төңіректі байқап алдық ақырын,
Артта қапты он-онбестей шақырым.
Қобалжытқан; жол мұраты - жету гой,
Еміс-еміс естілді арба шиқылы.

Төмен түсіп бұға қалдық, несі екен,
Сол жеріміз қараганиң іші екен,
Төрт көзіміз шығардай біз үңілсек,
Ауылдағы жәмәғайын кісі екен.

Құдік оймен тұрмыз анық сығалап,
Жақындастық жолға таман жағалап,
Көз жатығып алғанин соң жүгірдік,
Сондарынан өгіз арба ағалап.

Қобалжу ма, тұла бойым тасынды,
Лақтырдым қолымдағы сасырды.
Алғашқыда таңырқасқан кіслер,
Құшаққа алды, мені және Асылды.

Үш күн - үш түн жүріп жеттік ауылға,
Аты ауыл, азынаулақ қауымға.
Азып-тозып титықтапты ел жүден,
Жаңа жеткен бірер қара сауынга.

Есіне алыш, күн көрісін - есті ісін,
Әпкем айтты әңгімесін кешкісін
Әкеліп ай жарығымен шөп жұлып,
Күн көріпті тығып сауын ешкісін.

Сүтті үнемдең, құрт-ірімшік жасалты,
Былайры елден жасырып бұл азанты,
Түнде үрланып, бөлісіпті туганмен,
Кім естіген мұндай зұлмат «ғажапты».

Ауыл деген аты қапты әйтеуір,
Бұзылмаған үй қалмалты ең тәуір.
Байдың мұлқі десе болды, қорқынты,
Ұқсатуға да, ұстауға да сол дәуір...



Жаңалығы; ауыл басы басқарма,
Берген малы корек бопты аштарға,
Бригадір таң сәріден боқтап жүр,
Жұмысқа шық деп, қатын-бала, жастарға.

Бірер жылда өсіп қалды мал жағы,
Қайтып келген, мен айтпайын жан-жағын,
Ауылда да қалғандары санаулы-ақ,
Барша жанға белгілі гой ар жағы...

...Қарғыс атқыр, болды қырғын зұламат,
Естен танды есенгіреп ұлагат,
Халық қамын ойлайтындар «жай болды»,
Зар еніреп қала берді жүрагат.

Отыз жеті - сегізінші жылдары,
«Ұлы ұлық» десе болар жынданды.
Көзі ашық, жақсылар мен жайсанды,
Атты-асты, толтырды тас-зынданды.

Қалған қауым, үріккен ел жым үйин,
Еңбек етті, ауызына құм құйып.
Әпербақсан, үрда жықтар басқарып,
Білгендерін істеп бақты, жылмиып...

Өмір-өзен ага берді арнамен,
Қасыретті жұта берді жалған кең.
Өлеменге тірлік заңы көктем боп,
Бүршік жарды, келер күнге жалғап жең.

АЛҒАШҚЫ МАХАББАТ ЖАЙЛЫ...

...Мынау тұрган қарагайлы домбыра,
Нагашымнан қалған асыл, мол мұра.
Мен тұған жыл, әкем қалап алысты,
Сүйиншінің есебіне «бір қара».

Қайда барса ертіп алғы қасына,
Жол серік қып, қарамайтын жасыма.
Әкем өзі білмесе де үйрен деп,
Домбыраны жастап қойды басыма.



Сөйткен әкем, озды өмірден ертерек,
Көре алмады өнерімді не керек?
Бірте-бірте домбырага үн қосып,
Әнші атаным сыйлайтұғын ел ерек!

Жиын-тойда құрметті орын ұсынды,
Мен де үшірдым балапан ән-құсымды.
Көпшіліктің дуылына үйрендім,
Айтқан сайын еселеңкен күшімді.

Сол бір жылы наурыз тойы тойланды,
(Қариялар салт-дәстүрді қолға алды)
Жастар жагы наурыз көже іштік те.
Ерметіміз алтыбақан болғанды.

Ешбір ойсыз, думан-думен қызықтың,
Еніп кеттік ортасына шыжықтың.
Мен арқаның оң жағына отырдым,
Сол басына бір бейтаныс қыз шықты.

Ән бастидым қызы бетте тосылмай,
Тыңдады қыз, маңғазданып қосылмай.
Арқалықтан асқан сайын ақ жүзі,
Ай нұрымен жарқырады асылдай.

Қыздың ұнап кербез сұлу ажары,
Қыздырмақ бол әнмен түннің базарын,
Тағы бір ән шырқап кеттім тоқтамай,
Аудармақ бол өзіме оның назарын.

Ән айналып кетті аспандап, дәңгелеп,
Көрген сәттен ынтық болым бір бөлек...
Әнде бітті, тербеуші де тежеді,
Қыз түсті де, кете барды - не демек.

Аң-таң болып қала бердім, ой мен-зең,
Думанды едім, түсті өзінен өр еңсем.
Мәжнүн болып шыға келдім іле зде,
Сенер едің сол шағымды көрсөң сен?!

Басым мен-зең, ішім толған қиял ән,
Айлы түнді мен есіме жіі алам.

Жер үстіне қайдан келген першіте,
Деп біреуден сұрауга да үялам.

Және дары қарбалас шақ көктемгі,
Ол кездегі завферма да өктемді.
Сәл кешіксең, насыбайға шашалып,
Бүретүғын тыраштанған бектергі.

Таң сәріден оятатын күндегі - үн,
Қаурыт шақта жүрді дейсің түнде кім?
Қажыған күн ас ішуге де шамаң жоқ,
Міне осылай етіп жатты күнде-күн.

...Мамыр айы 41-дің көктемі,
Ерке бұлттар дәүбекшігендегі көктегі.
Желі қандай самал еді, арман-ай,
Қарда еріген көлеңкелі беттегі.

Күн көзінен жібіді де, тоң қызды,
Сайдан ақсан тасқынды су жол бүзды.
Маңайдағы бетеге бел, тал-қайың,
Сыбырлайды першіте - деп, сол қызды.

Ауыл көшіп, қонды өзенде жагалай,
Кек балауса, майды құмды жаға жай,
Тарқар емес басқан тұман көнілді,
Айтқан әнім, қойды өзіме ұнамай.

Құстар зи сап, масайраган кеш еді,
Баяу гана самал желпіп еседі,
Бар арманым кербез қызбен танысу,
Ынтызарым көкейімді теседі.

Жүріп келем, қайда барам белгісіз,
Өнім жүдеу, ауыруға бергісіз.
Арынына қарап едім Нұраның,
Кей іірімі, мен сияқты көңілсіз...

Сылқым ағын, жұлқи сүйреп құрақты,
Коятындаң не керек деп, сұрақты?
Үн-жүргем бір, суга батқан салынды,
Тұрган жанмын шешім таппай тұрақты.

Жұлдыз біткен сұға түсіп шомылған,
Күлкі етіп бір, қалар емес соңымнан.
Тағы ілгері жүррейін дег тұрғанда,
Біреу қатты, тартып қалды қолымнан.

Селк еттім де, қарамақшы ем артыма,
Жібермейді, көнер емес қартыма.
Ашуланыл шыға алмадым бұлқынып,
Еріксіз мен, түстім байсал қалпымса.

Танымадым, жаңылдым деп жалындым,
Еті ауырды қатты қысқан жағымның.
Ойға түспей, біреуінің есімі,
Құрбы-құрдас, мен сендерді сағындым! -

Деуім мұң-ақ, коя берді: қарасам,
Асыл екен, еңгезердей орасан,
- Негішін жүрсің - деймін оған, ол маған,
Бек қайырлы болсын дейді оңашаң!

Сәл кідіріс, сәлемдестік жөн сұрап,
Алма кезек, қойдық сауал, көп сұрақ.
- Қызы тосқаннан амансың ба - дейді ол,
Үйреншікті әзілімен топшылаң.

Айсыз түнде, балық аулап жүрсің бе,
Айтсаңы бол, құр бекерге құрсінбей?
Әзер іздел таптым сені, мұнша үзап,
Кеткениң не, жан досында білсін дед!

Қояр емес үндемеген еркіме,
Кім біледі, сау адамның дерті не?
Алдауга да, айтуға да қиналадам,
Мүмкін ол да, оны үнатып келді ме?

Отырдымда жауап таптай көп үнсіз,
Ежектедім, айттым бәрін еріксіз.
Ыңыласпен тыңдал алыш Асыл-дос,
Ақыл берді, ойын айтты желіксіз.

- Ертең кешке алтыбақан құрайық,
«Жиналуын бар жастардың сұрайық,



Жұмыстан соң, тамақ інте маған кел,
Елден бұрын біздер барып тұрайық.

Қолыма алам алтыбақан кезегін,
Қиналма дос, ғашық жайын сеземін.
Жақсы бір ән, шырқауға өзің дайын бол,
Келістірем жүлтасудың тез ебін.

Жүнжіме дос, мен тұрганда шыңға шың,
Батылдау бол, болсаң егер шын ғашық.
Оңашаға екеуінді жіберем,
Таныс тағы, сөзінді айт, шында-ашық?!

Ал, жүр енді үйге қарай қайтайды,
Шешең байғұс, қалыпты ғой қартайды.
Үйленгенің дұрыс болар шынында,
Сәт тілейік, үмітке қол артайды?!

- Бар тағдырым қолына оның көшкендей,
Көтерілді еңсем биік өскендей,
Құшақтадым қайта-қайта досымды,
Гүзгіңістан алыш шықсан көсемдей.

Сендім досқа, қайттым үйге көңілді,
Ой тұманы сейілді де, сөгілді.
Әзіліміз енді әсем жарасып,
Жеңіл күлкі, ілек-легімен төгілді.

Қуаныш па, тұнімен көз ілмедім,
Жаста болсақ, көрдік өмір дүрмелін.
Ереңгі күн, шын кездесу болмақ па?
Талай ойды сараладым, күрмедім.

Қой, бүйткенише кетейін деп жұмысқа,
Елпен тұрып, шырып кеттім мен тысқа.
Ұйықтамаган мазасызға - түн ұзақ,
Ерінбеген еңбеккерге - күн қысқа!

Өпті бірден, дірілдettі таң самал,
Таза ауада жаңға шипа қанша бал
Бойға бітті ерекше бір қуат-қүш,
Тас түйінмін, алатындаі тас қамал.



Шыққанымды сезбей қалды жан ана,
 Таң сәрі де, дәрет алған шал гана.
 Дүрліктірдерді дүниені сезіндім,
 Өзігдерді жегіп алып арбаға.

Есімде әлі, сол бір күннің азабы,
 Тағдырдың да көп қой тәлек мазағы.
 Сол жұмыс күн болды ұзақ ерекше,
 Бітпей қойды.. тарттым ауыр жазаны.

Сағаттың да жүрмей қойды тілдері,
 Сәл бір нәрсе бола берді кедергі.
 Өгіздер де болдырғандай шабақданап,
 Аяқтарын санап басты ілгері.

Тақтайдай жол бұзылғандай ой-қырлы,
 Көбейгендей арбаныңда шиқылы.
 Алға емес, артқа айналып дөңгелек,
 Тартатындаі кейін бір күш-сиқыры.

Итшілеумен бітті жұмыс, ұзақ күн,
 Құтылғандай құрмеуінен тұзақтың,
 Өгіздердің басын бұрып ауылға,
 Үмітімді кездесуге - ұзаттым.

Шамалаймын көзбен алыс-жақынын,
 Ой толқуын әнге салам ақырын,
 Өгіздерді қамшылаймын шу-шулен,
 Жеткізер ме, алдағы алты шақырым?

СӘТТІ ТҮН

Алтыбақан жатыр екен құрылып,
 Жолдан шырып, келдім соған бұрылып,
 Қыз-жігіттер арасында кербез қыз,
 Қөрінбейді тұрмаса егер тығылып.

Әзіл-күлкі ән тербеткен маңайды,
 Асыл-досым жан-жагына қарайды.
 Мені көріп, ыммен маган, ас ішіп,
 Жуын - дейді... Шаршаганға санайды.



Апыл-ғұбыл жуындым тез, ас ішін,
Шықтым жылдам, келем басып асырып,
Ән шырқайды, тербетілген екі ақку,
Самалды есіп, айлы аспанға асылып

Алтыбақан думан-дуга айналған,
Хан мен үзір, көпшілікпен сайланған.
Қыз-боэбала шек-сілесін қатырып,
Ел дәстүрлі, түрлі ойын ойналған.

Көрші ауылдар, қызық-дуга жиылған,
Жеңгелер жұр, қасы-көзі қыылған.
Бала біткен қара сирақ осында,
Әзіл-оспақ, қыстырылған қыынан.

Шіркін жастың, айтыс-әнмен жарасқан,
Таудың кеулеп қойнауынан әрі асқан,
Жаңғырығын қырдан-қырга қылдырып,
Табиғаттың ду-дуымен таласқан.

Өзді-өзінен жүркете үрей орнықпай,
Күдік-үміт, бойды шарып жанды оттай
Қыстаңам неге мұнша білмеймін,
Жүрексінем, менен бөтен жақтай.

Естіледі кербез қыздың дауысы анық,
Бір нәрсеге таласуда, дау салып,
Су ішінде аққайрандай көрінді,
Ұстап алар, балықшылар ау салып.

Өз ойымнан, қалдым тосын мұңайып,
Сөз айта алмай қалсам бүтін, мың айып.
Келдім дағы, қолқа салдым дауыстан,
Мына, Асылдың қоңыр әнін тыңдайың!?

Осы сәтті, күткендей ол, ант атқан,
Сенің әнің дүйім елді аңсатқан, -
деуі мүң-ақ, айтсын, айтсын, өзі айтсын?
деген дауыс шықты - қатты, жан-жақтан.

Мениң дағы күткен сәтім осы еді,
Үнінді әсем, бұлбұл құсқа қос енді,

дегендей-ақ, бол-бол - дейді, Асыл дос,
Күттірме тез, дауысыңа ынтық осы елді?!

Асқақ әнді кең шырқаумен бастадым,
Тұнгі ауаны дірілдettі асқан үн.
Қайым өлең, қайырмасын қайырып,
Кербез қызға көз қиығын таstadtым.

Өзі қостап, үйші тыңдалап қалыпты,
Сабырға сап шуылдаған халықты,
Ән құдыреті, ән әуені құниті ғой,
Бар маңайды матап, баурап алышты.

Ән салғанда, әниші де ес қалама,
Қандай рахат, айлы кеште далада,
Қөзге түсер осы сәт қой құткенім,
Ұнасам деп сол бір қалқа-балага.

Әнде бітті, тербеуші де тежеді,
- Ал, түсіндер, енді кімнің кезегі,
Осы сәтте өзөуреген көпшілік,
Нені біліп, нені ойладап сезеді...

Жарық жүлдyz ағып түсті зуылдан,
Ол да енді жарқырамай сүйнбақ,
Ешкім оны аңғармады, шіркін-ай,
Ойын-сауық қызған шағы дуылдан.

Дәл төбеде дөңгеленген ай аппақ,
Сарыарқада жайлай кеші аbat бақ,
Сейіл құрып, оңаша бір жүрсе деп,
Тұрган кездे, тәтті арманды сабақтап;

- Уа, Жарандар?! - деді уәзір толғана,
Хан болған соң:
Хан жарлықсыз болған ба?
Орындалар хан үкімі мынадай,
Тұн ортасы;
Ай нұры әбден толғанда;

- «Қызбен жігіт жұптасып,
Ойға барсын, қыр асып.

Он тұрлі гүл жинасын,
Ханға әкеліп сыйласын,
Сол жинаған гүлдердің,
Атын дұрыс атаса,

Алады ханның батасын!
Он тұрлі гүл тапшаган,
Атын тегіс айтпаған,
Хан кесіміне бас ұрсын?!!

- Қызыбен жігіт кетіп жатыр жұптасып,
Бір-бірімен әзілдесіп, ұстасып,
Арман қызыға қарап қойып мен тұрмын,
Қазық қағып, байланғандай ұсталып.

- Хан келді де, қолтықтан ат жетелеп,
Таныстырыды: Ақкербез - деп, жекелеп.
- «Енді екеуің гүл тересің біріғін,
хан үкіммен қойдым - деді, некелеп»

- Құп болады, деді қызыда ақырын,
Бұрылмастан тұрган бойы сәл қырын.
Тіл жұтқандай екі ұнсіз келеміз,
Сезектағы түннің ызғар салқынын.

Кеттік білем, ұзаңқырап ауылдан,
Алтыбақан, көп тобырлы қауымнан,
Мен ұстаган дірілдейді білегі,
Су-су болып тонрандай-ақ жауыннан.

Демім жетпей, өзді-өзімнен алқынам,
Аласұрған іштегі ойдың барқынан,
Қобалжыған жан-жүректе маза жоқ,
Айырылардай қолымдағы алтыннан.

Көмейіме тығылыш ап, тіл кейін,
Күмілжимін, не дерімді білмеймін.
Мәңгіріп бас, бос қалған бір қауғадай
Қиналамда, өзімді іштей тілдеймін.

Оқыс көріп; «гүл-гүл» - дедім, тұттырып
Бұрын барып, жұлып алдым ұмтылып.



Гұлді ұсындым, алыңыз дең, сөз бастаң,
Үнсіздіктің құрсауынан құтылып.

Бар дүние сала берді кеңейіп,
Көңіл құліп, әңгімеде көбейіп,
Сыр сандықтың кең ашылып қақпағы,
Анда-санда, гүл де тердік еңкейіп.

Сейілменен кеттік талай қыр асып,
Әзіл құмар екен олда, жаны ашық.
Үйренісе, еске алдық ең алғаш,
Алтыбақан тепкен тұнді жарасып.

Айтып сырын ауыл менен дағаның,
Өзі жайлы баяндауын қаладым,
Дәрігердің кеңесімен келіпті,
Ауа жақпай, кен-көмірлі қаланың.

Жарар дедік, көп жинаңық гүлді біз,
Оның енді қажетсізін білдік біз,
Сөз үйлесіп, жан жарасып алған соң,
Асыл досқа, жарлығы үшін құлдік біз.

Сырласумен талай белес асыппыз,
Мөлдір көңіл, шат-шадыман басықсыз,
Бал дәуренін бірге өткізген балдардай,
Жастық жалын алауымен тастық біз.

Шықкан кезде бір төбенің басына,
Ұстай алды, сүрініп қап тасына.
Менде оны құшақтадым құлатпай,
Құшақтар да қоймады тез ашыла...

Не болғанын түн қараңғы сездірмес,
Бұл құбылыс, жүрек сезіп, көз көрмес.
Тұла бойды, беймәлім құш арбады,
Қас қағым сәт, не айтсаңда сөзге ермес...

Қалды білем, ерінге тиісіп,
Үнсіз ғана тұра бердік сүйісіп.
Тоят тауып алау көңіл қомағай,
Жүректерде жүптасты бір түйісіп.

Тағы құштым, қайта-қайта сүйемін,
Ыстық құшақ от лебіне күйемін,
Таң шолпаны жымыңдайды төбеде,
Дегендей бұл ғашықтарды білемін.

От сәулеңін өргізіп күн шығыста,
Арай шашып, таяи берді таң қысқа.
Кимас құшақ ажырасып еріксіз,
Сонда білдік, кеткенімізді алысқа.

Қалай ғана, үзап кеттік япырмай,
Кетейік тең, танды аппақ атырмай,
Қол үстасып, жылдам басып келеміз,
Қозға түспей жету үшін, ел тұрмай.

Таң сәрі де ауа қандай самала,
Қызылдақ көп, түрлі-түсті сары-ала,
Шыбындағы ғашығыңа сөз ертпе,
Қосағыңмен дегендей әлі арала.

Таң арайдан, тау көрінді зарайып,
...«Қозға түспе, ержігітке сол айып,
Қасындағы ғашығыңа сөз ертпе,
Пыш-пыш кетсе, іс емес-ау оңайлық», -

Деген ойдан қысыламын, ұшамын,
Басқа жаймен ашылмас ед құшағым.
Сыбырлаймын құлағына; тағы ертең,
Кел, деймінде; сертке құлақ тосамын.

Үндемейді, сыбырлаймын қайта бір,
Өкпелетіп алдым ба еken, о, тәнір!
Келіп қалдық, енді қайтем үйіне,
Көрерміз деп айта салса гой, ой, тәйір...

...Өтті күндер, кепі нұрлы біздермен,
Жүрдік талай айқұли-үйіш іздермен,
Екі жүрек ынтыққанда құпия,
Адасып қап, жүрді құрбы бізге ерген...

Біз бармаган, қалмады ойын, жиын той,
Жеткізер ме шек, шетіне қиын ой,



Қандай ләззат, топ ішінде ән салу,
Дауыс деген құдыштің сыйы ғой.

Ән қанаты алып үшар аспанға,
Қуат берер арманы асқақ жас жанға,
Домбыра да жан серік қой жігітке,
Құтқарады сөз таба алмай сасқанда.

Үйлену боп шешілді істің түйіні,
Күп алды оны, үлкендердің жиыны.
Анам байғұс, қалбалақтан сасып жүр,
Тойдың қамы, болды сол кез, қиыны...

АТТАНЫС

41-ші жылан жылы, таң сұсты,
22-ші маусым, заһар қан құсты.
Батысты өртеп, баса көктеп шошыты;
Корқау Гитлер адам түгіл - аң-құсты.

Суық хабар тітірентті, мұң тұнды,
Ел басына қиын-қыстау күн туды.
Шешей күнде жалбарынды, Аллага,
Әскерге алып кетеді деп, сен ұлды.

Ана күнде босқа уайым жемепті,
Маган деген шақыруда кеп жетті.
Ауылдағы қариялар жол тілең,
Босаңдары көзінен жас көлдettі.

...Оңашалап алып қалдым Кербезді,
Неге екенін білді құрбы, ел сезді,
Оңай емес, аттануда соғысқа,
Ұялшақтың былай қалды бір кезгі.

Балаң жігіт жаляққанба суюден,
Балғын деңе балқып тұрды, қүоден.
- Ол күтем деп, мен келем деп, айтсақ та;
Бір құпия сыр, бұғып жатты түйілген...



...Асыл анам айғайлап жүр мені іздең,
Сөресінің тәтті дәмін жеғізбек,
Мойынның салып берді бой тұмар,
«Ата-мекен ер жігітпен егіз деп.

Бабаларың шықкан талай жорыққа,
Болған емес қорқу-урку, ғұрыпта.
Бір Аллаға тасырамын жан балам,
Ар алдында - жан қадырсыз, ұмытпа?

Деді де анам көз жасында ірікті,
Шыдамады қарияларда білікті,
Мениң көзім монишақ тізіп, бұлықты,
Ұстай бердім, қолымға не імікті.

Әр көңілде сыр жатады жасырын,
Сүймес ана өз ұлының жасығын,
десе дағы, тіршілікте қынған гой,
Тастап кету анасы мен ғашығын.

Қарбаласта тауып сәтті, бір амал,
Жақсы ырымға жорып жолға жорамал,
Ақкербезде қимас белгі ретінде,
Беріп кетті, кестеленген орамал.

Қоштасарда құшақтарға сыймадық,
Ағайын мен тұған елді қимадық,
Балмұқан мен Шітен барып; Қадырды,
Жар құшақтан - деді алуға қиналдық...

Екі арбага сыймай кетіп барамыз,
Біріміз жас, біріміз ұлқен ағамыз,
Қол бұлғайды тау менен тас иіліп,
Қайысады қимайтындей даламыз...

...Осы бір сәт, жеңгей келіп даладан,
Ағай жақса, сауға сұрай қараған.
«Әңгімецмен ел мазасын алдың гой, ,
Ұят болар, жолаушы бұл, баладан.

Ашықты деп, құт-құдайы қонағын,
Айтты және, астың әзір болғанын.
- Онда біз де қол шаялық деп ағай,
Дұрыс деді, бүгін үйде қонғаның!

МАЙДАН ШЕБИНДЕ

Үш-төрт айдай, өттік қысқа дайындық,
Оң мен солды жаңа ғана айырдық,
Кейбіреуміз жөндең мылтық аталмай,
Ертелі-кеш не болам деп қайғырдық.

Оған қарап жатқан ешкім болмады,
Керек болды орны «өліктің» толғаны,
Апарды да оқса қарсы айдады,
Жауынгерді қинады тек сол жағы.

Оқ жауып тұр, емес қой бұл жекпе-жек,
Өлімменен шыға келдік бетне-бет.
«Отан үшін» талай қыршын оққа үшты,
Тәсіл білмей өлді көбі тектен-тек.

Енді айтайын, аңы айқай шынымды,
Іште жатқан, жан күйзеліс сырымды.
Жауған оқпен; оқыс-ойсыз бүйрүқтан,
Жауынгерлер қойдай жусап қырылды.

Алғашқы да көп болды гой... шегініс,
Тарғы... тарғы салып жаттық бескініс.
Бір жылдан соң, кәрі солдат атандық
Пайда болды айлакерлік желініс.

Жаздық қанша, алдық сонша үшбу хат,
Жеңіл желі алғып жүрдім жарақат.
Тозаққа да үйренеді дегендей,
Соғысқа да ет үйренді сұрақат.



Сүм соғыстың қан азасын арқалап,
Шабуылдан келе жаттың уралап,
Ондай шақта, ес қалама солдатта,
Бір снаряд қеліп түсті туралап.

Бәрімізде жата қалдық жабысын,
Жарылыстан құл талқан бол, жан үшін,
Не болғанын онан әрман білмеймін,
...Көмілітіз жермен жексен қабысын.

Жарылыстан топыраққа көміліп,
Қан ағылты ағын судай төгіліп,
Қазын бізді, санитарлар алыпты,
Жатқан жанды, парша-парша сөгіліп.

Дем таусылған, болыптыз шейт көбіміз,
Қалғанымыз шала-жансар өліміз,
Қақшан шығар, қырық шілтен періште,
Снарядпен қазылса да көріміз.

Әзер-әлсіз, көзімді апсам жан кіріп,
Түк сеәбеймін, мен қайдамын мәңгіріп,
Бірте-бірте ес кіргенде, байқасам,
Шандылыппын қозғалмastaй мәңгілік.

Қол-аяғым ашып жатыр тызылдан,
Тұла бойым дәкеленген қызыл дақ,
Қандай аңды дәрі иісі, қан иісі,
Ыңырсиды жаралылар ызындан.

Байқап қалып көзімді ашқан, сестра,
Жылдам келіп сұрап жатыр «как дела?»
Ерінімді жыбырлаттым су сұрап,
Онан әрі көзім кетті бұлдырап.

Сезгендеймін су тамызып жатқанын,
Жарақаттың жан-тәніме батқанын.
Не болғанын әлі жетік білмеймін,
Қанқаңсатып кімнің мені атқанын.

Тілім-тілім екі ерінім кезерген,
Жан кірмесе мұның бәрін сезерме ем,

Тәуба, тәуба, тірі екенмін деймінде,
Қол-аяқтан күмәндәнам - өзгерем.

Әлім құрып, әлсін-әлсін талықсып,
Сүйек сыздап зырқырайды, жан ысып,
Бәйек болып жүгіреді дәрігерлер,
Қан құяды, укол беріп жан үшып.

Жараныңда беті қайта бастады,
Қайғы тұман, ойда ауыр бастағы,
Кімге қажет, мен сияқты мүгедек,
Масыл адам, қыршыны жиырма жастағы??

СЕЗИНУ

Әбден сезе бастадым,
Қол-аяқтың жағдайын.
Басқаның бәрін тастадым,
Фашисті жатып, қарғайым.

Есіме алам Кербезді,
Анамды тағы аяймын.
Тұрімнен мынау ел бәзөр,
Енді мен неге жараймын?

Құдайға зар ғып жылаймын,
Сестра қызыға көрсетпей
Қырсығам кейде, тулаимын,
Қызуыш бойдың өлшетпей.

Өмірден күдер үземін,
Соғысқа айтып лаганат
Жасына көздің жүземін,
Аққудай болып бір қанат.

Бар ойым ол кез, сол қызды,
Мүгедек жанды не етер деп.
Көрген соң мына тұрімді,
Біреумен бөгде кетер деп...



Кейбір сәт үзбей үмітті,
Шын сүйсө мені күтер деп.
Зілмауыр, тұра жігітті,
Тәсектен қалай көтермек.

Налимын, тағы сәндірем,
Жүректі қүштеп, өртенген.
Үміттің отын сөндірем,
Таяныш таптай ертеңнен...

Тән жара, түбі жазылар,
Ушығып жатты жан жарам.
Әр іске тәре-қазы бар,
Сары уайыменен сандалам.

Қол-аяқ бірдей тырбиган,
Аумаган мен бір тас бақа,
Бәрібір қимай қиналадам,
Ақкербез қызды басқаға...

ТАҢАРАЙМЕН КЕЗДЕСУ

Қималы ағаш - госпиталь
Екінші кіндік кескен жер.
Сарғайып сана, бос қиял,
Уайым, күдік-ескен жел.

Жарымжан жатар сіресін,
Қалды деп ғұмыр азайып.
Ажалмен келген күресін,
Дәрігерлер жасар ғажайып.

Сестра қыздар - ханзада,
Шипагер аппақ періште.
Жарамыз жанға батса да,
Жатырмызы анық пейште.

Ертеңгі обход, әбгер кез,
Жатыр ем ойдан әлсіреп.
Арқадан келген дәрігер қызы,
Танысып кетті, хал сұрап.



Орысша деді Танямын,
Жалпыға бірдей Тамара.
Қазақша айтсаң, боламын,
Арқада атқан Таңарай.

Аты да өзге сүйкімді,
Кызымын дейді, арқаның.
Қолыда майда, икемді,
Өзіме жақын тартамын.

Қандасым келді, мен жұден,
жатқанда аңсан ауылды.
Іші бір - бауырым елжіреп,
Жарамнан бетер ауырды.

Елжіреп ойдан, көз жұмып,
Қалып бір кеткен сәт бардай,
«Бей-жаймен дел-сал бәрі ұмыт,
Тербетіп мені жатқандай.

Келгендей сездім, Кербезді,
Ақ қалат киіп қасыма.
Ақ жарқын түрі бір кеңгі,
Дегендей болад жасыма.

Қалайша гана жасыман,
Қол-аяқ жатса кесіліп.
Жүргегім, жарам ашыған,
Қиналад ессіз - тесіліп.

Шақпақшы болам мұңымды,
Халимді айтып апама.
Тілеуі оның бұрынғы:
Амансың... басқаны атама?!

Келмейді тілім күрмеліп,
Жас ағып, иек кемсөндеп.
Бейшара жанмын мүгедек,
Кербез қыз бұған, не демек...»

...Жылжиды күндер, ағумен,
Қос көздің қанды сорасы.

Күнара қайта таңумен,
Жазылар тәннің жарасы.

Күн салмай тіпті арага,
Көреді келіп Тамара.
Көргенде оны, ой, Аллай,
Ауырмай қалды жарада...

Келгенин бері осы қыз,
Ой сергек, бойда жеңілміз.
Мұңая қалсақ досымыз,
Ауыра қалсақ емшіміз.

Күндіэ-түн онда дамыл жоқ,
Жауынгер көп-ақ жаралы.
Шейіт кетсе қыршын, амал жоқ,
Госпиталь тегіс қаралы.

ТАҢАРАЙМЕН ҚОШТАСУ

Ертеңі обход біткен кез,
Таня қызы келді жүтіріп.
Жақсы бір хабар күткенбіз,
Қарап та қалдық үңіліп.

Ұнайма қалай, кім білед,
Дегендей қарап алды да,
- Бәріуді бүтін жіберед,
Ішкегі жақы, қалаға -

Деді де маған жақын кеп,
Білектен ұстап түрдү да,
Қош бол түр жерлес, жақын деп,
Іш тарта айтты құрбы да;

«...Қол-аяқ әлі-ақ жетілер,
Ең басты жеңіс, аманың!,
Өзіңде нардай жігітсің
Сабырдан сұра амалын.



Баласын күткен ауылда,
Еңіреп жүрген анаң бар.
Қауыштып жақсы қауымра,
Тұған жер, елге аман бар.

Ел жақса жетсең мархабат,
Сұраган жаңға салем де.
Ажалды жеңер-махаббат,
Атағын жаяр әлемге...»

- Сезіндім сол сәт өзімді,
Тұргандай анам жұбатып.
Айырмай одан көзімді,
Елітіп қаптын үнатып.

Елжіреп көзге жас алып,
Көмейім қалды бітеліп.
Айта алмай қалдым шашалып,
Жақсы бір оған жән тілек.

Шыдамай шыққан дәтімнен,
Жасырдым жасты, қарамай.
Жып-жылдам сипап бетімнен,
Кете де барды Таңарай.

...Дел-далда жүрек ушыққан,
Тұла бой жара шандылған.
Мазасыз ойлар, қырсыққан,
Алады үрей алқымнан.

Тұс ауа, көшті госпиталь,
Біздерді жолға дайындал.
Жаралы жандар, туыстар,
Кеттік деп, қайды уайымдан...

«ҚИЫН ДА ҚИЛЫ КЕЗЕҢ - АУЫР ЖОЛ»

...Поездің бір жүрісі желге ілесіп,
Бұлттардан әуедегі желкен есіп,
Ұшып келе жатқандай күн шырысқа,
Зырылдан дөңгелектер жекелесіп.



Жұрғім дөңгелектей дүрсілдейді,
Қуаныштан, уайым басым-құлсін мейлі,
Қайда бара жатырмыз, кім біледі,
Мұсәпір мүгедекті менсінбейді?

Шынымен елге қарай келеміз бе
Сау жер жоқ, шандылмаған денемізде,
Есіме елдегілер түсер емес,
Көз жұмсам, сестра қыз келер бізге.

Бетімнен сипағаны, сүйгендей бол,
Сыздайды жұрғіме тигендей оқ,
Ерекше жүзі жылды, мейірімді,
Қандай жан, лебізінен көзілім тоқ.

Әр сөзі, қандай майда, қандай нәрлі,
Жаралы жаққандай бір, жанға дәрі,
Қап-қара мөлдіреген бота көзі,
Қышиша бел, қолаң шашы - арман бәрі.

Құлімдеп қандай ләззат жыミғаны,
Алқымдап қалса керек жиырманы.
Сездірмей шаршаганын баршамызға,
Жәрдемші, жаралыға үйір жаны.

Бақыт па қарындаста қеәдескенім,
Көрмесем келешекке сенбесте едім,
Емсек жан, жаралған бір адам үшін,
Өліммен арпалысып көнбес тегін.

Ойымнан көзім жұмсам кетер емес,
Құпия сиқырлы құш көнбек емес,
Өзі де аяулы жан, сүйкімді ерен,
Жұбатыш, салиқалы берер кеңес.

Шыным ба, ынтызарлық жанға зерек
Бір түрлі көтерілді еңсем ерек.
Тәтті ой, поезд ыргап маужыратып,
Үйқының құшағына еңсем керек;

Түсімде «Анам даусы таныс қандай,
Шақырады атымды атап адасқандай.

Бастығыш, мен мұндалап үмттыламын,
Кербез түр, көрмей мені, қастасқандай.

Үн-түнсіз елемейді, өңі қату,
Жәрдем ет, тұрайыншы дедім бату,
Мұсіркеп, «өзінді-өзің байқасайшы -
енди саған бүйірган осы жатыу».

- Жоқ, деймін ашууланып, жыным қозып,
Құшпақ бол, шолақ қолды қалдым созып,
Жалт беріп, қайырылмай жүре берді,
Айғайлап мен ояндым түстен шонып.

Байқасам жан-жагыма үйқымды ашып,
Ыңырыған жаралылар, - дәрі сасық,
Медбрат жүр, - шыдаңдар деп, келіп қалдық,
Тапсырып құттылғанша, - олда асық.

Поездада өз жүрісін баяулатты,
Станса біз баратын таяу қапты,
Деген сөз бірден-бірге келіп жетті,
Аяқтылар саңылаудан қарал жатты.

Менікі ой-ойлаумен, көзбен қарау,
Құндерді өткен-кеткен өлшеп-санаяу,
Келдік деп, Саратовқа абыр-сабыр,
Аяқтылар жүгіріп жүр ешкі танау.

Түс қой деп, өзімді-өзім жұбатамын,
«Орданың» қарсы алдық құба таңын.
Осы араға ту тіккен - Алтын орда
Саратов - Сары тау деп үннатамын.

Жан-жагы стансаның ығы-жығы,
Қаптап түр вагондарда ауыр жүгі.
«Жаралы мүгедектер кімге керек?
Еіздерді өткізе алмай түр-ау тегі -

Деп реніп білдіреді, қарағандар,
Жатырмызы жаутаңдаумен шандылғандар.
Естілді өктем дауыс дәрекілеу,
Күж еткен, өте оқыс, таң қылды Әмір;



- «Вагонды ал, жолды босат, былай ауыс, -
Очистить от мусоров» - дейді дауыс.
«Майданға өткізіндер - оқ-дәріні,
Партиялық тапсырыс бұл жауапты іс»

- Ау, бұлар мусор емес жарагылар,
- Тем более, отвоевали, жата тұрап.
- Прекратите выполнятьте, - бүйрек қысқа,
Керегі енді бізге, ататындар!

Білмейміз, комиссар ма, кім үрысқан,
Бұл неткен өте аяусыз тырысқаң жан.
Жарасы неше құниен орау көрмей,
Кинаалып, жарагылар ыңырысқан.

Дәл реттеп, бөлісе алмай шойын жолды,
Далада - вагон іші шуга толды.
Зіл бүйрек «мусор» деген қанға тиіп,
Корлықтың ең үлкені, осы болды.

Сартта-сүрт, бірсесе артқа - алға сүйреп,
Қаңқу сөз жүректерді алған түйреп,
Берсе деп автоматты кіжінген көп,
Дәл мынаны атпай-ақ, түйрер ем деп.

Батыр ек қолымында қару барда,
«Мусор» бол шыға келдік, дәру бар ма?
Жарагылар, ылғы мертік-шортық көбі,
Боқтайды, қаратпайды ауру арга.

Бір рахым түсті білем, қақ-құдайдан.
Құтылдық ауды айқай, мың құшайдан.
Тыныштық, үміт отын сығырайтты,
Келердей жақсы хабар, болмақ жайдан.

Сықырлап есіктерде ашылды әрен,
Қобалжып жүдеу жүрек, үшты зәрем.
Байқаймын медбраттың түсі жылы,
Қоштасар кезегіміз жеткен білем.

Вагонға кірді бір топ қалаттылар,
Аяқтылар секілденді қанаттылар.



Асығыс носилкамен тасып жатыр,
Үақыт аз, қысылшаң шақ - қарап тұрап.

Лық толдық үлкен залға кең боларма,
Жаутаңдап қарайды ол, сенде оларға,
Тізімдеп, жедел танып, сұрастырды,
Кім қайдан? Оныменен кем толар ма.

Тәтіптіштеп, ертесіне сұрап тағы,
Жер-жерге баратуғын сұрыптасты.
Айтуын айтсамдағы, Қарағанды,-
Тұсімді есіме алдым жылап тағы.

Соғыстың жағдайында бұрыс бар ма,
Сылтауды тыңдамайды үрысарға.
Тәртібі госпитальдың - ете қатал,
Жағдай аз, жайма шуақ тыныстарға.

...Тиеліп үшінші күн кете бардық,
Қайтеді өйтпегенде, жетсе жарлық.
Өлікпен, жаралыға қан сасыған,
Даласы Еуропаның етсе тарлық.

Поездә жазың көріп, жазды уысын,
Самал леп, есті шікке жаз ауасын.
Орысша быланыт сөз арасынан,
Естімін қазақтардың қаз дауысын.

Бар ынтым солай ауды, көнділ сусап,
Іштегі мұдымды айтып, арман қусақ.
Көзімде, құлагымда дауыс жақта,
Қалғандай көрінбейді, бәрі жусап.

Жатқанда ындын құрып, туыс аңдып,
Ыңғақпен кетсем керек қатты қалғып.
Қазақша айғай саппын, «тимендер» деп,
Тұсімде жатса, қайтем, қинап шандып.

Айғайға аттандаған қазақшалап,
Барлығы аң-таң қанты тамашалап.
Солдаттар түрік тілдес елеңдесе,
Орыстар одырайып шытқан қабақ.



Селк етіп, көзімді ашсам апалақтап,
Қасымда бір солдат тұр, ақтаң-жақтап,
Жігітім не боп қалды? - деп сұрады,
Аянышпен қайырымды қалбалақтап.

Естіген өз тіліме, мен таңқалып, -
Жатқанда, ол тағы да сәл тақалып,
Бір жерің ауырды ма, шақырдың гой?
Тіл қаттым түсім шығар деп ақталып.

Сол бетте сұхбаттастық, айтты атын,
Тұған жер, өскен өнір, жұрағатын.
Мені аяп, қай фронтта, қалай болған, -
деді ол, ауыр еken жарақатың?

Мен болсам, жыламсырап бас изедім,
Бұлығып қиратқандай «фашист» дедім.
Мұныңда, құдайына үшкірлік қыл,
Қанша жан жер жастанды бассыз - деді.

Танысым туғаны еken Ақмоланың,
Жолайы сезгендеймін бақ қонғанын.
Шомыльып, бір Нұраның сүйін ішсек,
Ендеше қалай оған жат боламын.

Сұхбаттан ой сейіліп, бойым сергіп,
Біткендей көңіліме тоіым серлік
Байырга ақылсалдым, айыққанша,
Қалсам деп, Ақмолада біраз дерлік?

Өзің біл, қалам десең алып қалам,
Ауылға жайлаудағы алып барам.
Алдымен госпиталсыз, жағдай келмес,
Емделмей қиын болар... ауыр жараң.

Ақылшым; Қарағанды көмірлі жер,
Келісті келешегі өмірлі жер.
Қаланың дәргерлері емсек дейді,
Сен жассың, сонда барып емделіп көр.

Жан-жақтан солай дүрыс, солай десті,
Көпшілік ақыл қосып, оңай шешті.

Дәптерге жазып алған қисасы көп,
Жатқа айтып айналдырды жырға кешті.

Өзі де алғыр жігіт, сері жанды,
Айтқанда ғашық жайлы, күйіп-жанды.
Маған да әнге сал деп әзілдейді,
«Баурап ал тәтті әнмен сұлуларды».

Ән салсаң, қыз-келіншек қарай қалар,
Таласар сұлу Кербез, Таңарайлар...
Сырымды біліп алған әзілкешім,
Көңілді көтерген шақ - арайланар.

«Түбінде көп балалы үй боласың,
Бір сұлу жақсы жар боп, гүлге орасын,
Ағы атам аруақты қажы болған,
Айтқаным дуалы сөз, бір толарсың!»

Жеңіске бұл соғыста жетер халық,
Батыр деп, келер үрпақ жүрер танып.
Біздердей мүгедекті «ремонттап»
Колхоздың жұмысына жегері анық.

Так, что рядовой Болғанбаев,
Болдырсан болмай жатып, болар айып,
Елінді келешекке жеткізуғе,
Дайын бол, бос уайымды былай қойып!»

- Дегенде, күлді айнала, бүйрық сөзге,
(Жатудан жауыр болған құйрық төзбе).
Еріксіз менде ыржып, күліп алдым,
Жатса да жас үйіріліп жыртық көзге.

Осындаï көñілді сәт болғаны рас,
Баршага үнай түсті Байыр құрдас.
Күндіз-түн ұзақ сапар қалжыратты,
Жаралы солдаттарды тұрар-тұрмас.

Самалы Сарыарқаның ескен қандай,
Тамсантып, сары қымыз тескен таңдай,
Шұбыртып сілекейді, жұтынамын,
Құлемін аңсарыма ішкен жандай.



Елестеп, қай-қайдары ойын-тойлар,
От қуып, томпаңдаған баққан қойлар,
Көңілді жазғы жайлай, ата-мекен,
Үрпағы бір ұлыстың тұған сойлар.

Дәл қазір, ауыл қандай жаіда екен деп,
Жүргенім - гажап жер ғой, жай мекенден,
Әпкемді не халде деп, ал ізінше,
Іздеймін сол «құргырды» қайдада екен деп.

...Бұйрық сөз; Жинал. Үзді ой елесін,
Ес барма, абыр-сабыр, бол дегенсін
Ентігің паравозда гудок берді,
Қос шойын устіндегі жол кемесі.

Келдік деп, қуанды ерлер Ақмолага,
Өлинейтін қуанышты шақ бола ма?
Байырда жүгіріп жүр, шолтаң қағып,
Хан сарай, түсетіндегі Ақорадаға!

Екі бет алабұртқан, көзбен ойнап,
Деддіп екі танау сезген ойнақ.
Түйінді, қош айтысаρ кез-ау деймін,
Шегелеп, ақыл айтты тезден ойлан.

Бір иіскең, сүйді беттен, маңдайымнан,
«Не сдавайся» қорыңпа, жағдайынан?!
Көзімнен кетті парлап ыстық жастар,
Іркіліп, жатқан терең сары үайымнан.

Көз қысып, хош деді де, кете барды,
Жаэбақ боп, сағындырмай хат-хабарды,
Жатырмын булығып үн шығара алмай,
Тия алмай көз жасымды, іште зарды...

Қараганды қаласы (госпиталь)

Шыққалы Ақмоладан маза кетті,
Жарадан, ауыр ойдың азабы өтті.
Не үшін, қалай ғана бұл сүм тағдыр
Құдай-ау, мені мұнша мазақ етті?

Мына беті елге қалай көрінемін,
Секілді жанды дене - көріндемін.
Сауы жоқ, қол-аяқтың, қалай жүрем?
Боталап екі көзім егілемін.

Көпшілік ынтығуда көніл шалқып;
Шытырман мен жатырмын ойға малтып.
Әне-міне дегенше құшақ жайды,
Көмірлі қalamыздың исі аңқып.

Қарсы алды, ақ қалатты періштегер,
Көрген жан осы сәтті, теріс демер.
Бәрінің қымылы тез, икемді жан,
Сүйкімді, сөзі майда, келістілер.

Зор дауыс....«Қазір бәрі демін алсын,
Тұрган соң, жуынисын да емін алсын,
Ертесін военкомнан кісі келмек,
Бәрінің құжаттары дұрысталсын?!»

- Жобасы, бас дәрігер-ау жарлық берген,
Мұрты бар, үзын бойлы, арық келген,
Айтқаның екі етпестей қалғандары,
Бәйек бол, жүгіріп жүр - анық сенген.

Тартіптің тәлімі әсем, бәрі келді,
Қайта орап, жуындырып, дәрі берді,
Елжіреп ықыласты, мейірімге,
Жатырмын ой өзектеп, аргы-бергі...

Емшісі әр палата бөлек екен,
Тәпіштеп бастан-аяқ көреді екен,
Сұрайды: тәбетінді, қал-жағдайды,
Ойлаймын осыдан соң - өлер ме екем?»

Жазды анық, ат-жөнінді, тұрағынды,
Тексерді тамағынды, құлагынды,
Өзінде таныстырды, атын айтты,
Тыңдайды, аспа-саспай сұрағынды.

Төрінде шын жұмақтың жатқандаймын,
Осымен шектелмекпе бақ талайым.

Жазылды талай нарақ, сұрақ-жауап,
Ұмытпай бәрін-бәрін айтқандаймын.

Дәрігерді кеткеннен соң сынға салдық,
Жүрісі, тұла бойы тым гажап-ның.
Дөңгелек екі көзді, тәмпіш мұрыны,
Томпиган мықыны бар, қызығарлық.

Ой, шіркін! Жастық шақ-ай көз құмарлы,
Қит етсе қыз-қырқын гой сөз қылары.
Жатса да жара сыздал, жаны ауырып,
Көңілдің жөні бөлек, өз тұмары.

Госпиталь өте жақсы жөндөліпті,
Шатыры, қабыргасы өңделіпті,
Тақтайдың жана қақсан, исі аңқыш,
Бөллемеміз төрт кісілік, кең-көрікті.

Бар қорлық, өз бетіңмен жүре алмаған,
Тамақты өзің алым іше алмаған.
Бар салмақ сестра қыз мойыннанда,
Шешенде, бәлкім ондай күте алмаған.

Жалыңпас дәрігердің ісі де ерек,
Күтімің, әрі емнің - қүші дер-ек.
Жазылып шығып жатыр, маған болса,
Күтетін, жазылғанмен кісі керек.

Қынынның ең қыны осы жағдай,
Жүректің дүрсілі ерек шошынғандай,
Жазылып тән жарасы барған сайын,
Ушығып жан жарасы анылғандай.

Шығатын күн жақынданап, жалғыздайды,
Сеземін шешімі ауыр, жайсыз жайды.
Масыл бол, қайда барам, шешей кәрі?
Күндіз-түн жегідей жен, жан сыздайды.

«Қал қалай, деді дәрігер, өте әдепті,
Кескен жер қотырланып, «шов» бітіпті,
Өзінді комиссия келіп көрмек,
Емгерлік саладағы ең білікті.

Қайран жоқ, не демекпін ойым ойран,
Шенгелдеп қыын жағдай торын қойған.
Комиссия мүгедекке жөнін айтар,
Мүмкін бір, ақыл қосар, болып қорған.

„Отыр ем терезеден тысқа қарап,
Көз жеткен әр нәрсени далбасалап,
Сал көңіл, аңсауменен сүйктін,
Қоямын ұшып келген құсқа балап.

Бір елес бергендей ме Кербез маган,
Бір тұрлі мазам кетіп, қүйіп-жанам.
Хабарсыз, қайдан білмек деймін дағы,
Сабыр қып, ойга оралар сүйікті анам.

Осы сәт, есікті ашып Наташа қызы,
Әзіл қып, ол келгенде шатасамыз,
Бұл жолы, салған бетте деді маган,
Келіп тұр, сені ізден тамаша қызы.

Дұрыстап онда мені жатқыз дептін,
Дегендей енді келсін, бас изептін.
Кеудеге симай тулас әлсіз жүрек,
Қиянга шапқандай ма жастық екпін?!

Адамда ес қалама абыржыған,
Жөн еді, азын-аулақ сабыр қылған.
Бел будым, кім болса да көрейін деп,
Жанмын рой, сағыныштан қалжыраған.

Десем де қатып қалдым демім бітіп,
Жүргенім болса да осы көптен күтіп.
Зәре жоқ, кірісімен шошима деп,
Әлі де қимас көңіл үміт түтіп.

Егерде Кербез болса, қайдан білген?
Көрісімен жарым жанды кетер бірден,
Мың бір сақ өте шықты көз алдынан,
Жүрісі суыт болар жедел кірген.

Дем жетпей үйлеуге, құрьыш қалды,
Тырп етпес, жүрекке кім құрьық салды?



Таяп кеп, тірі өлікке шоши қарап,
Қалшиш, қадам баспай тұрып алды.

Сол бір сәт, екі өмір арпағысты,
Көрген соң, өз көзімен болған істі,
Жалт беріп, кете барды тіл қатпастан,
Азғырып, өзі жақтас бар албасты.

Көзде жас, іште атом, алай-түлей,
(Бақытсыз қарғыс атқан жанмын дүлей),
Ең құрса, қолым сау бол, ұстай алсам,
Асылып өлер едім, азап көрмей.

Білмеймін қаншама өксіп жылағаным,
Тұрмақ бол кереуеттен құлағаным,
Өлмек бол асылыпта - жалыныптын,
Қайталап, сол болыпты сұрағаным.

Ақыры, укол алып барып тындым,
Маужырап үйиқтаптын, құрып ындым.
Оянсан денем ауыр, басым мез-зең
Сал Миша, - Қалың қалай - дейді жындым?

Қасымда жатқандардың екеуі орыс,
Тұп-тура қалжынымен сұрагы оқыс,
Үшінші Зуфар-ногай, сөл жымыш,
Ипташ-ау, үйтме дейді, болмас дұрыс?

Үшеудің көңілдісі Миша заржақ,
Сарқылмас анекdotтың, нағыз қылжақ,
Кім білед әлдеқалай ылғи мылаңау,
Іш пысып, өлерме едік онсыз қалсақ.

Сол Миша; Сен немене, сүмдыш бастап,
Қызың, өлмекпісің бізді тастап,
Аяқ-қолды жөндесең қызы өзі келер,
Батырға жарапланған жауды жасаң.

Келген қызың тіпті дағы сұлу емес,
Қарасаң алды тақтай, арты тегеш.

- Ей, екеуің, көргеніңді айтсаңдаршы,
Мұндайда қас жауынгер салар егес.

Батырым, тектен теккे еңірейсің,
Онсыз жоқ, сен бақырға өмір дейсің,
Ал, егер сауығып ап, салдық құрсаң,
Қызық пен шыжық жинап үлгермейсің?

Міне дос, өмір деген келешегің,
Арманда, сылқым-сұлу келінегің,
Ұл-қызың алды-артыңа оратылып,
Күйерсің ыстығына женешенің.

Рас - дейді, екі үндемес, дауыс қосып,
Өйтпесе, тоқтар емес Миша жосып.
Сұрапыл жауын жауып басылғандай,
Жатырмыз сабырлы оймен, түстік тосып...

ҚОШТАСУ ӘН-ЗАРЫ

Тірлікте бұл, таң атса - күн батады,
ауырмаса құр босқа кім жатады?
Қанишама ойламайын десем дағы,
Өксігі көп ішімді, жылатады...

Бұрынғыдай шырқатып ән айтқым кеп,
Өзімше ойдан сөз қосып, жаңартқым кеп,
Мұнлы-зарлы шерімді анық айтып,
Жария қылып кетеді, таратқым кеп.

Айтсам қеудем кеңейп қалатындаі,
Жүректерге сезімтал баратындаі.
Көкке самғап, ақ арман көзге ілінер,
Аққу құстың жайылған қанатындаі.

Қош-демеді-ау ең құрса ант үрган-ай,
(Сонда көңіл орнықты жәй тұрадай).
Ұйқасты ойды әуенмен үйлестіріп,
Толғақты күй кешемін ән туардай...



ҚОШТАСУ ҚҮЙІГІ

(ән-зар)

Зәр иісті госпиталь, аңы қақтай,
оій-хой.

Кескен жерім сыйздайды, жан шыдатпай,
оій дүние-ай.

Көрдің дағы мүгедек, кәріп жанды,
оій-хой,

Кеттің неге ұн-тұңсіз, ашық айтпай,
оій дүние-ай.

Қайырмасы:

Оій-хой, оій дүние-ай,
Оій-хой³

Жүрек қаңқа айырылды-ай,
Көзіл қалып майырылды-ай.
Әдей ізден келдің де,
Кеттің сәулем қайырылмай.

Қол-аяғым сау болса,
Құшақтар ең айырылмай.
Оій-хой, оій - дүние-ай.

Оій-хой жалған-жалған-ай
Оққа үшін арман-ай.
Оій-хой, оій - дүние-ай.

Бала қыран ішінде сұңқары едім,
Ән мен жырға сал-сері, сұлтан едім.
Жастық шақтың от лебі сездірменгі-ай,
Көрсекзызар, әсемпаз жалтаң ба едің³

Жан дауасы, дәреуім бір сен едің,
Көзіл сұраң, ең құрса кірсең едің.
Жүрек жылаң, омырау қан-қан болды,
Өксігімді баса алмай кемсөндедім.

Сүй демеймін жарымжан мүгедекті,
Қинай алмаң салмаң сап, мұлдем тіпті.

Кү жалғанға, лағанат соғысқа айтам,
Екі аяқты табарсың бір тентекті.

Қайран А нам, өтер-ау зар илеумен,
Осы болды-ау қайғы зар жар сүймеуден.
Болған іске лажсыз мойын ұсынам,
Мендей Мұндың дүниеде бар ма деumen?!

...Құрастырып осы әнді, шерді төктім,
Арасына сыймастай жер мен көктің,
Палатаға арқаның самалы есіп,
Сол болды ма дәруі, ет-жүректің.

Қайта-қайта айтамын көзді бұлап,
Ашылғандай сарқылмас көзді бұлақ.
Екі бетті ыстық жас жуып-шайып,
Ән тугандай тыңдаса есті құлақ.

АУЫЛ КЕЛДІ...

Таң шолпаны жанранда көрікті аспан,
Қарандылық ыдырап өре қашқан.
Күндіз-түні сарылып жатқан адам,
Таң арайын көргенде көңілі тасқан.

Ылғи мертік, шандулы жатқан жүкпіз,
Ерменіміз мойымас - Наташа қыз,
Таңмен қоса ататын әзілкештер,
Госпитальдың «әтеші» атандық біз.

...Сестра қыз асырыс, кіріп келіп,
Палатаны тәртілтеп, жиып-теріп,
Ең үлкені доктордың (әзіл қосып),
- Кетпек дейді, аяқ-қол, жамап беріп.

Айтылсада әзілмен ойға қонды,
Аяқса-аяқ жағаса, қолға-қолды,
Қырықтың бірі қыдыр, кім біледі,
Неде болса келгені оңды болды.

Деп, ой түйіп болғанша «алқа» жеткен,
Үйірліді маган кеп салған беттен,
Бас хируг тәпшітеп түсіндірді,
Қол-аяқтың жағдайын арман еткен.

Төртеумізді қарады түбегейлі,
(Палатаны біз жатқан «түрме» дейді)
Жүре аямайтын бейбақтар, қайда бармақ,
Болмаса екен қайырысыз түбі үрейлі?

Рұламалар көрді де кете барды,
Не шешті екен деген ой, шеке жарды,
Дейді білгіш Мишамыз, қазір олар,
Ақыл қосып, жасайды «ғажаптарды».

Әмсес, солай болса деп тілеуліміз,
Жаманатқа қимаймыз біреуді біз,
Жата-жата жамбаста тесілді гой,
Қашан шіркін, зыр қағып жүгіреміз?

Әркім әлек, қияли бір қиян кезіп,
Күтпеген жәй боларын жүрек сезіп,
Есік жаққа қараймын қайта-қайта,
Жалғыз өзім жатқандай елегізіп.

Көп күттірмей есікті айшара ашып,
Асыл анам келеді байқап басып,
Көрді дағы шандулы жатқан ұлын,
Дауыс қойып бас салды, жылап-жасып.

Менде әпкемді көрген соң еңіредім,
Төңкерілді айнала төңірегім.
Өзегімде өртөнді жан шадыман,
Келгеннен соң саялы бәйтерегім.

Екі мұндақ жыладық қоймай-қоймай,
Аймалайды бетімнен анам тоймай,
Қол-аяғың жетілер уайым жеме,
Кеш келдім деп, өкінер хабар болмай

Коса кірген Ақылкан, жақын келіп,
Сабыр сұрап шешейден, сәлем беріп,

- Жылай берме, жасытпа баланы да,
Сенбейсің бе, тірлігін көзben көріп.

Жылап-сықтап басылдық, тілге келіп,
Тірлігіме сенбестей көзben көріп,
Елер емес қол-аяқты ештеңе етпес,
Кетед дейді - сауырып, ертең жүріп.

Байыр деген біреуден хат алыпты,
Бөтен сөзге сумақай қақалыпты,
Завфермамен «біздің қар» ашына бол,
Билігі бар қарын мен сақал ұтты.

Тас бақага түсінде жолырыпты,
Оны көрші кемпірге жорытыпты.
Бүкіл елді «әлгі қар» дүрліктіріп,
Қол-аяқтан жүрдай деп қорқытыпты.

Бәрін сезіп, жатырмын енді біліп,
Бір жүйесін тапқандай ендігі ілік.
Байыр бәрін хат жазып, айтқан болды,
Баянсызың қыын ғой - көніл тілік.

Қал-жағдайын ауылдың білдім анық,
Шаруақордай байыпты - көзі қанық.
Адам күші колхоздың жетпеген соң,
Жұмыстапты жұмысты, өліп-талып.

Айтылмаған әңгіме жоқтың қасы,
Сіре сырдың анық қой сақталмасы,
Келіп-келіп, аяғында мен туралы,
Не істетүге, тірелді аттың басы?

Жауабы жоқ, осы сәт қыын болды,
Бір бағыттан шығу ғой, қосып жолды.
Екі көзін шешейде алар емес,
Ақыжан қарт шешімі тосын болды;

- «Жарақаты жазылсын, дені айырып,
Амандағын кетейік, көзайым қып.
Тағы да әлі келеміз, сонда айттар,
Дәрігер бар, өзі бар, бір жай қылыш».



Мен жатырмын айтарға сөз таба алмай,
 Қиын жағдай, құтылам неден, қалай?
 - Эпке деймін, әлі де емделейін,
 Жазылған соң көрерміз барлық жара-ай.

Ал, енді барыңыз деп асықтырам,
 Сезді білем жатқанын жасын қыран,
 Құңып-сүйіп, көзіне ерік беріп,
 Хош деді, бір Аллага, нақ тапсырам!

БАЙЫРДЫҢ ХАТЫ

...Үйкым қанып ояндым өртөнінде,
 Ой-хой құндер, өтпелі өртегіме?
 Баста тұман сейіліп, денем жеңіл,
 Жүргендеймін періште жетегінде.

Бүгін мұлде айтусыз басқа адаммын,
 Ештеңеден демеймін жасқанамын.
 Бүтінделіп қол-аяқ кеткендей-ақ,
 Өзімді еркін сезініп, басқарамын.

Асқа ерекше тәбетім шабатындаі,
 Кесік біткен кенеліп қалатындаі,
 Қотерілкі көңілім, сөзім анық,
 Аяқ-қолды бүтіндең алатаңдаі.

Доқторымда қараған іреніш жоқ,
 Тұтандандай кеудемде өмірлі шоқ.
 Не құдірет бар еken аналарда,
 Қайта туып жатырмын - көңілім тоқ.

Өткен жайлар пара-пар көрген түске,
 Қын мерзімі жеткенде шаңқай түске,
 Кезекші қызы жұтынып хат әкелді,
 - Биле дейді, келмейтін біздің күшке...

- Жазылайын, қундіз-түн билеп жүрем,
 Өсем қызды өзіңдей сүйреп жүрем,
 Шыдамымды тауыспай, анып оқы,
 Өтеш болып шақырып, ит бол үрем?!



Қобалжу бар бойымда білінбеген,
Ой түбінде үміт жүр түзілмеген.
Оқы десем бейбаққа, жазылыпты,
Қасиетті қазақтың тіліменен.

Хатты жазған майдан дос, Байыр екен,
Өлең сөзге ыңғайлы шайыр екен,
Келді ме деп сұранты, Кербез қызды,
Айттаймын деп батырым, жария еткен.

Түсінемін, қоштаймын достық ізден,
Айыштаудан аулақпын бостығы деп.
Айғақ болар шындық қой түбінде бір,
Бас қатырар жайларды қости тездеп.

Хат алғаны Кербездің - рас енді,
Бәрін ашық жазғандай құрдас тегі,
Өз ойында ортага салған шығар,
Білмей келсе қашықтау тұрмас еді.

Дән ризамын мерзімді хат-хабарға,
Әуре қылып, іздетпей ат шабарға.
Тағдыр солай жазмыштан болып тұрса,
Пенденшілік қаратпас ауқат-арға?!

Әпкем оны «әлгі қар» деп қаралайды,
Тар замага, жағдайға қарамайды.
Нәпсі шіркін, қойсынба албырт шақта,
Тек өкініш, жүректі жаралайды.

Өз жайымның қынын сезінемін,
Қол жетпеске несіне үздігемін.
Оны дағы кінәлап не қылайын,
Берер бәлкім, Алла - екең, біздік емін?!

Күйік болмай, кетсе тек жанға сүйген,
Бар өкініш ауылда, шалға тиген.
Сақал қырқып, қайтеді құтырынбай,
Жалғыз ерекек сол болса, шалбар киген.

Өз көзімен көрген соң күдер үзіп,
Қысқа жілте, күрмеуге келмейді үзік.

Жаңылдырар жалғанда жаңсақ ой көп,
Көз алдыннан өткіздім бәрін тізіп.

Соғыс-өлім! Тасбауыр - атқан адам,
Жер құшады мәңгілік сақтанбаған.
Көз алдыннан кетпейді, оқша қарсы,
Жауынгерлер оқша ушып, аттандадаған!

«Жауды аяған жаралы» - дейді халық,
Тас бауырма соғыста атқан адам?!

ЖЕҢІС! ЖЕҢІС! ЖЕҢІС!

...Арқа жері желпінген мамыр айы,
Жүлдіз кеште, әйнектен жамырайды,
Далаға да шыққын кеп, ауық-ауық,
Пәс көңілде түнжырап, қалжырайды.

Жеңіс күнін күтуде барша халық,
Қажыды ел, көп өлім салмақ салып.
Рейхстагты ойран қып, көзге түртпек,
Жаудың өзін, өзіндегі жаулап алыш.

Дүниені өртеді, қанды күйік,
Болмақ емес өмірде жалғыз биік.
Елін сүйген ерлердің ожданы нар,
Ала алмайды нар шыңды - арсыз күйік.

Радио хабаршы, ататын ақ таңымыз,
Айтатуғын жаңаңыз, ақпарымыз,
Совинформ бюорода - осы біздің,
Құлақ түре тыңдайтын шақтарымыз.

Жеңіс деген мұрат бар, арман мыңты,
Жату қының қуанбай бір қалыпты,
Бізде уралап қоямыз, дауыс қосып,
Естігенде радиодан жаңаңықты.

Інге кіріп бүргу да, «қараша» бүгін,
Көтере алмай қан құйлы жаулалау жүгін.

Берлинге де атой сап барып енді,
Ту тігүте қалыпты санаулы күн!

... 9 мамыр 1945 ж.

Жеңіс! Жеңіс! Жеңіс деп Күн шықты гой,
Қан құйлы жау, у жұтып тұншықты гой
Сол қынгі ерек, қуаныш той естен кетпес,
Талай өлең айттылып, жыр шықты гой.

Менде армансыз басыптын, ой-хой жырга,
Ән қанаты самғапты оймен қырга,
Іштегі шер ән болып ақтарылып,
Қанығыпты ел, мендегі жайсыз сырға.

Сауықыл жүрт болсын ба, дұылданты,
Көпкө дейін қызынып, сұынбапты,
Көшпесе де госпиталь, көшкендей бол,
Түрлі тілде, Жеңіс деп жыр жырлапты.

Әп-сәтте осы әншілік атым шықты,
Көпшілікке ұнапты даусым нақты.
Катюшаны айтқанда қүйтыхытып,
Құлпырышыны мінгендей аргымақты.

Ән салдырмай қойсын ба, қайран жарты,
Өзді-өзінен лепірмей қалған ба арты.
Жер тегікілеп аяқтысы биге басып,
Құмарлары қанғанша тайраңданты.

Шерменді адам қалайша толғанbastы,
Екі көзі загиптың толған жасты,
Қуаныштан жыладық өлгенді еске ап,
Ғажайып қой, Жеңіс той - тойға ұласты!!

337

КЕЗДЕСУ...

...Уақыт деген зымыран тоқтау білмес,
Өткен іске өкініш-жоқтау жүрмес.
Жарқырап жаз өтті-ая, жара қалмай,
Қайда барам - сол уайым маза бермес.



Ала жаздай далада тыныстадық,
Денсаулықты бір шама дұрыстадық.
Дәрігерде шыгатын шақты жақын,
Ескертеді: қамқоршы-туысқандық.

Күзде келді сарғайтып жапырақты,
Қырау басып жер бетін жалтыратты.
Әпкемді де аяймын, басым қатты,
Госпитальдан еске алып шығар шақты.

Ауыл барсам жарымжан кімге керек,
Сұлап жатқан кесінді, тірі терек.
Мүгедектер үйіне барсам егер,
Болмайтынын сеземін күтім ерек.

Ой-уайым қажылты, ішім ылаң,
Күзгі ызғырық, бойға енген суық жылан.
Көп отырып аулада тоңып қашын,
Құлап түстім, дегенде енді тұрам.

Тас орындық шетіне басымды үрдым,
Мойынымды тырмысып әзер бұрдым.
Жатар едім сыйатта қанша уақыт,
Келмегенде көмекке әскер құрбым.

Жасырып ем өзімдік жетер мінді,
Сол бір кештен ыстығым көтерілді.
Кезекші қыз дәрігерді ертіп кірді,
Естіген соң мазасыз жөтелімді.

Ертеңінде бас дәрігер өте қатал,
Не істедің деп, ұрысып көріп жатыр,
Күн суықта далада нең бар дейді,
Екі бірдей қабынған өкпең қатар.

Жайына қап, аяқ-қол өкпе емдейміз,
Кім кінәлі, кімге біз, өкпелейміз,
Бүйті берсең ешқашан жазылмайсың,
Терді босқа, сені емдеп төккендейміз!

Ауыруға-ауыру жамап сорладыңыз,
Сізге «режим» ерекше қолданамыз,

Бар еді бір санаторий жолдамамыз,
Бәрі қалды; ертесін қабылдасын,
Кешегі бір фронттан оралған қыз!

Менде үн жоқ, не деймін жаным қайғы,
Бәрін сезіп жатырымын болған жайды.
Бір мен үшін медбике сөгіс алып,
Кінәлі боп, кінасіз жаутаңдайды.

- Еске алсын, әскери тәртіпперін,
Отпен оқты аралас басқан жерін.
Кешірім сұрайын деп оқталып ем,
Тоқтар емес, ызбары бас дәрігерім.

Әрбір сөзі дәлелді, үрыс емес,
Ол айтқандай менікі дұрыс емес,
Ақ қалатты жандарда байқаганым,
Қандай ғажап болмайды бір іс егес.

Ертеңгісі әшейін, жәй сөз шығар,
Азар болса, ем үшін ине сұғар.
Уколмен дәрі ішуден зәтте болған,
Шынымды айтсан қиындау, жайсыз шығар.

Үйқым келмей, үзақ түн мазам кетті,
Көзім жұмсам, тұрлі елес мазақ етті.
Түсімде қалжырап қалғып кетсем,
«Мені алуға қарулы жасақ кепті» -

Мен осынша жалынам, кешірім деп,
Өкпемді ауыртқан өз кесірім деп,
Жасақтарда бүйрүқты орындаушы,
Көнер емес, бол тез деп, әкіреңдеп.

Аяғым жоқ, қалай мен тұрмақшымын,
Бір ожары ұмтылып ұрмақшы шын.
Сол сәтте бір әскери формалы қыз,
- Тоқтат деп, шешіп жатты құлақшынын.

Әктем дауыс қайырды, өр жасақты,
Ылғи дойыр, қайырсыз, көр пасықты».
Аң-таң қалпы ояндым, түсім екен,
Тұла бойым қара су, тер басынты.

Екі өкпемде алқынған қысылған-ау,
Деміккендей дедиген ысып танау,
Жан алғыштар алқымдап келген шақта,
Періштеге тиғен ғой арашалау, -

Деп жоримын тұсімді, өзге іс жоқ,
Процедура күндегі өзгеріс жоқ.
...Ай қалатты үш адам кіріп келді,
Тары да бір көрердей - тексеріс бол.

Келген дәрігер іле зде сөзін бастап,
Бәрімізге сынағыш көзін тастап,
Міне, жаңа сестра қызы, аты Тания,
Көрмекші бір әскери тәртіп жасап.

Деп әзілден күлді де, әрі кетті,
Жайма шуақ сөздерге дәрігер енті.
Тек есіктің естідім жабылғанын,
Құлагымда; әскери мен Тания жетті...

Бас дәрігердің айтуынан, шешім жылдам,
Темір тәртіп болсын деп, кесім қылған
Медбикеміз ақыры кетіп тынды,
Көңілге дақ түсірген кесір-құлдан

Өткен іске болама өкінгенмен,
Оқыс жұмыс болды бұл, төте келген.
Неге соңша бас доктор қатты кетті,
Кім бар дейсің, сұықта жөтелемеген?

Келген қызы, бағана қарамадым,
Ашу қысып, өзімді жазаладым.
Бәрін әбден бұлдіріп алғанин соң,
Кімге өкпелеп, құр бекер сазарамын,

Сонда деймін, медбике жазықсыз ғой,
Ұғылайды басымды мазасыз ой...



Оқыс даусы Жұпардың - таң қалдырды,
- Таня деген, Қадыр-ау, - қазақ қызы рой?!

Ол келгенде бұлданыш, бұрылмадың,
Оның әсем, көрмедің бұрымдарын,
Бас докторда, өте тез алғып кетті,
- Е, жарайды, көрерміз деп, қырынадым.

Осы сәтті күткендей ашылды есік,
Аңсар ауыш, қараймын ынта кесік.
Алғашқыда аңырап, жазғанына,
Өз көзіме сенбеймін - көру несіп!!!

Таня деппін, Таңарай - қуанганинан,
Ұстық дене жай қалып, қүйіп-жанған.
Ол - сабырлы әскери тәртіппенен,
- Жауынгерлер қалай деп, көнділ наған?

- Иә, Қадыржан, білемін жағдайыңды,
Еңкейп кеп, иіскеді маңдайымды,
Ұні құргыр, шықпады жабыстырып,
Ұсып-кеңкен онсызда таңдайымды.

Қуанганинан үзіліп қарай берем,
Таня қыздың жүзінен арай көрем.
Жүргендей-ақ фронгта жып-жинақы,
Есен-аман келгені, қандай ерен!

Қалды сұрап, әдеппен - бәрін көріп,
Дәрі ішкізді, кезекпен укол беріп.
Қолы жылдам, ентілік бұрынғыдай,
Үйлесімін тапқандай, сәнді көрік.

Әр қимылын әдемі, көзben бағып,
Қиялымда тұрақ жоқ, кезген лағып.
Тұла бойым қалышыдан есім шықты,
Бұрын оны көргенде, төзгем нағып?

- «Қазір асқа тәбетті дұрыстаңдар,
Кешікті деп бүгінше ұрыспаңдар,
Бар жұмысты қабылдан, алғып болдым,
Шаруа көп, әл жетсе - құрыш қанар».

Деді де ол, асығыс кете барды,
Дабыра сөз бөлмеде шеке жарды.
Бәрі мені қолға алып, әзілдейді,
Өзі ізден - сүй дейді, келген жарды!

Міне, сұлу қалыңдық, саған лайық,
Өзі келді фронттан құшақ жайып.
Маңдайынды ол сүйгөн, жумайсың деп,
Әзілкештер қалды бір сөзге байып.

9 ПАЛАТА (СЫР)

- Бойға қуат, ішкен дәрі, тәуір құтім,
Дені саудың болады көнді бүтін.
Мезгілі кеп бақытты, шығып жатыр,
Жауынгерлер айығып біртін-біртін.

...Тілтен ерек ықылас, мен дегенде,
Көрген іске, қайтемін сенбегенде,
Көрінгенге жаутаңдаң жатарма едім,
Медбике боп егер ол келмегенде.

Күнинең күнге ұнатам, ынтам құрып,
Құшақтар ем бір сәтке кетсем тұрып,
Айтуға да ауыз бармас, көнділ қалар,
Не демекпін, қой десе, беттен ұрып.

Жарым жанды мұсіркеу шығар бәлкім,
Мүгедекті көргенде аяр әркім,
Солай болса шынымен, өлгенім гой,
Тілінермін, сол сәтте - болса бәкім.

Сүйгөн жүрек, өкпеге соққы болды,
Ашылмақ сыр, айтпақ сөз ішке толды.
Сол бір кеште өзі келіп, қалды біліп,
Майдың қолы, сипады - «жаман» қолды.

Бапиен бастап, сыр тартып жақындасты,
Шақыргандай мәмілеге ақылдасты,
Ия, ең қыныны, әзірше өкпе боп тұр,
Сеніммен дәрі ішпесең, ем қоңbastы?



Жазыласың айтқанды екі етпесең,
Марқаяды жақсы жан жетектесең,
Қайраты мол, ер жігіт батыл келер,
Кім болғаның, қыл үстінде ұбектесең!

Құлдық үрдым, ақылға парасатты,
Жаратқан ғой кемелді - асыл затты!
Өзі ісіне сенімді, Тацарай қызы,
Қос бұрымы төгіліп бара жатты.

Бақыттымда сол тұнгі шек болар ма
Сәті келер әр істің - ем қонарда.
Ұзақ таңға іштей бір әндетеңін,
Көзге ілінер үйқы жоқ - қан сонар ма?

Госпиталда сонау бір жылжымалы,
Өмірге - өлім у шашқан сүр жыланды.
Періштенің пірі болды, арашаши,
Қыылғанда талайдың қыршын жаны.

Тәба, тәуба, Аллаға! Қезіктірген,
Қайта айналып тірлікке кезім кірген.
Қамқоршым ең қарындас, ал бүгінде,
Аяулымсың жүректі сезіндірген.

Кешегі бір сөзінде, түске сайлы,
Әңгіме айтты протезді үшқыш жайлыш.
Аяғы жоқ батырлар көп-ақ екен,
Қиял құсым өмірге құшақ жайды.

Хас шебердің «роботы» ғажап дейді,
Жасанды адам, еңбекқор тажал дейді,
Қай іске де икемді өзі білгіш,
Ала-алмайды екен оны ажал дейді.

Құнде оқып, тоқуы бар біледі көп,
Айдай анық келеді айтқаны дәп.
Өткен жолғы доқтордың ең үлкені,
Депті мені, протезben жүреді деп.

Рас, рас - деді, бекерге құлесің деп,
Қатар жүру қадірін білесің деп.



Биlegenде айналып, көтеріліп,
Қыран құстай шүйіліп, ілесің кеп.

Шыныма екен мұнысы, әзілі ме
Жатыс мынау, тұру жоқ - әзір міне.
Қосылатын шығарымын Құдай қолдан,
Сауықсан соң жүретіндер тізіміне.

Тірлік заңы - арманмен уміт үзбеу,
Қанша қиын болса да көнділ жүдеу.
Оған сене бастадым деген менен,
Бір Алланың қолында жебеп-желеу!

ӘПКЕМ ЖӘНЕ ТАҢАРАЙ

Терезеден сезілер күзгі ызғырық,
Жапырақсыз сал терек, тұзу сырыйқ.
Колхоздың да жұмысы біткен шығар,
Әпкемді аяп, көнділге берем ырың.

Толас болар кезі гой, бар науқаның,
Қолы босар бала-шага, шал-шашаның.
Біреулерге ілесіп, келіп қалар,
Азын-аулақ түйіп ал дән-талқанын.

Ойга түсіп аяйым келмесін деп,
Ұзақ жолда сарылып жүрмесін тек.
Сөйтсе дағы сағынам, келе қалса,
Жол азабын тілеймін көрмесін деп.

Онанда хат жаздырып жіберейін,
Сәлем хатпен көтерсін бір мереін.
Ауылдан да хабар ал сағынышты,
Келер күнді күттуді, әл көрейін.

Деймін дағы кетемін қиян кешіп,
Тербеткендей әлдилеп, арман бесік.
Өзді-өзінен біреуді күткендеймін,
Ауа желпіп, ақырын ашылды есік.

Қарап қашын, аң-таңмын, анам келген,
Мөлтілдейді екі көз, «жапа» көрген,



- Құлышым-ау деген сөз құлағымда,
Құшагында үн-тұңсіз жата бергем...

Сағыныштан булықдан есті жиып,
Менде әпкемді жатырмын құшып-сүйіп.
Таңарай да қалдырып бізді оңаша,
Шығып кетті, жан сырын ішке түйіп.

Болғанин соң әпкемде мауқын басып,
Ұлын көріп, мүгедек жатқан жасып.
Бастап кетті ауылдың әңгімесін,
Алыпты егін орып, астық басып.

Той-тойлауда жеңдік деп, қауым қаулап,
Айқай асқақ, алдық деп жауды жаулап,
«Қара қағаз» әлі де көп келеді екен,
Оралғандар соғыстан азын-аулақ.

Сенің түрің мынау ғой, жауды женғен,
Бір атанаң ұлы едің, ұлыс сенген.
Хат-хабарсыз боздақ көп, үміт артқан,
Жесір қалды талай жас құрбы-женғең.

Қан жоса қып халықты жауды жеңдік,
Осыменен жақсы ғой алсақ теңдік.
Ашаршылық аздықтай, соғыс қырды,
Енді еңбек еш кетпей - болсын елдік!

Бұл қазақтың жер дауы, жесір дауы,
Ел-елдің де осы ғой кесір дауы.
Тынса екен осымен қырғын-сүргін,
Қалың жүрттың жақсы ғой есен-сауы.

Даламызда далиған, ұлан гайыр,
Өтті талай арманда жырау-шайыр.
Корқау қолды, жеміт көз - айналамыз,
Шашыранды халықпаз қара байыр.

Байтабыннан Боқтықөт батыр болған,
Ел арасы тарихта аты қалған
Кенеханмен жорықта бірге болып,
«Қайтпас қара нар» деген атақ алған.

Батырларды қазір кім, еске ап жатыр,
Аруақты сыйламай кеш қап жатыр.
Үлкендерді тірілтіп сұраса гой,
Шежіресін айттар еді -көшкен батыр.

Міне балам іштегі арман-қайғы,
Айтуға да қорқамыз болған жайды.
Жорықтардың атанған жолбарысы,
Ауызға да алмайды Сенжібайды.

Балам саган әшейін айтқаным гой,
Аргы атаңның беті жаудан қайтпаган гой,
Мүгедекпін деп сенде туцілмегін,
Талапты ерді құдірет сақтаган гой».

-Жарайды әпке - деймін мен жарадыңыз,
Тарихтың көп парагын санаудыңыз!
Шешейде күрсініп ап, қолымды алыш,
Жақсы екен деп қояды, манағы қызы.

Менде қоштап, детдомның қызы деймін,
Қанмайданның жеген бір пүт тұзын деймін.
Ата-анасы аштықта, нәубет болып,
Жетім үйде өсіпті сонаң кейін...

- Күн кепшірді, әпкесі - қаласың ба,
Күздің мынау желі ызғар даласында.
Мәндештердің адресі бар ма еді
Бұл қаладан үй тауып барасың ба?

Ауылдастар қол тисе келіп қалар,
Олар келсе табылар үйде барап.
Деп әпкем өзін-мені жұбатады,
Емханаңда орын көп, бір түн қонар.

Дейді шешей өжет бір, әзіл қосып,
Қосылды кеп, Тацарай сөзге тосын.
- Маяқыңызды бассаныз, бір кетейік,
Күтіп жүрмін, қайтар деп сізді тосып.

Корықпа апа, бір түндік боламыз гой,
Біз дағы ауылда өскен баламыз гой.

Аранды аштың ауылды жайпағанина,
Күнде думан еді ғой, даламыз той.

Алды-артына қаратпай ертіп кетті,
Мені Құдай, кемтар қып мертік етті, -
деп кіжініп алдымда, сүйсінемін,
«Қызыда болса, әр іске - ерден епті!»

ӘПКЕМ СӨЗІ

Таңертең әпкем келді көңілі өскен,
Үміттің тұтатқандай отын өшкен.
Айт-үйт жоқ, шөпілдетіп сүйіп жатыр,
Адамдай сағынышты жолды кешкен,

- Құлымынам, қалың қалай тәуірмісің,
Жұмсағай, әл қуатқа Тәңір қүшін?
Басыма үйіп-төгіп ақ батасын,
Шабыггты сездіргендей көңілді ісін.

Шешейдің жүзі нұрлы, өні кірген,
Келгенін жайлы жатып, сездім бірден.
- Кетіпсің әдемі боп дедім - тағы;
Әзілден, сақтасыншы көзбен тілден!

- Ия, балам, оның рас, жұмақ көрдім,
Қалада Таңарайдай шырақ көрдім.
Шайды да қанып ішіп, терлең-тепшіп,
Жантайдым мамығына жайлы төрдің!

Рахаттың қайсы бірін айтсам екен,
Іші қең, тар бөлменің - асқақ екен.
Қонысы қызымыздың пейілге сай,
Шын айтсам, қажет емес басқа мекен.

Сырластың қызымыз бер келінімдей,
Артың деу қиянат қой, кемін білмей.
Көп екен көргені де, айтары да,
Тыңдадым көпке дейін көзімді ілмей.

Мәнелен қызыым құтті анасындаі,
Қалай бір, риза болмай қаласың жай,



Өзімді жуындырып, кірім жуып,
Мың құндік, бір рахатқа қанаасыңба-ай?!

Өзі де мың болыр жан, Құдай берер,
Колпаштап бар періште ұдайы ерер.
Сағанда сын сағатта кезіктірген,
Корғауыш мың бір шілтен періштелең!

Сағынышты ата-анасын, ауыл жақты,
Басыма, құткені аздай жаулық жапты.
Аштықтан өлгендерді көзі көрген,
Есіне ап, жылан та алды, ауыр шақты.

Сенлірді қызыым мені тұрасында,
Айтқаны үғыныңты расында.
Ағаштан аяқ жасар жер бар дейді,
Үйреніп жүресің сен - тұрасын да!

Тұбінде уайымнан түк өнбейді,
Бар малы - қанағаттың түгел дейді,
Хат жазып, бұрынғы өз бас доқторына,
Жауабы дұрыс болса - жүрем дейді.

Кел деген жауап алса алыш бармақ,
Ағаштан әлде басқа аяқ салмақ.
Жасынан көміс болып өскен жан ғой,
Ойы жоқ, сенен жанын аяп қалмақ.

Болдырма болмай жатып, бала қыран,
Тартады тентек тағдыр балағынан.
Отырмын шынымды айтсам үшатындей,
Қуат ап, Таңарайдай қарағымнан.

Ал, балам, тапсырамын Алла жарға!
Шешеңде, қолдан келер амал барма?
Періште қасында жүр, қайран қылар,
Мен сендім, сен де сениң - Таңарайға?!

Ақылды осы бір жан, кемел терең,
Бұйыртса салиқалы келіндер ем.
Бір тұнде қонақ емес, ана болдым,
Мен енді, алаң болмай бара берем!!

КЕЙІНГІ КҮНДЕР

Шешейді ауылдастар алыш кетті,
Салмақты ойға терең салыш кетті.
Шынымен Таңарай жан сүйеме екен,
Анығын, мұсіркеу ме білсем етті.

Зымырап күндер жылжып тоқтар емес,
Әр күннің қайшылығы сотқар-егес...
Мен оны сүйем десем не дер екен,
Мылтығын ататұғын оқтап келмес.

Тұсте бір келгенінде отырғызып,
Әзілдеп - дедім жүрек жатыр қызып,
Ол дағы сезімтал жан, көрсет дейді,
- Жүргегің, аласұрган қандай бұзық?!

- Жарайды; әзіл-шынды түсінемін,
Қоймайың жас жүректің күшіне мін.
Ал, қазір дем ала түр, кештеу келем,
Төтенине операция; кезекшімін?!

Тағы да тоқ етерін айта алмадым,
Ежектеп айтар сөзді қайталадым.
Осылай талай күндер өтпі жатты,
Қалайша ынтың жүрек жай табады?!

...Кешкілік палатада жалғыз жатқам,
Ол келіп, тазалықта жиып жатқан.
Таня - жан, сені дедім жақсы көрем,
Ұяң сөз, болып шықты дабыл қаққан.

Естімеді, себебі - ол қарамады,
Бұл сөзім аяқ асты жарамады.
Екі бет бал-бұл жанып өртенемін,
Бұлдірдім бе достықты арадағы.

Үн түнсіз, бөлме іші тұралады,
Жауапсыз қалды қыын, сұрақ әлі.
Ағасы, мұның қалай, десе өлдім ғой,
Қырысыздық осындаидан құралады.



Тамамдап олда ісін, келді жақын,
(Сөз айтқыш, тірі өлік боп жатыр «ақын»)
- Ақырын айтсаңда мен естімін рой,
Айғайлан, неге сонша айттың жаным?!

Қам жеме, жазылыш ал, қасында мын,
Ешқашан кемтармын деп жасынғағын.
Екеуміз әлі-ақ ертең қол үстасын,
Қаланың аралаймыз жасыл бағын.

Ал, енді, жайлы жатып тынығып ал,
Қанатсыз жас қыраным қызға құмар.
Шығатын госпиталдан уақыт жақын,
Армандаі келер күннің қызығы бар!»

...Сол бір түн, ұзақ Таңға үйшітамадым,
Өрмелеп қия бетке шықты арманым.
Өдім бе, түсім бе бұл, ғажайып жай,
Баянды шын бақытқа құштар жаным.

Аяныш па, махаббат па - қол ұсынтыдан,
Мұндайдың қасың түтел, досың бүккән.
Сезімтал жүргері оның нәзік тілтен,
Көңілдің күн ілгері хошын үққан.

Осы түн ашылғанша, таң арайлан,
Ыңылдан қайталадым Таңарайлан.
Келгендей әсем әниң, сәнді ырғасы,
Жыр құсы көкіректі алған жайлап.

Төгіліп, шабыт бітіп, құйылды өлең,
Көңілді құйылжылтқан құйын көрем.
Ұнамай Тания-жанға қалмасын деп,
Саралап әрбір сөзін, құйып-өрем!!
- сондағы ән.

АРАЙЫМ СЕНСІҢ СӘУЛЕЛІ

Таңулы қос қолым, екі аягым,
Жатырмын тас тағдырдың жеп таяғын.
Бауырын көтере алмас жылан болыш,
Арқаның көре алмастай кең саяғын.

Кайырмасы:

Лайық алау, таң атың,
Жас жүрек тынбас - сагатым.
Арайым сенең - сәулелі,
Түнекті қара жаратын,
Кол-аяқсыз-ақ ұшайын,
Гаңдарай болшы қанатым?!

Қос жанаар тояр ма әсте таңғы нұрға,
Толқытып бөләйтүргиң жанды жырға,
Гаңдарай көнділде өрген күн сәулемсің,
Дем берер, өмірге үміт, жарлы құлға.

Кайырмасы:

Інтызар жас жүректі демен елес,
Махаббат жараны ауыр елер емес,
Кол-аяқ сені ойласам бүтінделер,
Құдырет ғашың болдың неге демес?!

Кайырмасы:

Көз көріп, елжірейді-ау іші-бауырым,
Сезінем мүгедектік - күшті ауыруым.
Бар жайды көре тұра не демекпін,
Көңілге ессіз, әсер етпес еш дауылың?!

Кайырмасы:

Үміттің жібін ұзбей сөз саламын,
Болмаса көз қырын сал, өзге адамың,
Демеу бол, мен бейбаққа “жылан бауыр”
Сауытып ашылар ма тез қадамым.

Ән осылай - болып шықты деді де агай, әңгімесін жалғастырды.

БАҚЫТ ҚҰСЫ ҚОНҒАН КҮН

Ұйқысыз әуенге елтіп таң атырдым,
Өсіпті тіпті ересен сақал-мұртым.



Көкейге көрік беріп ән салдырган,
Пәк сезім - ғайып қүшке таң қап тұрдым.

Тұрып ап елден бұрын мазам кетті,
Іштегі дәрменсіздік мазақ етті.
Дегенмен сақал-мұртты бастырмақ бол,
Ояттым жақын жатқан жас жігітті.

Айнадан көргендеймін арман елес,
Таня-жан қол бұлғайды, жалған емес.
Шыратын осы күнді білем дейді,
Сендерді қабырғаммен, алған кеңес...

Арылдым жайсыз ойдан, таңғы ас келіп,
Ұзатпай ертеңгі, "обход" жалғасты еніп.
Бар жара, жақсы бітіп жазылғанын,
Бас доктор айтты әсерлі, мақтан етіп.

Әрісін, айтты ныңтап ем біткенін,
Бірі артық, бірі тыртық кем біткенін,
Ендігі іс қас шеберлер қолында гой,
Жалғайды енді солар кем кеткенін.

Ал, батыр дұрыстап ал бар қағазың,
Бізге айттар өкпе-тілек барма арызың
Келгені қолымыздан осы болды,
Үйге ме, интернат па қалау назың³

Ақылын бас дәрігердің тыңдай бердім,
Келді бір, іштен налып жылай бергім.
Қынжылдым қолдарынан келмеді-ау деп,
Бар үміт Таня-жанда, Құдай бергін!⁴

Таңарай келем деген... үміттенем,
Уақыт өткен сайын құдіктенем.
Әдейі кешікті ме, не қылам деп,
Әуре бол, өзі мертік жігітпенен.

Жөңкілді ой бұлттары аласұрып,
(Жарым жан демеуі жоқ қалар шіріп),
Алқымға ап қорқау құдік жаныштады,
Сүм үрей екі жеңін алған түріп...



Іш қапа булыптырып түншығамын,
Бомба бол жарылардай түр шыдамым.
Ақ есік айқарыла құшақ жайды,
Бақыт күн төгілдіріп нұр шуағын.

Қуаныш бой қуалап жарысқандай,
Қемейге тіл тығылды жабысқандай.
Енгендे періште қыз, пірдің пірі,
Бар жігіт қарап қалды дыбыстанбай.

Не болран, тілеулі едік, пірді құтіп,
Батырлар жатыр енді демі бітіп.
Еш қайсы жөн сұрауга бата алмады,
Қойғандай әзілкештер тілін жұтып.

Бұл жайға Таня тезден, түсті білем,
- Сендерді жігіт десем, құшті кілең,
Меллийп жатырсыңдар, ал мен мына
Костюмді қайсыңның үстіңе ілем?!

Осы сәт бақыт құсы келді, қонды,
Уда-шу, жігіттерде - деді болды!
Құттықтау, тілек сөздер ағыл-тегіл,
Әп-сәтте палата іші нұрга толды.

Лепірген жауынгерлер шампандастып,
Тынының жеңіс күн деп аспанға атып.
Менде ес жоқ, қуаныштан тұралап қап,
Жатыр ем көз-көзілден жас парлатып.

Таня кеп, кел, түр, - деді киінейік,
Шинельді, етікті алып түйінейік.
Достарды тосып тұрған, үйге барып,
Баршаны тәтті сәтпен сүйіндейік?!

Сипалап қарай бердім жан-жагыма,
Қолымды создым екі балдағыма.
Қосағым періште жан күмәнім жоқ,
Алла жар деп сенемін ардағыма.

Кішкене палатаның іші думан,
Госпиталь көріктенді құлқі-дудан.



Медбике, дәрігерлер, бәрі де әбгер,
Құттықтаң, құтты аяқ деп, жолды жуған.

Жар болу мүгедекке, батыл күш деп,
Дәстүрлі жауынгерлік жатыр іш деп,
Қаумалап госпиталь боп шықты аулара,
Тосып түр жедел жәрдем моторы істеп.

Ал, менде шынымды айтсам, ес жоқ - жан бар,
Көрінді рабайсыз киген шалбар.
Сүйеніп балдағыма автоматтай,
Қысамын, жүдеу қолда қаниша қал бар.

Машина жөнеп берді ала қашып,
Отырмын домаланған жанды қашың.
Таңарай ұстан алған қолтығымнан,
Қысады жіберместей жарды ғашың.

Тоқтады, алдына кеп қызыл барақ,
Бір қабат болғанымен ұзын бірақ.
Хабардар көршілер-ау қарсы алыш түр,
Жеткізген жедел хат па, ұзын құлақ!

Қорсыныш өзді-өзімнен қымсынамын,
Шығардай ішегі шер тыласым әнім
Тұсуге көмектескен көрші-қолаң,
Аяйды: құттықтайды, құрсын бәрі.

Қайнайды іп қазандай жоқ дәрменім,
(Кім білед, кемісткенді боқтар ма едім)
Бұл құрмет, Таңарайды құрметтеу гой,
Дедім де, ризамын, тоқтамға ендім.

Отырган мен бір жанды экспонат,
Армансыз аяқтылар ұшып-қонаң.
Екі-үш тос ішілген соғ көніл өрлең,
Бітірді қүйқылжыған әнге қанат.

Шырқадық Катиушаны - ән төресі,
Жайылды көп қоштаумен кенде өресі.
Елтіген бой балбыран, тоят ташай,
Керілді тар бөлменің керегесі.



Шылымнан үйдің іші тұтінденіп,
Қол-аяқ кетті білем бұтінденіп.
Менің де ән қайнарым буырқанып,
Дауысым шықса керек, “тұндік” керіп.

Құмары жастық шақтың ойын-сауық,
Ләззат қой, ойнан-күлгөн жолын тауып.
Жұмыстың тәртібіне көнген халық,
Тарқады қимай-қимай түн бір ауып.

Тарқады ел ақ тілеулі, бала-шаға,
Тойған ба сері көңіл тамашаға.
Таңарай жиыстырып үйдің ішін,
Толқиды жан-дүнием оңашаға...

Тыныштық ойға қамап тұншығамын,
Жар құшпақ сезгендеймін жан шыдамын...
Тесекті төр алдына жайғап келіп, -
Ишарат, сезілді әдеп “жүрші жаным”!

Ынтызар ғашық жүрек жетеледі,
Айтуға сол сәтті сөз жетер ме еді.
Тән балқыш, құр сүлдерің қалған тұнді,
Тұсіндің. Айтпасам да жетер енді.

АРМАН МЕН АРПАЛЫС

Жар сую шексіз бақыт жарым жанға,
Шаттықтан іңкәр жүрек жарылған ба
Қаяусыз жасқа тәлім үмітпенен,
Қол создық қызығы мол армандарға.

Софыстан мүгедектік, үй-күй алып,
Емделіп, жүрмес үшін кейін налып,
Барынша қол-аяқты жетілдіріп,
Ауылда тұрмақ болдық елге барып.

Жан-жарым сертке берік - жүргізем деп,
Салдардай қас жүйрікке мінізэм деп,
Военкомат арқылы сұрау салды,
Қатарға қосамын деп, тез-тез емдең.



- Таң қалдым нәзік жанның қайратына,
Кезікті талай топас “айбатына”
Сонда да алған беттен қайтқан емес,
Арыз ап бара берді қайыра атына.

Жылады қапаланып кей күндері,
Сәтті құн адымдады кейде ілгері.
Сілтеген бірден-бірге қоғамымыз,
Адам үғыш болмайтын кердің кері.

Дейтін еді қалған құні қайран көніл,
Арыз қой, бұл жалғаннан майдан жеңіл.
Бетпе-бет тіреккенде өлім-өмір,
Арапашы ақылың-қайлан тең біл.

Жұдettі күндізгі ісі - тұнгі кезек,
Қайран жоқ қолғабысса жүрек сезед,
Қаншама қажыса да мойымады,
Қан кешкен жауынгерлер келер өжет.

Қалмады ол аттамаган табалдырық,
(Мұратқа жеткізеді табандылық.)
Сарсаңнан жүдесе де дем алмады,
Берілмей-аяныңқа, маған да ырық.

- “Бір пасың бастық сымас “майдан көрген”,
Ол мәңгүрт жер үстіне қайдан келген?
Пирылы ауызға алмас, жаман екен,
Көңілдес бол деп оған, борын езген.

Қу екен жағы тантық, көрсе қызаар,
Дейме екен мені жүрген көргенсіз қар.
“Парткомға шағым жазып барам” деп ем,
Жым болды. “Не болдым деп жүрген шығар”.

Сол иттің, бұл не қылған басынғаны,
Ми емес, ботқа шығар басындағы, -
деп алғып, жылады-ай кеп, іші күйіп,
Өксітін көпке дейін баса алмады.

Жүрді ойда неше күндей тұнжыраумен,
Буындыра ұстагандай қыл бұраумен.

Бірдеме дейін десем өкпелер деп,
Мен жұрдім өз жанымды бұрылаумен.

Кіжінем, сау болса деп қол-аяғым,
Басына төңкөрер ем ит аяғын.
Автомат берсе қолға көрсетер ем,
Келгендай ондай сәтте кімді аяғың.

МОИСЕЕВТІҢ ЖАУАП ХАТЫ

Сол күні сәрсенбі еді, әлі есімде,
(Тәңірден болmas істі көресінде)
Таңарай шәй қайнатып жатыр еді,
Қылы ойдаң мен отыргам елесінде.

Сенектің тықылыша елең еттік,
Көршіме, кісі көп қой келім-кетік.
Бұл кім әй, дегенимше ашылды есік,
Пошташы қызы екенін көрдім жетік.

Хат екен, майдандағы бастығынан,
Конвертті тез жұлмалап, ашты жылдам.
Қуанын Моисеевтің жауабына,
Оқыды; дауысы бастығырылған.

Қам көңіл аршылғандай көп күдіктен,
Мәз болдың, жауап хат ап көптен күткен
Полковник Моисеевтің шақыруы -
Тірліктің өрілгені гүл-ұмітпен.

- Депті ол; Военкомат сұрау салсын,
Құжаттар ең қажетті расталсын,
Ем-домның қарточкасын, көшірмесін
Күәліктің мүгедектік қоса салсын.

Қолымнан келгенінше көмек берем,
Жарымжан мүгедекті - бөбек дер ем.
Қисынсыз қызы істі қолға алыпсың,
Мөлшерсіз үлкен жүрек керек дер ем.

Сенемін; сен әрине сондай жансың,
Шегініс жоқ майданда қорған жансың.



Батырың таңдалап сүйген тез айығын,
Даланың дұлдұліндегі жорғаласын.

Таня жан! Кеудені оққа төсейікте,
Майдандас дос үшін от көсейік те, -
Серт қойып, кірісейік-хабарлап тұр,
Сәлеммен - медгенерал - Моисеевке?!

Ленинград қаласы.

Хат бітті, қуанышта шек болмады,
Көздерге жас толтырды жан толғағы.
Жақсының жаны бөлек - бәрінен де,
Таныстың қандай жақсы бар болғаны!

Бала мәз; құшақтастық құшып-сүйіп,
Ұшатын болдың дейді, құсым бік,
Қуаныш құрсағымда жалғасымыз,
Тарпиды - көз ілеспес үшкір киік!

Деді де әзер тұрды, толғақ қысқан,
Әп-сәтте дөңгелетті сол жақ тұстан.
Іргені балдағынен дүңкілдеттім,
Сезімтал көрші келді, құс бол үшқан.

Ілеңде көрші әйелдер хабарласып,
Таняра кеңес қып жүр қауымдастып.
- Кеңейтіп тар құрсақты - дейді ана бол,
Иіскеісің сәбініңді мауқың басып.

Көметін көршілердің айтын болмас,
Бінтымақ туыстыған, жақын жолдас.
Ғаламға сәби даусы келген шақта,
Көймің қуанышқа қайтып толмас.

Ұзартса ғұмырыңды жан асылтай,
Толқымай қалай сол сәт қаласың жай.
Мәз-майрам көрші-қолаң, дәрігер қаумы,
Барлығы бір шаңырақ баласындей.

Өмірдің бір қызығы - бала дескен,
Қуаныш үринақ сую, шыға ма естен.
Көршілер ас көтерді, ошақ асып,
Ұлы той-шілдехана, арман кешкен...

Қалжага сойылған қой, тойдың басы,
Өрге қарай домалады, думан тасы.
Ән салып, ел даурығып алған шақ қой,
Сәбиге ат қоймақшы кәрі-жасы.

Көпшілік ат қояйық, келіс дейді,
Біреуі; Батыр болсын, Женіс - дейді.
Енді бірі, Еламан, Амандық деп,
Әр қайсы атқойғыш-ақ... келіспейді.

Үлкені дәрігерлердің Нөсербай-ды,
Емшіміз іштей сезген, кешкен жайды,
- Ер аман болса деді, елде аман,
Ераман -деп атайық кішкентайды?!

Тұсінді, тоқтады жүрт анық ойды,
Десті де, бөбек тойы - ұлы тойды,
Көтеріп “зәмзәм” суды ғұмыр үшін, -
Ераман жігіт үшін, алып қойды.

Дәстүрлі шілдехана бір түн ауып,
Таң ата жұлдыздарды сәуле жауып,
Тарқады тойшыл халық үйді-үйіне,
Тамам бол, мәресіне жеткен сауық!

ҚҮЙКІ ТІРЛІК...

(Эмма апай)

Таңарай таңмен атып, күнмен батты,
Жас сәби, мүгедек бай қалжыратты.
Сонда да шаршағанын сездермеді,
Күреске жааралған жан мархабатты.

- Қиналдың, қажыдың деп, сөз бастадым,
Сөйттім де аянышты көз тастадым.
- Тәйір-ай, екі солдат жүк болышпа, -
деді де, ол бастады өз дастанын.

- Сен, өзің ұмыттың ба, Таня қызды,
Майданды түсір еске, панаңызды,
Ұрыстан сүйреп шығып, емдең ем гой,
Түнімен үйқы көрмей жараңызды.



Так вот что! Молчать солдат, сөз болмасын,
Сүйген жар, ауырсынбас өз жолдасын.
Ербатыр бауыр етім, бал бөбегім,
Артық сөз, көңілге ауыр қозғалмасын?!!

- Осылай жапты ауызды майдандасым,
Берген соң, төте бүйрық... қайлаң қалсын.
Жарқын жүз, ашық көңіл еміренсе,
Жаныңыз қалай рана жайлансасын.

...Еңбектің қатал заңы тақымдады,
Танияға тықыры таяң жақындады.
Тағы өзі дұрыс шешім тауып келді,
Келісіп Эмма апаймен жақындағы.

Таң қалдым алғашқы рет көргенде анық,
Сейлесе қазақшага өте жатық.
Неміспен соғысқандық болар бәлкім,
Қарадым күмәнданып, көзben атып.

Алғаш-та қатты кеттім, қара басып,
Үйлесіп кеттік кейін бауыр басып.
Бір барақ, ауыл-үйдегі гүмыр кештік,
Ұстықпек сұық жайда қауымдасып.

Орта жасты - Эмма апай алқымдаған,
Көрінді жан дүниесі жарқын маған.
Кімұлы өте ширақ, тындырымды,
Қайрат-күш бойында тың сарқылмаған

Бабасы Еділ жайды мекендепті,
Патша Петр келгендерін жек көрмепті.
Еңбекшор тұмисынан осы халық,
Игеріп тың қонысты жер өндепті.

Еңбектің жемісін жеп, шалқыш тасқан
Салтанат, әдепт-ғұрып қалыптасқан.
Қызы алыш, қызы берісіп, үш ғасырда,
Халықпен жергілікті араласқан.

Соғыстың аты - Соғыс қан жауатын,
Қан сонар емес қой бүл қар жауатын.

Катал кез, жауды аяған жаралы - деп,
Ешкімнің сұрамайтын салауатын.

Қаһарлы бас басшымыз, берген жарлық,
- Немістер көшірілсін жерден барлық!
Отанға опасыздар іретіндегі,
Бұл апай жәбір-жапа көрген мұңдық.

- “Біз бейбақ, не көрмедік деп, бастап алыш,
Іштегі шер-наласын жатқын жанып,
Бір күні ағыл-тегіл мұңын шақты,
Сыр тұнған көшил көзін жасқа малып.

- “Тұн іші, маужыраған ару жалған,
Солдаттар автоматпен қарулаған,
- “Тұр да шық, сапқа тұр”, - деп бүйірады.
Атпақшы қарсыласаң - дәру қалған.

Уда-шу, көше арасы, бала-шага,
Тұн қайран, ойран-топан “тамаша”.
Жан үрей аязды да елтерме,
Сеэген соң, жоқ адамды арашаға.

Айдан кеп, тиеп жатыр бос вагонға,
(Құдайда осындауда қоңтаған ба?)
Осылай құғын болыш кете бардық,
Толтырып ыза-жасты тостағанға.

Ұзамай әшелонға бомба түсіп,
Жаралы, шала жансар суыққа үсіп,
Өлгендерді жерлеуге де мұрша бермей
Жылап-сыңстап кете бардық сасып-ісіп...

Бұл да бір замана ғой қараң қалған,
Тірі жан тірлік етер - қарап қалман.
Он шақты үйлі-баран отбасынан,
Эмма апай ұлы екеуі қалыпты аман.

Суық вагон, жан төзгісіз жүк тиейтін,
Ешкім жоқ жайды біліп, кімсің дейтін.
Иісті елер емес ашыққан жүрт,
Жайда отыр, өз қоң етін кесіп жейтін.

Жұруден бұл поездің тоқтауы көп,
Ызалы ашықдан ел боқтайды кеп.
Ештеңе өнбесе де жалбарынар,
Бейкүнә, бейбақты кім жақтайды деп?!

Киыны балалардың сыйығаны,
Шығардай енді үзіліп шым-шым жаны.
Езілген ана жүрек қоса егілер,
Талықсып ессіз жатыр қысылраны.

Тозақтың отын кештік өлмей жатып,
Шынында бұл азаптан өлген артық.
Аштыққа бір-ер күнгі шыдармыз-ау,
Көбісі келеді әзәр, шөлден қатып.

Өтті гой азап жолы арадағы,
Сүйеу боп, бір-біріне жараганы.
Шахтага жұмысшылар-екшегендे,
Баласын алып қанты Қарағанды.

Анасы жан дәрмен, қалып қалып,
Тасага тырылыпты алыс барып.
Жан-жаққа бөліп-бөліп әкеткенде,
Ілесіп отырыпты сырттай бағып.

Сөйтсе де шатасынты көшелерден,
Оңай ма бөтен жерде көшке ерген.
Кеткениң қай жаққа алып айыра алмай,
Беталды әр көшенні кезе берген.

Кешкілік әлі құрып отырыпты,
Панарап елеңсіздеу қараңғы ықты.
Аяғын қалып кетіп союза керек,
Жұмыстан қайтаңан шахтер шалыныпты.

Кениш шал, бұл кім-ай деп дауыстаған,
Адамдай жұлқылапты “ұры” ұстаган.
Халы жоқ әлі біткен әйел көріп,
Іргеге қайта сүйен дұрыстаған.

Үйинен шақырып кеп бәйбішесін,
Алсын деп, бейтаныс жан жиып есін.



Екеуелеп кіргізіпті үйге жылы -
- Элдендім - дейді бір-ер кесе шай ішкенсін.

“Жаутаңдан қарай берем кемпір-шалға,
Үқсайды шахтер-ата қара нарга.
Қазақша көзіртідей білсем егер -
Айттар ем-ау бар азапты құрбылағра.

Мен мылқау көп отырдым жақ аша алмай
Оларда қарап қояды тамашалай.
Бір уақ, қарт кеңіші жен сұрады,
Тіл қаттым, өзімді-өзім арашалай.

Қысқаша баяндадым өткен жайды,
Ыза-шер саулап ақты қөзден сайлы.
Көнілім қара қазан қарайса да,
Айтпағым көкірек керген өкпем жайлышы.

Үрей бар, ұстап берсе қайтем деген,
Әлім жоқ ауырудай қайта емделген.
Ықылас көрген сәттен сендергендей,
Сонда да, қорқақ жүрек, қатер жеңген...

Сезіндім қарапайым адамдықты,
Өзімде қастерлеуші ем адалдықты.
Естуші ем қонақ жай деп бұл халықты,
Аралас болмаған соң таңғалдыртты.

Ақыры, мен осы үйге мүше болдым,
Апайға тың қол қабыс күште болдым,
Отын-су барақтағы оңай емес,
Талдырды су тасу-ақ кешіке қолды.

Апаймен балалар бол, тіл табыстық,
Куатты аямадым қол қабыстық.
Сабаққа балалардың күні үзарып,
Еркінмін жоқ секілді, жалыныштық.

Сайрадым бір-ер айда қазақшылап,
Мен болдым “тоқал эйел” аспазшы нақ.
Сылтаулап кемпірі жоқ шалдар келіп,
Бабайым - дейді маған «Маржа»-шырақ.



Атандым келген қүннен “неміс қатын”
Өзіме, өзгеге де келісті атым.
Бір қуні шахтер бабай, сұрақ қойды,
Айтың деп, фамилияңды, шың атыңды.

Сұраққа абыржыдым, төтен қойған,
Соққыдай тиіді маган төбемді ойғаң,
Қорқаңтап әзер айттым, ат-жөнімді,
Дірілдеп шықты даусым бөтен ойдан”.

- Артур гой, Гофман болсаң, ұлың аты,
Шахтаның оны білед ұлағаты.
Ол кеше, “стахановшы” атақ алды,
Электр жүйесіне зерек заты.

Сол сәтте Эмма апай жылай берген,
Оныңда сарғайғанын құдай көрген.
- Ия, ия, ата? Ол шынымен мейің балам,
Тезірек айтыңдызы, қалай көрем?

Ұлымен сонан бері тұрады екен,
Бұл бақақ көп ұлтқа болған мекен.
Біздарғы осы көпшен көрші тұрып,
Жүрдік қой құдай жазған жолмен бекем.

Жыр қылыш Эмма апай айтты жайын,
Ағызып көп жылаған көздің майын.
Екі үйге мейірімді ана болып,
Тұрмыстық, кем болмады хал-жағдайым.

Өзінді жаңылдырар сөйле десең,
Әзілді мақал-мәтел сөзге шешен.
“Жақсы да жаттың болмас деген осы -
Камхоршы, асыл ана - неміс шешем!

Дегенмен өз шешемді ойлай берем,
Он бойымды сағынышты толғайды өлең.
Колхоздың қара өгізі - қара кемпір,
Босамай, жұмыс басты. Сонан көрем.

Әйтпесе ендігі бір келер еді,
Немерені Ербатырдай көрер еді.

Әлі де бейхабар-ау жаңалықтан,
Сағыныш - терезеге телміреді...

ҚОС ҚУАНЫШ

Қуаныш өте шығар түс көргендей,
Талапсыз жата берсе іс өнгенбе-ей.
Тания-жан кірісті іске болмайың - деп,
Қаймырып, тау шағылып сес көргендей.

Бейбіт күн тұрмыс үшін майдандастық,
(Бөгеттен қаймықпайтын - қайран жастық)
Пәтер алу қыынның қыны екен,
Көп болды құлқыны кең “арым” бастық.

Әр күнде, тың тосқауыл, қиас сұрақ,
Жиналды анықтама “құнсыз қурақ”
Моншақтай жіпке тізген көп болар ма,
Саутасыз, бюрократ бастықсымақ.

Таняжан хат жазудан жалықпады,
Құқықты адвокаттай анықтады.
Ақыры, ту Мәскеуден жауап келіп,
Исполком, әм военком жалпақтады.

Пәтерді қоймай жүріп алып тындық,
Қайраты, Таңарайдың анық-шындық.
Мені де тез арада жүргізем деп
“Мойымас қындыққа, алыш - мындық”.

Ой тұнған жалықтырды басым қамау,
Бағыма кез келтірген асыл жан-ау.
Жұмысты да жұмыстап, ал кешкілік,
Шын тозақ, үйге келіп масыл қарау.

Қасиетті ұран болған некен саяқ,
Аналар шығар деймін осындай-ақ.
Қажымас сүйсінемін асыл жарға
Шарасыз, қынжыламын сонсоң аяп.

Толассыз күн ауысып паракталған,
Күн түгіл, түн болмады қарап қалған.



Айналған дөңгелектей қолы тимей,
Жүрсе де, хабар күткен жан-жақтардан...

...Тас көше екі жағы ағаш өскен,
Тап-таза ауасы да самал ескен,
Көрінген Қос шоқыдай террикондар,
Елестетіп шығарар ма ауылды естен.

Әпкем де көптен бері келмей қойды,
Сағынып немересін, көрмей тойды, -
деп ойлан, терзеге телміремін,
Тұсім бе, мазасызыбын бөлген ойды.

Сәлден соң қоңырауда сылдырады,
Үміттің жалғанды ма сыңғырлы әні
Үні ашық дауыстады неміс шешем,
- Қайдан жүр сағынған қой бір қыырдағы.

Бір шешем, бір шешемді жетектеген,
(Қаласа әмірі - Тәндір жетет деген)
Аңсатқан анам келіп, құшып жатыр,
Шай қойып, неміс шешем дедектеген.

ШЕШЕЙДІҢ ЖАҢАЛЫҒЫ

...Колхоздар жиын-терін алған мықты,
Аудан боп табысы мол алға шықты.
Қосымша шешейге де ақы тиіп,
Бір торнақ, екі тоқты малданышты.

Жұмысы колхозшылар тыңғылықты,
Тұрмыста дәүлеттеніп оң бұрынғы
Завферма баласына "машина" алыш,
Ауылга ат шаптырып той қылышты.

Көнілі анамыздың шын жоғары,
(Десекте айтатұғын тым акоң әлі)
Әр үйдің сауыны бар, құрт-майы бар,
Аштықтың атың өшкір - жоғалғаны...

Әр сөзі бізді ауылға шақыргандай,
Күрең жұз сеним құшқан жарқын қандай.



Осыны сезді-ау деймін Таңарай да,
Бір ойлы сөз бастады, ақыры аңдай.

- Шешей-ау, дәл біз үшін ауыл қандай,
Ойласам іші-бауырым ауыргандай.
Сай-сала мөлдір бұлақ, бұлдіргенді,
Ауызға дәмі келіп баурағандай.

Самал мен сағым ойнап дала-қыроға,
Тамылжып гүл-бәйнешек малған нұрга.
Жусанның жұпар ісі қолқаңды альп,
Сапырып сары қымызы... салған жыроға.

Құба бел киік өрген, сағым жүзіп,
Замана... көктем гүлдей шағымды үзіп,
Үйінен жетімектер бірақ шықтым,
Боталап жалғай алмай бағымды үзік.

Өкініш көп қой айтсам бәрін тізіп,
Жас ғұмыр өтті жетім көзін сүзіп.
Кеңестің әлі де көп басшысының,
Болмай тұр деп ойлаймын ісі түзік.

Шешей-ау, Қажыржанды жүргізейін,
Қол-аяқты жамап-жасқап дұр туゼйін.
Ал, ауыл сіз айтқандай өркендесе,
Қолға таяқ, астына ат мінгізейін!

Астарсыз нақты сөзге сенген ана,
Жаны бір жай тапқандай жаңа ғана.
- Шіркін-ай, немеремді күнде иіскелеп,
Отырсам, - деді арман қып, рахаттана!

Келіннің ның сөзіне серттей берік,
Марқайыш асыл ана қайтты сеніп.
Маган да іштей маздан, қанат бітті,
Ертең-ақ жүретіндегі аттай желіп!

Кеңейді сенім берік - жан сарайым,
Өмірдің сезгендеймін жаңа райын.
Күн салмай жалықпады барудан да,
Гаусылып табанынан Таңарайым.

Хабарды күте-күте асыққанын,
Көргенде мұң жұтамын жасып жаным.
Шақыру келген күні көрсөніз гой,
Боталап екі көзден жас тамғанын.

Қуаныш, қос өнірді “төңіз” суғып,
Қағазды желбіретті женіс туғып,
Менімен Ербатырды қоса құшып,
Қос бөлмені жіберді тегіс шуғып.

Бар құжат дайын болды, тиіді қолға,
Қам қызып дайын болдық ұлken жолға.
Әзі алды Ербатырды неміс шешем,
Қамқоршы барыңдар деп Петерборга.

Генерал жедел хатиең хабарланды,
Таңарай таң нұрындаі ажарланды.
Майданға тағы аттанып бара атқандай,
Әз күдік сенер-сенебес мазамды алды.

СӘТТІ САПАР

Поездан жедел жәрдем күтіп алды,
Жол меңнат бәрі-бәрі артта қалды.
Қаланы Петр патша салған дейді,
Ашпалы көпірлерді көзім шалды.

Сәулетті госпитальдың гимараты,
Қызыл қыш мәрмәр таспа құйған заты.
Ғажайып қас шеберлер салған мекен,
Алыпты кең көшіні бір қанаты.

Ішіне кеп жайғастық кең ауланың,
Байсалды Таня саспай, мен алаңмын.
Тыныштық әп-сәтте бір орнай қалды,
Біз сейтсек өзі кепті генералдың.

- Товарищ медсержант, - деп, қысып құшты,
Көрінді, ер тұлғалы түсі сұсты.
Где твой богатырь - Мересеев,
А ну-ка покажи деп, - төне түсті.



Менің де қолымды алып, балдақтағы,
Басқара қарап емес жан-жақтағы.
Өн бойымды көзімен шолып өтіп,
Настоящій богатырь деп, - қалжақтады.

Түйін сөз, мамандармен кеңес құрмақ,
Тания да шешім күтіп тура тұрмак.
- Устали от дороги, отдыхайте,
Хош - деді, болмаган соң басқа сұрақ.

Ертесін генералдың соңына ерген,
Келді көл, ақ халатты доктор бірден,
Жазылған бар қағазды қарап шығып,
Тұрғызбай көрді бәрі, жатқан жерден.

Жарақат, қалай болған, не себебі,
Сипайды көп тыртысты, тілдеседі,
Кол-аяқты қайта-қайта үстап көріп,
Өзара кеңеседі... не деседі???

Ақыры бір шешімге келді-ау дейім,
Бас доктор тұжырымдап берді-ау дейім.
Көзімін үңірейген үрей көріп,
- Қорықпа - дейді, жақсы болар кейін.

Докторлар кетті бәрі, Тания да еріп,
Мен емес сияқтымын жалғыз мертік.
Ентең жүр, сықырлатып, сылтып басып,
Жалаған жасанды аяқ, нағыз ер тік!

Қызығам қараймын да, менде солай,
ем қонып жүрер ме екем сәтіне оңай,
деймін де күдіктенем, бірақ сенем,
Жазар деп, докторлардың шебер қолы-ай.

Әлден соң Тания келді жүзі жайран,
Сенімді секемі жоқ, - болмас жайдан.
Докторлар көрсетіпти нақты істерін,
Жасанды қол-аяқты - жойған майдан.

Сол кеште, емші шебер шешімді айтты,
Ұқыпты біз тыңдадың кесім шартты.



Аныңтап барлық жайды білгеннен соң,
Ертесін Таңарайжан елге қайтты.

Шеберлер тұрлі макет жасап-жонды,
Өлшеді әр сүйемін оңды-солды.
Оларда сәтті күні баладай мәз,
Өздері киетіндей сол аяқ-қолды.

Қас шебер саптастырып кигізеді,
Сол қалпы бірнеше күн жүргізеді.
Күніне келіп талай жайды біліп,
Шешкізіп, қайта әлек қып ілгізеді.

...Осылай күндер озды, тұн сағыныш,
Болса да жатқан жерім жаңға тыныш.
Шын айтсам Таняны ойлап Ербатыр мен
Көз ілсем, мазамды алар сағымды-тұс.

Жазса да жұма сайын Таня хатты,
Сағыныш бойға деңдең, жаңға батты.
Жүргенмін төзіп қалай жаңыш кетпей,
Сыйдышып жүрекке от мақаббатты!

Мен оның әр қылышын армандаімын,
Сыңары жоқ аққу бол қалғандаймын.
Саралап бар сұлуды ертегілік,
Тең келер оған теңін таба алмаймын.

Бағыма асып қонған Ақшагала,
Бақ құсын таба алмас бай ақшага да.
Мехнатқа соғыс салған, жібергендей,
Әдейі періштесін хақ-тағала!

Ризамын осы тағдыр-қосағыма,
Бақыт бол енген менің құшагыма.
Шекіз бір мейірбандық болады екен,
Қонды сол үлкен жүрек, құс бағыма!

Тұнімен теңеу тапшай сүйсінемін,
Қас сұлу, асыл жарды білсін елім.
Құмартып Таңарай-лан әнге қоссам,
Сағыныш басылар сәл күрсінгенім...



...Аңды тер, ерен істің жолы болды,
Жасады әдемі аяқ, икем қолды.
Мың алғыс Таңарайга, докторларға,
Тік жүріп, жан сауығып көңіл толды.

Бас доктор Моисеевтің ісі де ерен,
Қажымас, қайратты ер кісі дер ем.
Қолбасшы қиын істе, шешімді адам,
Ғұлама ақыл-ойдың күшін көрем.

Канша айтсам, аздық қылар мың рахметім,
Шын сездім шебер қолмен ой құдышетін.
Бүгінгі гарышқа үшікан қыран-ерлер,
Арттырар ғалымдарға ел құрметін.

Адамиң ой-дүниесі ғажап шексіз,
Еш нәрсе жоқ дейді гой, таза-сепсіз.
Әркімде қиялды ой болғанменен,
Емес-ау табындырған ғалым-тексіз!

Адамда бар құдірет, Тәңір берген,
Жарапған ғұлама да тәуір жерден.
Топырақ құнарлысы - Аналарда,
Ибалы жан-аталық әмірге ерген!

Осы ойым енді менің жолда үласпақ,
Біреудің ой еркіне кім таласпақ.
Госпиталь жол мәзірін әзір етті,
Арманым елге деген, көңіл асқақ!

МОИСЕЕВТІҢ ЖОЛ-ТІЛЕК СӨЗІ

Батырым, жеттің тілек арманыңа,
Жан бітіп, қол-аяқтай ардағыңа.
Шын айтсам, Таня қыздың арқасы гой,
Кездескен марқабатты жар бағыңа.

Қазақтың қызы көрmedім қыздарындей,
Ер жүрек, алма жұзді қызыл нардай.
Ұлы Отан соғысында көрсетті олар,
Үлгісін батырлықтың құс-қырандай.



Шығыстың таңғы сәуле, күн нұрындаій,
Мейірбан, жылы жүзді, жарқын ұдай.
Дос жанды, қарапайым, ұлкен жүрек,
Көзі отты, қара маржан жарқыныңдай.

Нәзіктік, қайсарлығы тұмысынан,
Қажымас, қайраты мол тұрмысынан.
Жауына қабыландай қарсы шығып,
Көмегін аямайды дос-туысынан.

Кан кешті, арпалысты соғыста ұлдай,
Оқ асты одаі емес қимылтың жай.
Мәңгілік қалды аңыз бол әлемге аян,
Ерліктің Элия-Мәншүк символындаі.

Енді елге, бақыт-бақтың оңы қонсын,
Бұл соғыс қасіреттің соңы болсын,
Қадыржан, асыл жармен мұратқа жет,
Таняның қызығалдаққа жолы толсын?!!!
- Поехали, хоң болыңыз, жолың болсын?! -

Деді де генералым, құшты - кетті,
Ойыма, жүрек-бойға үшқын жетті.
Танялап елге қарай үшқым келді,
Махаббат - өмірге өлмес құштар етті!

ЕЛГЕ ОРАЛУ

...Поездан асыл жарым күтіп алды,
Қасында Ербатырдай жігіт бар-ды.
Қауышып табысқан соң, жедел жәрдем,
Көшемен құстай үшып жетіп барды.

Көп адам есік алды у менен шу,
Солдаттай мен Рейхстагқа көтерген ту.
Дәстүрлі асыл анам, шашу шаптты,
Келгендей қол-аяқты періште-қу.

Көппенен патша көзіл, асып-тасқан,
Сипады, Аллаға аян бақыт бастан.
Бөліскен дос-туыспен қуанышты,
Әндептің дүние-жалған, алшаң басқан!

...Ертесін шешей кетті, елге кел деп,
Дәмін тат, ата-қоныс жерге кел деп.
Мен емес, Таңарайдан үәде алып,
Құс көңіл, анам байғұс үшты желден.

Таңарай сертке берік асыл жан гой,
Іске асса, бақытты ол басындары ой.
Кезекті демалысын жылдам алып,
Ауылда ұлан-асыр, жасалды той.

Ауыл той, тайлы-таяқ қалмай келер,
Эн десен, әу дегізбей талмай желер.
Той тарқар шақша таман “завфера” кеп,
- Барма деп, сұрады ойды елге келер?

Құлімжіп жауап таппай қалғандай ек,
Жоқ деуге, аяқ асты қандай дәйек.
Керегі шешейге де осы сәт бол,
Жауапты бізден бұрын үлгерді-ай кеп.

- Қаланың ауасы тар, тұтіні көк,
Жақпайды жаралыға күтімі көп.
Келіннің келем деген үәдесі бар,
Ағасы дүрыс айтты, үгітті деп.

Дұдәмал уәж айттың, көреміз деп,
Ағайын, ел құптаса келеміз деп.
- Қой бағу, қан майданинан қиын емес, -
деді Тания “қос сардарға сеніңіз деп”

Кетерде ақыл қостың, өтті жиын,
(Сенбеген өз құшіне, өте қиын).
Таңарай көптің сөзін түйіндері,
“Бейбіт күн қой бағу деп, болмас бүйым”.

...Үстatty тағдыр осы шопан таяқ,
Ат үсті тым ыңғайлы қолмен аяқ.
Дегенмен бәйбішенің арқасы гой,
Ер сынды кездесетін некен саяқ.

Ол - емсек, ерек үққан малдың жайын,
Еңбекпен есептеген жылмен айын.
Орденді Тания алатын, маған тағып,
Қарызым жар алдында қиямет қайым..!



Әлқисса: Ағай осы жерде ой толғанысын реттеп, маған тесіле қарап, ия өте кеш үқтym деді, мақтанға асып-тосып, атақ құмар екенімді. Өте өкінішті. Аяқ-қолсыз батыр шопан деп, жоғарыдан келген басшыларды, теле-радио, газет журналистерді біздің үйге әкелді. Бәрін дүрыс қарсы алып шығарып салатын тағы Таңарай.

Менікі құр жед сөзбен мақтан. Мен - батыр, депутат, партком мүшесі. Бәрі менмін. Жалған. Мен - Таңарайсыз ешкім емес екенімді үқтym. Кеш үқтym. Қоң ойланып, толғанып, ақыры бәйбішеммен осы жайлы әңгіме қозғадым.

Ол көнбеді. Сен кім, мен кім, екеуміз бір адамбыз. Саған берген орден мен мадақтаулар мен алғандай емес пе? Сен - аға шопансың! Балаларды есіріп, оқытсақ болды емес пе деді. Қазір, жаз айында қойды балалар бағады, күзетеді. Осы сәтті пайдаланып, кеше орталыққа барып, директорға жолықтым. Оған отарды Таңарайдың атына жазып, бүйрүқ беруін етіндім. Ол, отағасы-ау бұныңыз қалай, бәрібір емес пе - деп тұжырым жауабын айтты. Бәрі бір емес деп, мен көнбедім. Мен болмаған соң, партком хатшысын, рабочком бастырын шақырып, үшеуі жабылып үгіт-ақыл айтты. Қөнбедім. Егер Таңарайды бас шопан, мені көмекші деп бүйрүқ бермесеңіздер, онда жоғарғы жаққа арызданамын. Барлық марапаттарды қайтарамын. Эрбірден соң, арыз беріп отарларыңызды тапсырамын дедім. Осылай мінез көрсетіп, бүйрүқ алып келіп отырмын. Оны әлі Таняжанға айтқаным жоқ. Міне, бауырым сен менің ең бақытты күніме келген, барлық мүң-шерімді естіп отырған құтты қонағымысың. Бұғін ішім кеңіп, енді шамам келгенше асыл жарым бар екенін елге, өкіметке мойыннатамын. Менің ендігі арманым осы асыл жарыммен балаларым!

- Ал енді, кішкене көз шырымын алайық. Сен ертең машина жүргізсең, дем ал, - деді ағай, өте бір мейірбандықпен.

...Біз оянсақ асыл женгеміз қойды өріске өргізіп, кенжесін атқа мінгізіп қой бағура жіберіпті. Шай қайнап дайын түр екен. Ертеңгі асты ішіп, жолға жиналдық. Кетерде асыл женгеміз, қайтарда сорып, қымызыз ішіп, сәлем-сауқат ала кетіндер деп етінді. Ағай да солай деп құптады.

...Жолда Қайкен: - Ағаң, сен ізделген әңгімеге жарытты-ау деймін деп әзілдеді.

Ал, менің ойым асыл аналар туралы толраулы еді...

...Тұнгі әңгіме ойға қамап оңаша,
Көзсіз ерлік, сезім, төзім тамаша!
Қарапайым қазақ қызы - дарынды,
Ойлы жүрек, көкірек көз қараса.

Көзім жолда, қолымда руль, ой басқа,
Ғажал ерлік ойландырмай қоймasta.
Дейді қазақ “алтын бесік - ел іші”
Темір қазық, айнымас жар-жолдасқа!

Таңарайдың тағдырына тамсанам,
Маган түссе келмейтіндей таң-шамам.
Періште боп көрінеді ол маган,
Тақаудай өлі жанға - жан салған!

Қыз жүрегі не қыынға төзімді,
Пірдің-пірі қадыр тұтқан сезімді.
Төл тарихтың төркінінен тең ізден,
Ой қопарып, шын қинаймын өзімді.

Шын ғашықтық, серт сезімнен туады,
Сертен таймау, мәрт төзімнен тұрады.
Сезім, төзім қоштамаса деген жөн,
Бәйтерегі махаббаттың құлады.

Ой мен қиял заңғар асып шырқады,
Аннамай көп, дөң-белеспен қырқаны.
Қасиетті аналар гой деп, ой өрем,
Рұхы қолдан, атқан қазақ нұр таң!

Алда өзен, өткел өтпек Нұрадан,
Ой үзілді, тұнгі әңгіме құраган.
Қос қоңыр мен Жібек шоқы көрінді,
Тау бауырлай жол жүгірді бүралаң.

...Тұнгі әңгіме, ой салды қайта ойысын,
Қазақ осы жайлауда қой сойысын,
Думан қылар Арқаны,
ал, өлімде,
Ой, бауырымдан, көрісетін
ат қойысын!



Ана-дарын берген һәм - Тәңір қүшті,
Ел қорғаған қолға алыш әмір-істі,
“Софысу - жауды жену, елге азаттық”
деген ер қызы, қолбасшы Томирис-ті!

Тәңірге аян, елге аян аналардың,
Құрметіне ие болған дана-жардың.
Арманда өткен қызы Жібек, көз жасы қол,
Құсни-Қорлан, Сұлушаш, Саралар-дың!
Ерек ерлік символы Элия-Мәншүк,
Бірегей тәңір жоқ даралардың!!

Ғайып сезім тудырар махаббатты,
Қозыға аян - Баян серт мархабатты.
Қас батырлар ұрандан жауға шапқан,
Рұхы асқақ, анамыз Қарқабат-ты!

...Жау шапқанда тұтқыыл, аңдақсаны,
Халық зары елім-айға алмасты әні.
Үркіншілік ел кетті.., ол қашпапты,
Құрсағында жатқан соң алдыаспаны.

Жапандагы жалғыздың үніде өшер,
Тылсым дүние, бір жан жоқ кіндік кесер.
Өмір-өлім арбасты, толғақ қысып,
Колда қару - әз ана, белдік семсер.

Жебеп-желеп перінште, пана нәби,
Өмірге өшпес жалғасты арман сәби.
Найзагайдай жарқ етіп алмас семсер,
Кесті-батыр кіндігін, анасы - Әби!

Болат семсер жүзінде бір тамшы қан,
Тұн құдіктің түнерген бұлты анылған.
Құдырыеті қүшті Алла, берді өмірге,
Кесек қара, сүйкімді алдамшы жан.

Тәңір берген гажайып бала десек,
Жапан түзде тұган ол, дара кесек.
Қойған аты ананың Болатқожа,
Болмысымен атанған Қаракесек!



...Өз анамда ер текті, Қажы қызы,
Еңбек еткен бел шешпей жазы-қысы.
Ой тербереген жол қысқа, келіп қапныз,
Жазғы жайлай бұлақтың қайнар тұсы.

Тасқа өрмелеп өсіпті қарагайы,
Нұраның да шүрайлы жаға жайы.
Койлы ауылда ерлік жүр қарапайым,
Сезім нұры қанагат - Таңарайы!

Айнымас жар бақытты сүйгеніне,
Елең қылмай маңдайға тигені не.
Ерді ер деп, сыйлаған ізеттілік,
Жеткізер деп, ой түйдім дегенине.

Ел ұранға айналмас Ана тегін,
Таңарайға осындаі бақ тіледім?!
Қол-аяқсыз қуандым ағамыздың,
Тапқанына ғұмырлық нақ тірегін!!!

19.12.81

Карқаралы қаласы.

МАЗМУНЫ

Коңыр төбс - жайлауым	5
Атоминан араша.....	6
Инженер арманы	7
Алғашқы сезімнің тууы	8
Өмірде жоқ ондай жан	8
Қыз бала	9
Кейбіреулөргө наз	9
Құпия сыр	10
Тірі жетім көбейіп түр	11
Жанымның тереңінен сыр ақтардым	12
Бұлықтан сезім	13
Сен менің арман жырым ең	13
Асыл жар	14
Қос қаралыған	15
Қысқа қол	17
Алғашқы қалалық-ай	18
Партиялық этика	19
Пленумда сөз алыш	19
Қыс түсті	20
Құзғі терезе	20
Жусанды дала	21
Алдымызда Бақи бар	22
Кәрі мысық	23
Қара күшік	24
Үндемес	24
Балалық әм даналық	25
Бүкәр баба	26
Өмір өсси	27
Мың қарагай мұды немесе базына	29
...Әттеген	30
Әлқисса (I)	30
Әлқисса (II)	31
Тығырық	32
Ескі үмітті жалғайын	34
Жұмақ жерде	36
Ғұмырнама	36
Туган жер	37
Сардар ұста	38
Бесік	40
Жан дүрсілі басталды	40
Бір бейне	41
...Ішің білсін	42
Махаббат - жастық күйін үк	42
Кеудемде сері жүрек бар	43

Жүрекпен сырласу	44
Өткінші жауын	44
Сен дегендे	45
Сол бір ән	46
Ағаларды еске алу	46
Ақбала әжейге	47
Ұызды қоңстем	48
Жікішлік	49
Атом бомбасын ойлан тапқан ғұламаларға наразылық	50
...Ашыну	51
Жалғыз арша	51
Көп ішінде	54
Далбаса	55
Жеке шумақтар	56
Жағымназ	57
Анық әнгіме	57
Тарт қолынды серіннеден	58
Үшкір тіл	59
Шындық үшін	60
Жекпе-жек сөз	61
Кіл шындықты айласам	62
Тенізіді алғаш көру	64
Тар кезеңмен ақсандағы ой	65
Бұлақты бойлай өрліштегенде	65
Оқырманға	66
Өлеңмен шешім	67
Он жеті де	68
Қара шыбын	69
Қектемнің алғашқы сәті	69
Күміс көлде	70
Ауылды аңсал	71
Тау ішінде	71
Бақталастық	72
Сәтті ашу	73
Сыр	73
Аялдамадағы ару	74
Жетесіз жетсе дегенім	75
Өзім мен өзім	75
Бақ туралы ой	76
Ана тілім (I)	77
Ана тілім (II)	78
Ашынғандагы ашық сөз	79
Ер қазақшыны!	80
Азаттық - ел бақыты	81
Наурызым - жаңа жылым!	82
Қажырган көңіл	83
Ымыртта	84
Сары алтын	84
Жырлы жүрек мазасыз	85

Арман құсы	86
Тексіздік.....	86
Бір қасқага	87
Бюродан соң	87
Аға құшары	88
Абайга табыну	89
Өсірер өсіет	93
Асыл адам	95
Көңіл туралы	96
Ақылдыларға.....	97
Келесіз жайлар...	97
Болдырдың ба әэ жүрек?	98
Шимай емес.....	99
Қу мен Сұмның - ішкі ойы.....	100
Әткен күндер.....	100
Зейнеткер мен бейнестқор әңтімесі	101
Әрт - тілсіз жау	103
Көз жұмғаниша...	104
...Кешегіге жалтастан	105
Кон іздеген.....	106
...Кираптай-ақ өткенді	106
...Мұндаымын.. қамығамын	107
Жас ұлғайды.....	107
Бір басшыға	108
Кею	109
Одаққа наз	110
Замана сирлы.....	111
Қажыдым, қинамашы.....	112
Күн үзарыш келеді.....	113
Домбыра	113
Тілек (I)	114
Тілек (II)	115
 КӨНІЛ КҮЙІ - ӘҮЕҢДЕР	
Жетім қалған Құралай.....	116
Қос қоңыр	117
Жансылтай	118
Дәрі құз	119
Қымбаттым	120
Сен бар дүнне	120
Сөнбе арман жұлдызыым	121
Қалқа бала	122
Келші өзің, айым!	123
 Поэма	
АСЫЛ ЖАР	125

Формат 60x84 1/16. Бумага офсетная. Печать офсетная.
Объем 13,5 и. л. Тираж 1000 экз. Заказ № 469.
Отпечатано в типографии ТОО "Арко", г. Караганда, ул. Ленина, 4.

ӨМІРДЕРЕК

1941 жылы 17 мамырда Қарқаралының Бесоба елді-мекенінің Жібек шоқы баурайында Нұра өзенінің қайнар басында дүниеге келіппін.

Әкей - Жазықбайұлы Сәдуақас ауылдастары, "Сәдімет" деп атайдын.

Шешей - Аманбай-қажы Қызы Бекен, әкей "Ақбаяным" деп атайдын. Бүгінде екеуі дежүмакты іздеп көткен.

1958 жылы Қарқаралыда онжылдықты бітірген жылы, алғашқы "Көктем лебі" деген өлең жазып, "Коммунизм тәңізі" газетінің пошта жәшігіне салып кеттім. Ол өлең басылды. Достардың желеуімен Алматы ауылшаруашылық институтына түсіп, инженер-механик деген мамандық алдым. 4-ші курста оқып жүргендеге комсомол комитетінің жүктеуімен "Урожай" газетін бірінші рет қезақша шығарып, институтта оқытын талантты жастардың өлеңдерін, мақалаларын жарияладым. Қотеген кездесулер үйімдастырдым: академик - Әлкей Марғұлан, партизан жазушы, халық қаһарманы Қасым Қайсенов, ақын Олжас Сүлейменов т.с.с. ғалым жазушылармен... Сол кезде жазылған өлеңдерім "Лениншіл жас" газетінде басылды. Қазақ телестудиясында жас ақындарды шақырып, өткізген кешкे қатыстым. Онда Мұхтар Шаханов, Талеген Айбергенов, Аққүштал Бактыгеревалар болды. Қасиетті Музага қайта оралуым осылай басталды. 1967 жылдан бастап мамандығым бойынша қызметтер атқардым: Ынталы, 1-ші Май кенешарларында, Қарқаралы ауданының бас инженері, кейін ұш ауданның (Егіндібулақ, Талды, Қарқаралы) жер асты сушаруашылық басқарма бастығы болдым. Оナン облыстық басқарма бастығы, кейін сушаруашылық дирекциясынің директоры болып қызмет атқардым.

Қарқаралыда жүргендеге, аудандық, облыстық жазба айтыстарға қатыстым. 1978 жылы "Жалын" баспасы шығарған "Балауса" жас ақындар жинағына суреттіммен екі елецім басылды. 1990 жылы "Дүлөй мен үрей" өлеңдерін мән поэмам белек жинақ болып шықты. 1996 жылдан зейнеткермін. "Самбо" мән қазақша құрестен спорт шеберімін. Журналистер сөдағының мүшесімін. Шығарған әндерім де бар, ел арасында кең тараамаса да, айтылып жүр. Жылым - жылан, тағдырым - торпак тектес. Тәнірдің мандайыма жазғаны осы болар!

